


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

# ҒЫЛЫМ туралы Ұлттық баяндама



НҰР-СҰЛТАН –АЛМАТЫ, 2019

**ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ 2012 ЖЫЛДЫҢ 21 ТАМЫЗЫНДАҒЫ №369  
ЖАРЛЫҒЫ ЖӘНЕ 2015 ЖЫЛДЫҢ 21 МАМЫРЫНДАҒЫ №27 ӨЗГЕРТУЛЕРДЕГІ  
«ЕРЕЖЕЛЕРГЕ» СӘЙКЕС ШЫҒАРЫЛДЫ**

**Редакциялық алқа төрағасы**  
ҚР ҰҒА президенті, академик М.Ж. ЖҰРЫНОВ

**Редакциялық алқа мүшелері:**  
Ж.Ә. Арзықұлов – ҚР ҰҒА академигі, профессор  
Е.Қ. Бейсембетов – ҚР ҰҒА академигі, профессор  
Т.И. Есполов – ҚР ҰҒА академигі, профессор  
Ғ.М. Мұтанов – ҚР ҰҒА академигі, профессор  
Т.О.Балықбаев – ҚР ҰҒА құрметті академигі, профессор

Ғылым туралы Ұлттық баяндама. – Нұр-Сұлтан; Алматы, 2019. – 255 б.

ISBN 9965-25-129-0

2018 жылғы Ғылым туралы Ұлттық баяндама әлемдік және қазақстандық ғылымның жағдайына, даму үрдістері мен перспективаларына, сондай-ақ отандық ғылымның айтарлықтай маңызды жетістіктеріне жасалған талдауларды қамтиды. 2018 жылғы ғылым дамуының негізгі басым бағыттары бойынша мекемелер мен ғалымдардың ғылыми қызметінің нәтижелері ұсынылды.

Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық әлеуеті келесі негізгі көрсеткіштер бойынша қарастырылады: ғылымды қаржыландырудың көлемі мен көздері; ғылыми, ғылыми-техникалық кәсіпорындар мен мекемелер саны, олардың материалды-техникалық базасының жағдайы; ғылыми кадрлар саны мен біліктілігі; орындалған ҒЗТҚЖ көлемі.

ISBN 9965-25-129-0

© «Қазақстан Республикасы Ұлттық  
ғылым академиясы» РҚБ, 2019.

## 1. КІРІСПЕ

### (Ұлттық баяндаманың мақсаты)

Ғылым саласы еліміздің экономикалық және әлеуметтік қорының негізін қалайтын ұлт игілігінің маңызды бөлігі саналады. Ғылыми әлеует негізінен елдің әлемдік қоғамдастықтағы орнын, сыртқы нарықтағы бәсекелестіктің келешегін және оның ішкі мәселелерін шешу мүмкіндіктерін анықтайды.

“Қазақстан-2050” Стратегиясы, “Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары”, “Бес институционалды реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамы” Ұлт жоспары, Қазақстанның Үшінші жаңғыруы және қоғамдық сананы жаңғырту сынды маңызды стратегиялық құжаттарды іске асыру, жедел және сапалы экономикалық өсуді, инновациялық және ғылыми дамуды қажет ететін дамыған 30 елдің қатарына кіру міндеттері төмендегілерді талап етеді:

- елдің ғылыми-зерттеу әлеуетін мобилизациялау, халықаралық деңгейде зерттеулер жүргізу және оларды тәжірибеде кеңірек қолдану;
- ғылыми-зерттеу жүйесін технологиялық жаңартуды белсенді қолдауға бағдарлау.

Қазақстанда мемлекеттің білімге негізделген экономикасын құру мәселелерін шешу үшін мемлекеттік деңгейде жүйелі шаралар қабылдануда. Халықаралық озық тәжірибеге барынша бейімделген ғылымды басқару моделін анықтайтын «Ғылым туралы» заңды одан әрі іске асыру жұмыстары жалғасуда.

Қазақстан Республикасының инновациялық-индустриялық даму стратегиясында 2020 жылға дейін ғылымды қаржыландыру көлемін ІЖӨ-нен 1,0%-ға дейін арттыру жоспарланған. Алайда әлемдік экономикалық дағдарысқа байланысты 2018 жылы ҒЗТКЖ шығындарына ЖІӨ-нен 0,12 % бөлінді.

2015 жылы «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» қабылданған Заң ғылым мен бизнестің арақатынасының жаңа тетіктерін әзірлеуге, ғылыми зерттеулердің нәтижесін арттыруға, оларды іс жүзінде пайдаға асыруға, өндіріске ғылымға негізделген технологияларды енгізуді қамтамасыз етуге және кәсіпкерлік секторды ғылыми жобаларға қатысу үшін ынталандыруға бағытталған.

2018 жылы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (бұдан әрі – ЖҒТК) отырысында мақұлданған 2018-2020 жылдарға арналған ғылымды дамытудың жеті басымдығына сәйкес жүзеге асырылды:

- Табиғи ресурстарды, оның ішінде, су ресурстарын, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкцияларды тиімді пайдалану;
- Энергетика және машина құрастыру;
- Ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыштық технологиялар, жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер;

- Өмір және денсаулық туралы ғылым;
- «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер);
- Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі;
- Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс.

Жыл сайынғы Ұлттық баяндаманың (бұдан әрі – баяндама) мақсаты ғылымның негізгі даму үрдістерінің ахуалын талдау, қазақстандық ғылымның дамуына әсер ететін оң және теріс факторларды анықтау, одан әрі дамыту үшін ұсыныстар әзірлеу және дамытудың басым бағыттарын айқындау болып саналады.

Баяндаманы дайындау Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 21 тамыздағы №369 Жарлығымен бекітілген ғылым жөніндегі жыл сайынғы Ұлттық баяндаманы дайындау Ережелеріне (тиісті өзгерістер енгізіле отырып) және Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңының 8-бабының 3-тармағына сәйкес орындалады.

Конкурстық негізде сарапшы ғалымдардың авторлық құрамы айқындалып, Баяндама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетіне (бұдан әрі – ҚР БҒМ) уақытында ұсынылды.

Баяндамада қазақстандық және әлемдік ғылым дамуының негізгі бағыттары ұсынылады; Республикадағы ғылымның түрлі салаларының жағдайына байланысты егжей-тегжейлі талдаулар жүргізілді, елдегі және әлемдегі ғылым күйіне байланысты салыстырмалы бағалау ұсынылады, елдің индустриялық-инновациялық дамуын ғылыми қамтамасыз ету мақсатында дамуды қажет ететін басым бағыттар айқындалады, қазақстандық ғалымдардың ғылыми жетістіктері, Қазақстан Республикасының институттары мен жоғары оқу орындарының 2018 жылғы ғылыми нәтижелері көрсетілген.

Баяндамада су ресурстары; жаңа материалдар мен технологиялар; баламалы энергетика; физика, нанотехнология; медицина (кардиология, нейрохирургия, онкология және радиология, акушерлік және гинекология, педиатрия, травматология, туберкулез); аграрлық кешеннің тұрақты дамуы және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс сынды ғылыми-технологиялық дамудың басым бағыттары талданды.

2018 жылғы баяндамада төмендегілер қамтылған:

– соңғы 3 жылдағы ғылыми метрикалық талдауды көрсететін Қазақстан ғылымының жалпы сипаттамасы, қазақстандық ғылымның жетістіктерін, оның ең маңызды нәтижелерін, ғалымдардың зерттеу белсенділігінің көрсеткіштерін талдау (жарияланымдар саны, дәйексөз индексі, журналдардың импакт-факторы, патенттік белсенділік);

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия белгілеген Қазақстан ғылымын дамытудың басым бағыттарына сәйкес іргелі және қолданбалы зерттеулердің жүзеге асырылуын талдау;

– ғылыми әлеуеттік жағдайды талдау (ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарының, ғылыммен, білім берумен айналысатын дербес ұйымдардың сапалы құрамы, отандық ғылыми кадрларды даярлау сапасы және шетелдік ғалымдарды тарту);

– жеке сектордан ғылымға қаржы ресурстарын тарту, мемлекеттік бюджет негізінде жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді қаржыландыруды талдау;

– шетелдік және халықаралық ғылыми ұйымдармен ғылыми-техникалық келісімдерді іске асыру нәтижесінде Қазақстан ғылымының жетістіктері мен жаналықтарын, ғылымды дамытудағы әлемдік үрдістерді талдау;

– технологияларды және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру тетіктері арқылы ұлттық инновациялық жүйенің дамуын талдау, ғылым, өнеркәсіп және бизнес-қауымдастық интеграциясы;

– ғылымды және ғылыми-техникалық қызметті басқару жөніндегі салалық уәкілетті органдардың қызметін талдау;

– ұлттық ғылыми жүйені одан әрі дамыту бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар.

Ғылымның басым бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулердің іске асырылуын талдауды (3 бөлім), атап айтқанда, г.-м.ғ.д., ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті Мұхамеджанов Мұрат Әбікенұлы (су ресурстары саласындағы зерттеулер); т.ғ.д. Смағұлов Дәулетхан Ұялыұлы (жаңа материалдар мен технологиялар); т.ғ.д., проф. Мәшеков Серік Әкімұлы (баламалы энергетика); ф.-м.ғ.д., проф. Абдуллин Хабибулла Абдулаұлы (физика, нанотехнология саласындағы зерттеулер); м.ғ.д., проф. Исмаилов Жұмағали Қазыбайұлы (медицина: кардиология, нейрохирургия, онкология және радиология, акушерлік және гинекология, педиатрия, травматология, туберкулез салаларындағы зерттеулер); п.ғ.д. Хан Наталья Николайқызы (педагогика); в.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті Сансызбай Абылай Рысбайұлы (аграрлық кешеннің тұрақты дамуы және ауыл шаруашылық өнімдерінің қауіпсіздігі); т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі Молдабеков Мейірбек Молдабекұлы – Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс басымдығы бойынша (құпиялық белгісі жоқ) сынды ҚР ҰҒА академиктері, корреспондент-мүшелері, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институттарының зертханалары мен еліміздің жоғары оқу орындарының кафедраларында қызмет атқаратын жетекші ғалымдар – ғылым докторлары орындаған. Мамандар ғылымның даму үрдістерін талдауға негізделген тұжырымдар келтіріп, түрлі салалар бойынша ҒЗТКЖ ғылыми-технологиялық дамытуға арналған ұсыныстар берді.

Баяндама үш жылдық цикл бойынша дайындалған, әр басымдық 3 бөлікке бөлінген, ғылыми журналдарда және монографияларда жарияланған жаңа ғылыми жетістіктерді қамту ауқымы кем дегенде 3 жылды қамтиды.

## 2. ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЫ

*(Соңғы 3 жылдағы ғылыми өлшемдік сараптама бойынша қазақстандық ғылымның жетістіктері (маңызды ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет, енгізілген зерттемелер), ғалымдардың зерттеушілік белсенділігі (жарияланым саны, сілтемелік индекс, журналдардың импакт-факторы, патенттік белсенділік).*

Инновация мен технология кез келген елдің экономикалық дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторлары болып саналады. Ғылымның мемлекет экономикасына тигізетін пайдасын бағамдауда жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) қанша бөлігі зерттеулер мен зерттемелерге бөлінетінін анықтау барысында халықтың ғылымға деген сұранысы ғылыми ортаны қалыптастырғанын байқауға болады. Бұл көрсеткіш жыл сайын төмендеп келеді және ғылым саласындағы қызметкерлердің санын қосқанда, ҒЗТКЖ шығындары артса да, ғылымды қажет ететін салаға ЖІӨ-нен бөлінетін қаржы 0,12%-ға төмендеген. Бұл 2014 жылдан бері тіркелген ең төменгі көрсеткіш.

Қазақстан Республикасының ғылыми-технологиялық жағдайын төмендегі мәліметтерді негізге ала отырып, бағамдауға болады.

**Ұйымдар.** 2018 жылы ҒЗТКЖ жүзеге асыру ісімен айналысқан ғылыми ұйымдардың саны 384 бірлікті құрады, оның ішінде бұрынғы 45 академиялық ғылыми-зерттеу институты, Ауыл шаруашылығы министрлігінің 20-ға жуық институты және Денсаулық сақтау министрлігінің 10-ға тарта институты бар. Үш жылдық мерзімде ғылыми-зерттеу ұйымдарының саны тұрақтылыққа ие.

Ғылыми ұйымдардың үштен бірі (39%) кәсіпкерлік сектормен тікелей байланысты, олардың қатарында мекемелер мен кәсіпорындар бар, өндіріспен байланысты кез келген ұйымның негізгі мақсаты сатуға шығаратын тауар мен қызмет түрін өндіру болып есептеледі (2.1-кесте). Есепті кезеңде бұл бағыттағы ұйымдар үлесі жағынан мемлекеттік ұйымдармен салыстырғанда 1,5 есе жоғарылағанын байқауға болады.

Соңғы бес жылда жоғарғы кәсіби білім беру жүйесінде ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру айтарлықтай төмендегені байқалады. 2018 жылы 95 мекеме болса, 2016 жылы ғылыммен 103 мекеме айналысқан.

2.1-кесте. Қызметтік секторы бойынша зерттеу және зерттемелерді жүргізген мекемелердің саны


Жылдар	2014	2015	2016	2017	2018
<b>Барлық мекемелер, бірлік</b>	<b>392</b>	<b>390</b>	<b>383</b>	<b>386</b>	<b>384</b>
соның ішінде:					
мемлекеттік сектор	101	94	100	101	103
жоғары кәсіби білім беру секторы	105	103	103	99	95
кәсіпкерлік сектор	149	154	149	146	149
коммерциялық емес сектор	37	39	31	40	37

*ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметі бойынша*

2018 жылы аз мөлшерде ҒЗЖ-рын жүзеге асырған ұйымдар ретінде коммерциялық емес секторды айтуға болады, оларды заңды тұлғалар мен жеке коммерциялық емес ұйымдар қаржыландырған болатын. 2016-2018 жылдар аралығында аталған ұйымдардың көрсеткіші 31-ден 40-қа дейін жеткен.

**Кадрлық ресурстар.** 2019 жылы ғылыми зерттеу және зерттемелік жұмыстармен 22378 адам айналысты, соның ішінде 17454 маман-зерттеушілер екенін айта кеткен жөн.

Соңғы бес жылдағы көрсеткішке назар аударсақ, ғылым саласындағы кадр саны көңіл көншітпейді. 2018 жылы бұған дейінгі жылмен салыстырғанда ҒЗЖ айналысқандардың саны 297 адамға артқанымен, бұл сан 2014-2016 жылдармен салыстырғанда бұрынғыдай төмен екендігі байқалады (2.1-сурет).



ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметі бойынша

2.1-сурет. Зерттеу және зерттемелермен айналысқан қызметкерлер саны

Ғылым саласындағы кадрлық құрылымға талдау жасағанда бұған дейінгі жылмен салыстырғанда есепті кезеңде жаратылыстану және әлеуметтік ғылым саласындағы зерттеушілер сәйкесінше 298 және 451 адамға артқанын байқауға болады. Ғылымның барлық саласында көбейе бастаған философия докторы мен магистранттар үлесін оң көрсеткіш деп бағалауға болады, бейіні бойынша докторлар жаратылыстану мен әлеуметтік ғылымдардың саласында көбірек кездесетінін ескертіп өткен жөн (2.2-кесте).

2.2.-кесте. Ғылымның түрлі саласындағы жоғары біліктілікке ие мамандардың бөлінісі

адам

Көрсеткіш	Маман-зерттеушілер		Бейінді докторлар		Философия докторы (PhD)		Ғылым докторы		Ғылым кандидаты		Магистр	
	2017	2018	2017	2018	2017	2018	2017	2018	2017	2018	2017	2018
Жаратылыстану ғылымы	4983	5281	117	141	224	318	577	566	1221	1189	1236	1391
Инженерлік зерттемелер және технология	5039	4785	77	57	114	169	383	287	979	829	1004	1037
Медицина ғылымы	1051	1036	47	х	31	х	182	172	327	289	202	219
Ауыл шаруашылығы ғылымы	1942	1847	22	х	38	х	196	х	587	555	412	489
Әлеуметтік ғылым	1440	1891	38	40	88	139	151	176	526	634	375	507
Гуманитарлық ғылым	2750	2614	53	х	94	х	329	х	901	864	759	829

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметі бойынша.

2017-2018 жылдарда Қазақстанда дайындалатын философия докторлары (PhD) мен бейінді докторлардың саны артып келе жатқаны байқалады.

### **Қаржылық ресурс.**

2018 жылы ғылыми зерттеулерге жұмсалған шығындардың 47%-ы (34 млрд. теңге) ғылыми ұйымдардың өз қаражаты есебінен жүзеге асқан, ал мемлекеттің қаржыландыру 45%-ды құрап, қаржы көздерінің 73%-ы іргелі зерттеулерге жұмсалған.

Басқа қаржыландыру көздері, оның ішінде, шетелден бөлінген қаржы көздерін қоса алғанда, үлесі 8%-дан асады (2.3-кесте).

2.3-кесте. ҒЗТКЖ қаржыландыру көздерінің ішкі шығындары

	2014	2015	2016	2017	2018
<i>Негізгі қаржыландыру көздері бойынша ішкі шығындар, млн. теңге</i>					
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>66 347,6</b>	<b>69 302,9</b>	<b>66 600,1</b>	<b>68 884,2</b>	<b>72 224,6</b>
Барлық бюджеттік қаржы, млн. теңге	43 343,5	40 719,1	35 440,5	35 979,9	32 145,7
Өзіндік қаржы көздері, млн. теңге	19 858,3	25 356,6	26 388,8	28 187,6	34 251,0
Түрлі қаржы көздері, млн. теңге	3 145,8	3 227,2	4 770,8	4 717,0	5 827,9
<i>Жалпы шығындардың қаржыландыру үлесі, %</i>					
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>100</b>
Барлық бюджеттік қаржы, млн. теңге	65,3	58,8	53,2	52,2	44,5
Өзіндік қаржы көздері, млн. теңге	29,9	36,6	39,6	40,9	47,4
Түрлі қаржы көздері, млн. теңге	4,7	4,7	7,2	6,8	8,1

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметі бойынша.



Жалпылама статистикалық көрсеткіш ішінде Республикадағы ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің көлемі, соның ішінде аймақтағы ғылымның дамуы бір-бірімен тығыз байланысты қарқындылықтың үлестік көрсеткіштері болады. Олар ҒЗТКЖ шығындарының көлеміне назар аударғанда елімізде ғылыми жұмыспен айналысатын бір қызметкер жалпы халыққа шаққанда 10 мың адамға тең келетінін көреміз (2.4-кесте).

2.4-кесте. 2018 жылығы ҒЗТКЖ даму қарқынының көрсеткіші

Аймақ	Бір қызметкерге шаққандағы ішкі шығындардың есебі, млн. теңге	ҒЗТКЖ айналысқан қызметкер 10 мың адамға шаққанда, экономикадағы қамтылған
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>3,2</b>	<b>20,1</b>
Ақмола	2,3	11
Ақтөбе	2,8	6,9
Алматы	1,2	7,1
Атырау	9,6	13,7
Шығыс Қазақстан	2,3	24,6
Жамбыл	2,6	4,6
Батыс Қазақстан	2,0	12,6
Қарағанды	2,6	16,4
Қостанай	1,4	8,3
Қызылорда	1,4	3,8
Маңғыстау	14,2	19,1
Павлодар	0,5	12,2
Солтүстік Қазақстан	2,5	2,3
Түркістан	1,4	2,3
Нұр-Сұлтан қ.	4,6	46,1
Алматы қ.	2,8	81,1
Шымкент қ.	1,6	16,2

Бір ғылыми қызметкерге шаққанда қомақты қаржы жұмсайтын өңірлер арасында Атырау, Маңғыстау облысы мен Нұр-Сұлтан қаласында ғылымға бөлінетін орташа қаржы көзі 3,2-ге дейін артқан. Осы ретте Атырау мен Маңғыстау облысындағы ғылыми жұмыстардың көпшілігі ғылыми мекемелердің өзіндік қаржы көзінен жүзеге асады. Атырау облысында ғылымға бөлінген мемлекеттік инвестицияның көлемі 2%-ды құраса, Маңғыстау облысында 0,8%-ды қамтыған.

Қалған өңірлерде ғылыммен айналысатын бір қызметкерге жұмсалатын шығындар саны 2,8-ден аспайды.

Ал «ҒЗТКЖ-мен айналысатын қызметкерді 10 мың адамға шаққандағы» негізгі кең тараған индикатор бойынша Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласы және Шығыс Қазақстан мен Қарағанды облысы көш басында тұрғанын байқауға болады. Ал аутсайдерлер ретінде Солтүстік Қазақстан мен Түркістан облысы аталады.

**Ғылыми жобалар мен бағдарламалар байқауы.** 2018 жылы салалық уәкілетті органдар ғылыми зерттеулер жүргізу үшін 6 байқау ұйымдастырды, оның 2 гранттық қаржыландыру болса, қалған 4 бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру болды (2.5-кесте).

2.5-кесте. 2018 жылғы гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру байқауы жайында мәліметтер

№	ҚР уәкілетті салалық органдары	Саны			Жүзеге асыру мерзімі
		Байқаулар	МҒТС өткен өтінімдер	ҰҒК ұсынып, мақұлдап қаржыландыруға жіберілген өтінімдер	
<b>Бағдарламалық– нысаналықаржыландыру</b>					
1	Денсаулық сақтау министрлігі	1	6	1	2018-2020 жж.
2	Ауыл шаруашылығы министрлігі	2	174	42	2018-2020 жж.
4	Мәдениет және спорт министрлігі	1	31	7	2019-2020 жж.
<b>Гранттық қаржыландыру</b>					
5	Қорғаныс министрлігі	1	134	16	2019-2021 жж.
6	Цифрлық даму, қорғаныс және әуе ғарыштық өнеркәсібі министрлігі	1	164	19	2019-2021 жж.
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	<b>6</b>	<b>509</b>	<b>85</b>	

Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамаға уәкілетті салалық органдар жариялаған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға ұйымдар тарапынан 211 өтінім келіп түссе, гранттық қаржыландыруға ұсынылған өтінімдер саны 134-ті құрады. ҰҒК-нің шығарған шешімінің нәтижесінде 35 ғылыми жоба гранттық қаржыландыруға жіберіліп, 50 ғылыми бағдарлама бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға ұсынылды.

### **2.1. Қазақстан ғылымының жетістігіне талдау (ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің маңызды нәтижелері, зерттемелерді ендіру)**

2018 жылы ҰМҒТСО 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша 1 083 аралық ғылыми жобалардың есебін тіркеді, оның 642 ғылыми жобасы қолданбалы, 441 іргелі зерттеулерге жатады.

Бірінші жылдың қорытындысы бойынша ғылыми жобалардан 5784 ғылыми жұмыс және 79 патентке қол жеткізілді. Сонымен қатар 54 авторлық құқық тіркеліп, патент алу үшін 133 өтінім тапсырылған. Осы ретте 89 ғылыми жоба нәтижесінде 145 нұсқа өндіріске енгізілген.

2018 жылы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында Республика аумағында 156 ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама (ҒТБ) жүзеге

асты, оның 128-і салалық, 27-і іргелі және 1-і нысаналы бағытта екенін айта кетуіміз керек.

ҒТБ әкімшілік басқару ісін Республикадағы 7 министрлік жүзеге асырды. Бағдарламалардың көп бөлігін, яғни 96-сын Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ғылым комитеті басқарса, қалған үштен бір бөлігін Ауыл шаруашылығы министрлігі басқарды (2.1.1-кесте).

2.1.1-кесте. 2018 жылы жүзеге асырылған ҒТП-ті министрлік-әкімшілердің бағдарламалық бөлуі

Бағдарлама әкімшісі	Жүзеге асқан бағдарламалар саны	Бағдарлама саны / іске асыру мерзімі
Білім және ғылым министрлігі	96	2014-2018 - 1 2016-2018 - 1 2017-2019 - 1 2018-2020 - 93
Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитеті	3	2018-2020 - 3
Денсаулық сақтау министрлігі	7	2017-2019 - 5 2018-2020 - 2
Инвестиция және даму министрлігі	3	2018-2020
Ауыл шаруашылығы министрлігі	42	2018-2020
Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	1	2018-2020
Энергетика министрлігі	4	2018-2020

2018 жылғы ҒТБ іске асырудың нәтижесінде сақтауға 96 құжат алынып, 99 ғылыми жұмыс өндіріске енгізілді, сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 3191 ғылыми жұмыс жарияланды. Оның 1871 отандық ғылыми басылымдарға жарияланса, 1320 ғылыми жұмыс шетелдің ғылыми басылымдарында жарық көрді.

2018 жылы жүзеге асқан ғылыми бағдарламалар бойынша төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді.

**Педагогика саласында** «Арнаулы білім берудің ғылыми-әдістемесін қамтамасыз ету» (ҚР БҒМ қарасты «Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталығы» жүзеге асырды) бағдарламасы аясында мектепке дейінгі балалар арасында сенсомоторлық даму мәселелерін шешу ісі қарастырылды. Ой-санасы, есту, көру қабілетіне зақым келген мектеп жасындағы балаларға түзетілген педагогикалық жұмыстардың ғылыми-әдістемелік құрылғылары дайындалып, сынақтан өтті, бұл іске балалардың ата-аналары да қатыстырылды.

Материалдар арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, реабилитациялық орталықтардың жұмыс тәжірибесіне енгізілді, бұл ерекше білім беруді қажет ететін балаларға түзету қызметін ұсыну сапасын жақсартуға ықпал етеді, сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру қызметкерлерінің біліктігін атқару жүйесінде және ҚР арнайы білім беру

жүйесі үшін жоғары оқу орындарында кадрларды даярлау жүйесінде қолданылады.

**Ядролық физика саласында** «*НУ-Беркли: Заттың шекті жағдайын стратегиялық зерттеу және 2014-2018 жж. келешегі зор материалдар мен энергия көзін табу*» ҒТБ аяқталды (Назарбаев Университеті), оның мақсаты – плазмалық энергетика, термоядролық синтез, заттың жоғары шектік күйі және жаңа материалдар саласындағы зерттеулер. Ғылыми-зерттеудің нәтижесінде ғалымдар шағын конфигурациялық INURA (Innovative Nazarbayev University's Research Accelerator) деп аталатын үдеткішті толықтай жасап шықты, оның әрбір бөлігі жүйелі түрде мәліметтер жинай алатын мүмкіндікке ие.

Ең төменгі конфигурациялық үдеткіш, сонымен қатар, жоғары қысымды плазма көздеріне эксперимент жасауға да мүмкіндік туғызып, арнайы жүйеде жоғары импульстік коммутаторды синхрондап (газ ұшқындарының заряды), арнайы жүйе қалыптастырады. INURA үдеткішінің қосымша вакуумдық камерасы дайындалды. Диодтық және жоғарғы температуралық камерада жаңа материалдарды өңдеуге болады. Зерттеушілердің айтуынша, жаңа диодтық камерада заттың бөлшектері вакуумдық камерада әрекеттеседі. Әзірленген камера сыртқы көздер арқылы қыздырылып, материалдарды өңдеуде заттың бөлшегін түрлі температурада қыздыра алады (300 °C дейін). Бүгінде INURA үдеткіші Назарбаев Университетіне сәтті орнатылған.

**Энергетика саласында** «*Қазақстанның жанармайлы энергия көздерін әлемдік деңгейге сай пайдалануда сериялық өндірістің негізін қалыптастыру*» (Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы) деген бағдарлама аясында ғалымдар қуаты 5 кВт-қа тең келетін ЖЭС-нің конструкторлық құжатнамасы мен бөлшектері, қалақтарының тәжірибелік нұсқасын дайындап шығарды. Құрылғыны сынақтан өткізгенде оның тұрақты жұмыс істей алатына көз жеткізілді, олар сағатына 3 текше метр су сорып, фермерлер үшін таптырмайтын құрал екенін іс барысында байқатты, шаруалар 2-3 гектар жерді толықтай суландыратын мүмкіндікке ие болатынын, сонымен қатар, 300 бас ірі қарамалға қажетті суды сорып бере алады. Шағын ГЭС-тің жобалық құжатнамасы әзірленіп, тәжірибелік сынақтан сәтті өтті, өндіріс орындарында қолдануға жола аштын арнайы хаттамасын да алған.

Ал «*Қазақстан Республикасындағы сутегі энергетикасын дамытудың технологиясы*» (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті) бағдарламасы аясында синтезделген катодты материалдар өте жоғары температурада ғана қайнатып, YSZ және GDC электролитті материалдармен салыстырғанда шыдамдылығына көз жеткізген. Жұқалығы 1 мм болатын Ni-Al и Ni-Al+10% CGO кеуекті пластина алудың әдістемесі дайындалды. Пленкалар наноөлшемдегі титанмен стронийдің талшықтарына фотокатализатор ретінде пайдаланып, сутегіне өзге сұйықтықтардан айырып «су – органикалық спирт» алуға жол ашатынын көрсетті. Судың малекуласын фотокаталитикалық ажырату арқылы жаңа нанокөпозиттік материалдар

алудың технологиясы әзірленді. Түрлендірілген темір мен кобальттің халькогениді негізінде (FeCoSe және FeCoTe) синтезді кластерлік қосудың балама жолы ашылды. Еуразиялық патент алынды. Зерттеу нәтижелері университеттің оқу процесіне енгізілген.

**Машина құрастыру саласындағы** *«Машина құрастыру саласындағы бөлшектердің тозуын тежейтін инновациялық технология бойынша зерттеу мен зерттемелер жүргізу»* (С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті) бағдарламасы бойынша жұмыс нәтижесінде заттың беткі бөлігін қорғайтын плазмалық ұнтақты жетілдірді. Электролитті-плазмалық ресурс сақтаушы тәсіл және конструкциялық болатты химия-термиялық өндеудің жолдары кеңінен зерттелген. Механика-химиялық әрекеттесуде заттың беткі қабатының тозуын тежейтін (қоспа) ғылыми негізі қалыптасқанын айта кетуіміз керек.

**Химия және химиялық технология, жаңа материалдар өндіру саласында** *«Ғылымды қажетсінетін және ресурс сақтау технологиясы аясында табиғи ортада, синтетикалық шикізаттан және көмірсутек қалдықтарын қайта өңдеуден көпфункционалы материал өндірудің ғылыми зерттемесі»* (Органикалық синтез және көмір химиясы институты) бағдарламасы аясында ультрадыбыстық химия тәсіліне сүйеніп көмірсутек қалдықтарын өңдеу, көмір мен полимер шикізаттарынан жаңа композиттік материал өндіру ісі жолға қойылды. Жаңадан алынған өнімді қолданысқа енгізгенде оның механикалық төзімділігі және химиялық әрекеттерге қарсы беріктігі айтарлықтай артқанын байқауға болады. Қол жеткізген композиттік материалдарды құрылыс, сорбенттер мен тыңайтқыштар дайындауда кеңінен қолдануға болады.

Ал *«Ферроқорытпа саласының шикізаттық базасын әлсізкокусті энергетикалық көмір мен техногендік қалдықтар арқылы кеңейту және көптеген мақсатқа пайдаланатын жаңа материал өндірудің ғылыми-технологиялық негізі»* (Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институты) бағдарламасы бойынша зерттеулер нәтижесінде брикетті көмірді термоөңдеуден өткізіп, аралық кезеңдегі құрылғыда термоқышқылды кокстеудің теориялық қолданстағы негіздемесі дайындалды. Көмірді жартылай кокстеудің сынақтық және тәжірибелік үлгісі жүргізілді. Түтін шығармайтын отын көзін алудың ғылыми есебі мен сынамалық өндеудің технологиялық параметрлерін алу бойынша эксперименттер өткізілген.

Қазақстандық шикізат көздерінің жаңа рецептурасын алу бағытында Күршім кенорының батпағы (3-14%), алюминийі (2-7%) және хромомагнетит кірпіші (48-50%), Кемпірсай кенішінің хромиті (22-43%) зерттелді. Осы құрамдар алдын ала сынақтан өтіп, аталған рецептуралардың тиімділігі анықталды. Ғылыми жұмыс барысында отқа төзімді материалдар жасау үшін жоғары сазды топырақты қосындылар, отқа шыдамды саз, ПА алюминий марок, сұйық әйнек, магнезит немесе магнезитті П-91 ұнтақ және лигно-сульфонат алынған. Дайындалған құрамының бәріне сынақ жүргізіліп, олардың тиімділігіне көз жеткізді.

**Ғарыш саласын зерттеуде** *«Көпмақсатты аэроғарыш жүйесін болжау мониторингтеуді зерттеу, сонымен қатар, соның негізінде табиғи және техногендік төтенше оқиғалар орын алғанда геокеңістік жағдайына қатысты күнібұрын кешенді ақпарат беруді қамтамасыз ету»* бағдарламасы аясында Қазақстанның сейсмикалық белсенді аймақтарының жер қыртысының жай-күйі жайында ғылыми-әдістемелік негізде GPS көмегімен ақпарат беру, дала мен орман алқаптарындағы өртті, су тасқыны мен жауынды бақылау және Каспий теңізіндегі акваторияның мұнай өнімдерімен қаншалықты ластанғанын анықтайтын ғарыштан мониторинг жасау ісі қамтылған.

**Жер сілкінісін болжау саласы** бойынша *«Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы сейсмикалық қауіпті жерлерді кешенді зерттеу, қатты жер сілкінісін күнібұрын анықтау ескерту жүйесін қалыптастыру»* (Сейсмология институты) бағдарламасы шеңберінде Алматының сейсмикалық тұрғыдан қауіпті аудандарының 2018 ж. картасын әзірледі, Сейсмология институты дайындаған әдістеме бойынша сейсмологиялық мәліметтерді жинақтап, Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы жер сілкінісіне қатысты қысқа болжамды әдістеме әзірленді. Ғылыми жұмыстың бірінші кезеңінде ГИС негізінде Алматы облысы аумағындағы тектоникалық жер жарықтарының цифрлы картасы дайындалды және жер жарықтары цифрлық моделі жайында ақпараттарды жинақтау ісі аяқталды. Алматы қаласының оңтүстік-шығыс ауданында жер сілкінісін күнібұрын ескерту жүйесінің (КЕЖ) әдістемелік негіздемесі дайындалып, алдын ала ескерту жүйесі станциясының сызбасы жоспарланған, аталған аймақта 3 бақылау нысанын монтаждау жұмысы толықтай аяқталып, тәжірибеде пайдалану үшін іске қосылды.

Алдын ала болжау мәліметтері дәл уақытында Республикалық директивті органға белгіленген тәртіп бойынша беріліп тұрады.

**Геология саласы бойынша** *«Қазақстан Республикасының минералды-шикізаттық ресурсының орнын толтыру және кеңейтуді ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету»* (Қ.И. Сәтбаев атындағы геологиялық ғылым институты) бағдарламасы бойынша Қазақстандағы пайдалы қазбалардың цифрлық геоақпараттық мәліметтер қоры және оның аумағы жайында бірегей база жасақталды.

**Дәрілік препараттарды** дайындау саласы бойынша *«Тұмау мен өткір респираторлық вирустардың адамға таралуына қарсы диагностикалық, профилактикалық және дәрілік препараттарды әзірлеу және оларды шығарудың технологиясы мен өндірісін қалыптастыру»* (Микробиология және вирусология институты) бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарламаның басты мақсаты тұмау мен ОРВИ-ге қарсы жаңа дәрілік препараттар шығарып, Қазақстан Республикасына сырт елдерден келетін вирусқа қарсы препараттардың мөлшерін төмендету және отандық фармацевтикалық базаны нығайту көзделген болатын. Қазіргі кезеңде тазартылыған флавоноид пен өсімдіктерден алынған тритерпенді сапонинның негізінде тәжірибелік

вирусқа қарсы жаңа препараттар дайындалу үстінде. Ғылыми-зерттеу нәтижесінде алынған талдауларға сүйенсек, жаңа препараттардың токсиндік мөлшері өте төмен және жаңа препараттар дайындау үшін қауіпсіз екенін белгілі болды. Жаңа препараттың тұмаудың А вирусына қарсы белсенді әрекет ететінімен ерекшеленеді. Алдағы уақытта алынған нәтижелерді коммерциялық бағытын дамытып, тұмауға қарсы тамифль және ремантадин сынды жаңа препараттар жасауға мүмкіндік туғызады. Нанокапсулаланған адьюванттың сынықтық сериясы әзірленіп, бұдан басқа оның токсиндік және қауіпсіздік деңгейі тексерілді. Жаңа препараттың ешқандай токсиндік әсері жоқ. Қанның құрамына әсері жоқ, сондай-ақ адам жасушаның потологиялық-морфологиялық құрамына кері әсер етпейтіндігімен ерекшеленген. Бұдан басқа теріге жаққанда да оған кері әсер етпейтіні белгілі болды. Сонымен қатар лейкоцитозға бақылау жасағанда жаңа препараттың иммунобелсенді қасиеті бар екені де анықталғанын айтқан жөн.

*«Жаңа фитопрепарат дайындау және оны фармакологиялық, клиникалық зерттеу»* («Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі) бағдарламасы аясында еліміздегі фармацевтика өндірісіндегі сапалық бақылау әдісін заман талабына сай жетілдіру, отандық дәрілік заттардың жаңа стандарттарын қалыптастыру бағытында көптеген жұмыстар атқарды. Цирсилинеол, артемизетин, арголид, матрикарин, цитизинил, гроссгемин, 7-метоксикумарин, делькозин, анабазинил, арглабин, лаппаконитин сынды дәрілік заттардың нормативтік құжатнамасы дайындалған. Олардың өндірудің тәжірибелік нұсқасы дайындалған. Дәрілік заттарға қатысты жаңадан қалыптасқан отандық стандарттардың негізінде препараттардың сапасын бақылаудың әдістемесі жетіліп, субстанциялар негізі мен дәрілердің дайын пішіні дайындалды.

Ал *«Органикалық заттарды функциялау және оларды кең көлемде тиімді бағытта пайдаланудың жолдары»* (Жаңа химиялық технология және материалдар ғылыми-зерттеу институты) бағдарлама бойынша КМ-1 шифры негізінде стандартталған препарат алынды. Жаңа препараттың токсиндік мөлшерінің өткір және сақталу мерзіміне зерттеу жүргізіліп, нормативтік-технологиялық құжат жобасы әзірленді. Рецепттура және түрлі форма мен көлемде гидрогелдік дәке алудың технологиясы әзірленген. Физика-механикалық көрсеткіші жоғары биодеградациялық полимер пленка алу мүмкін болды. Биомедицина саласындағы өзекті мәселелерді шешетін табиғи гель алудың әдістемесі дайындалған.

**Транспорттық жүйе саласында** *«Заманауи ақпараттық және коммуникациялық технология негізінде Қазақстанға ТМД-ға мүше мемлекеттерден кіретін көліктердің халықаралық транспорттық-транзиттік көлік дәліздерін басқару, аппараттық-бағдарламалық кешінін дайындау»* (Ғарыштық техника және технология институты) бағдарламасы шеңберінде Беларусь, Ресей және Қазақстан аумағындағы халықаралық көлік дәліздерінің ИТС функциясын моделдеу жүйесін қалыптастырып, оны бағдарламалы-математикалық есебі мен әдістемесін қамтамасыз ету көзделген.

**Тамақ өнеркәсібі саласында** қолға алынған бағдарлама аясында «Түйе сүті мен отандық бактериялық ұйымтқы негізінде жаңа сүт өнімдерін алудың технологиясын дайындау (биотикалық йогурт, сүзбе, ірімшік, пастерленген сүт)» («LF Company» ЖШС) зерттеу барысында түйе сүтін пастерлеудің технологиялық схемасы және пастерленген сүтті ұзақ уақытқа сақтаудың ұзақ режимі, қышқыл сүт өнімдерін алудың жаңа технологиясы мен технологиялық схемасы, түйе сүті негізінде жасалған арнайы жаңа тағам өнімдерін өндіріске енгізудің стандарттары дайындалды.

**Көкөніс саласын дамытудағы** «Агротехникалық іс-шаралардың көмегімен жылына 3 рет қарқынды көкөніс өнімін алудың өндірісін қалыптастыру және Түркістан облысының жағдайында ауыл шаруашылығы машиналары мен агрегаттар кешенін дайындау» (М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті) бағдарламасы бойынша ашық топырақта жаңа агротехнология жылына 3 рет көкөніс өнімін алу өндірісінің технологиялық картасын (ультраерте, орташа және кеш) әзірленді. Агротехникалық жұмыстарды жүргізетін машиналар, техникалық нысандар және агрегаттар кешенді түрде сынақтан өткенін айтқан жөн.

**Ветеринария саласында** «Ветеринария саласын дамыту және тағам қауіпсіздігін жетілдіруді ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету» (Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты) бағдарламасы бойынша мал шаруашылығы өнімдерінен алтын тағамдары «өндіру-тұтыну» кезеңіндегі қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету; тамақ қауіпсіздігіне нормативтік мониторинг жүргізу және аталған норматив мәліметтерінің әдістемелік есебін әзірлеу; 2015-2018 жылдардағы қауіпті аурулар бойынша ҚР аймақтарында эпизоотиялық картаны визуалдау, сапалық және сандық көрсеткіштерін жақсарту; мал арасында кездесетін қауіпті аурулар бойынша ветеринарлық-санитарлық шаралады күшейту бойынша жұмыстар жүргізілді. Туберкулин (ППД) препаратының өндірісі қалыптасып, аталған перепаратты мемлекеттік тіркеуден өткізу, өндірістік апробациясы жасақталды, сүтқоректілер мен ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллезге қарсы диагностикалаудың ПЦР тест-жүйесі дайындалды. Препараттарға 3 тіркеу куәлігі, 2 куәлік және ҚР-ның 8 патенті берілді.

## **2.2. Ғалымдардың зерттеу белсенділігінің көрсеткіші**

Ғылымды қажетсінетін жарияланымдарға жасалған талдаулар барысында ғылыми ұжымның, елдің тиімді жұмыс істеп жатқанын анықтауда және келешегі зор бағыттар бойынша зерттеу жүргізудің маңызын анықтау InCites сараптамалық құрылғысы мен Essential Science Indicators рубрикаторы пайдаланылды. Есепті көрсеткіш пен жарияланымдардың санын Web of Science Core Collection (ClarivateAnalytics) мәліметтер базасынан көруге болады.

InCites мәліметінше 2016-2018 жылдары қазақстандық жарияланымдардың саны 8653 бірлікті құрап, соның арқасында әлемдік рейтингте Қазақстан 75 орынға табан тіреген. Сараланған тізімде 200 мемлекет



топтастырылған. Осы ретте Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақтағы (ЕЭО) әріптес ел саналатын Ресей (229 212 құжат) 15 орын, Беларусь (6448 құжат) 81 орын, Армения (3733 құжат) 95 орын, Қырғызстан (844 құжат) 138 орынға жайғасқанын байқауға болады.

Ғылыми жұмыстардың тиімділігін анықтауда елдерді, түрлі бағыттағы ғылыми ұйымдардың жұмыстары және қалыпты орташа сілтемелік көрсеткіші басты назарға алынған. Бұл ғылыми дамуды айқындаудағы аталған өлшемдерді бағалауда ғылыми мақаланың қалыпты ғылымның саласы бойынша сілтемесі және мерзімі, жарияланымның түрі туралы ақпараттар маңызды рөл атқарады.

Қазақстан қалыпты орташа сілтемелік көрсеткіш маңызы бойында 0,84-ке ие болып, 170 орынға орынға табан тіреген. Осы ретте ЕАЭО елдері арасында қалыпты орташа сілтемелік көрсеткіші 2,28 ие болған Қырғызстанның ғылыми жұмыстары рейтинг бойынша 14 орында тұр (2.2.1-кесте).

2.2.1-кесте. 2016-2018 жж. жарияланымдар қалыпты орташа сілтемелік көрсеткіш ие болған елдердің рейтингісі

Елдер	Жарияланым саны	Ранг бойынша жарияланымдар саны	Қалыпты орташа сілтемелік көрсеткіш	Ранг бойынша қалыпты орташа сілтемелік көрсеткіш
АҚШ	2251647	1	1,30	86
Қытай	1366159	2	1,03	135
Ұлыбритания	674809	3	1,43	68
Англия	591190	4	1,46	64
Германия	530897	5	1,34	81
Үндістан	386385	6	0,75	187
Жапония	383396	7	0,89	164
Франция	354029	8	1,30	85
Италия	353513	9	1,36	78
Канада	348325	10	1,38	75
Ресей	229212	15	0,78	183
Қазақстан	8653	75	0,84	170
Беларусь	6448	81	0,96	150
Армения	3733	95	1,14	114
Қырғызстан	844	138	2,28	14
Мьянма	1	222	–	222

Дереккөз: InCites (ClarivateAnalytics) 27.05.2019 жылғы жағдай бойынша.

Елімізде ғылым тиімділігін ғылыми қызметкер қаншалықты ғылыми мақала жариялау ісімен айналысатындығын анықтайтын индикатор бойынша бағамдауға болады. Дәл осы көрсеткіш бойынша ЕАЭО-ға мүше елдерінің ресми статистикасы бар.

Көріп отырғанымыздай, зерттеу жұмысымен айналысқан уақыт аралығында әрбір 1000 зерттеушінің мақала жариялау ісімен қаншасы айналысқанын байқауға болады. Бұл ретте ЕАЭО елдері әрбір 1000 зерттеушіге шаққанда 374-тен (Ресей) 57 жарияланымға (Қырғызстан) дейінгі аралықты қамтитынын байқаймыз. Қазақстанда бұл көрсеткіш әрбір 1000 зерттеушіге 156 жарияланымнан келеді (2.2.2-кесте).

2.2.2-кесте. 1000 зерттеушіге шаққанда жарияланымдық жүктеме есебі

Елдер	Жарияланымдар саны	Саны		Жалпы зерттеушілердің саны	1000 зерттеушіге шаққандағы жүктеме
		профессор-оқытушылық құрам	маман-зерттеушілер		
Армения	3 733	7 650	3 905	11 555	323
Беларусь	6 448	20 917	17 257	38 174	169
<b>Қазақстан</b>	8 653	38 243	17 360	55 603	156
Қырғызстан	844	11 479	3 368	14 846	57
Ресей	229 211	247 372	365 086	612 458	374

Дереккөз: аталған елдердің ресми статистикалық сайттарындағы мәлімет; InCites (ClarivateAnalytics) 27.05.2019 жылғы жағдай бойынша.

2016-2018 жылдары елімізде 116 ғылыми ұйым ғылыми зерттеу жариялады, оның ішінде 75 ЖОО, 38 ҒЗИ, қоғамдық ұйым 3. Жарияланымдардың 86,4%-ын, яғни, 7546 жарияланымда ЖОО-да қызмет атқаратын профессорлық-оқытушылық құрам жариялағанын байқауға болады (2.2.1 сурет).



Дереккөз: InCites (Clarivate Analytics) 27.05.2019 жылғы жағдай бойынша.

2.2.1 сурет. 2016-2018 жылдардағы жарияланымдар саны бойынша ең үздік 15 қазақстандық ұйым.



Дереккөз: InCites (ClarivateAnalytics) 27.05.2019 жылғы жағдай бойынша.

2.2.2-сурет. 2016-2018 жылдары орташа жарияланымдары орташа сілтемелік көрсеткішке ие болған 15 үздік қазақстандық ұйым.

Осы уақыт аралығында кейбір көрсеткіштерге назар аударсақ, ғылыми тиімділік жағынан алып қарағанда басқа жағдай қалыптасқанын байқауға болады (2.2.2-сурет).

Жарияланған ғылыми мақалалары орташа сілтемелік көрсеткішке ие болғандықтан, жоғары нәтижеге Қазақстан медицина университеті «ҚДСМ» мен Қазақ-Америка университеті жеткенін байқауға болады.

Қазақстандық ғылыми еңбектер (8653 бірлік) 2685 басылымға шықса, оның 1850 ғылыми журналдар құраған, оның 1370-і (74%) импакт-факторлық көрсеткішке ие екенін айта кетуіміз керек (2.2.3-кесте). Ғылыми журналдарға жарияланған жарияланымдар өте жоғары, жоғары және орташа рейтингке ие болса, ал олардың импакт-факторлық көрсеткіші 1-ден 10-ға дейін жоғарылап, 62,7%-ды құраған.

2.2.3-кесте. Қазақстандық жарияланымдар шыққан журналдардың импакт-факторлық мәні бойынша жіктелуі

Журналдың рейтингі*	Импакт-факторды есептеудің диапазоны	Журналдар саны	Мақалалар саны
Өте жоғары	10 жоғары	18	43
Жоғары	>5 – 10	68	160
Орташа	>1 – 5	912	1735
Төмен	>0,5 – 1	271	832
Өте төмен	>0 – 0,5	101	318
–	Импакт-фактор жоқ	480	2756

Дереккөз: InCites (ClarivateAnalytics), 2016-2018 жж., 27.05.2019 жылға дейінгі жағдай бойынша.

\*Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) мәліметтер базасына енген ғылыми журналдардың классификациялық шкаласының рейтингі.

Осы ретте 2756 мақала жарияланған ғылыми журналдар импакт-факторлық көрсеткішке ие емес екенін айта кетуіміз керек. Олардың негізгі бөлігі 2015 жылы Web of Science платформасына қосылған Emerging Sources CitationIndex (ESCI) сілтемелік көрсеткішіне ие басылымдарға жарияланған. Олардың бәрі Web of Science CoreCollection еруге күш салып жатқанын атап айтуымыз керек. Бұл кезеңдегі олардың импакт-факторы есепке алынбайды.

2016-2018 жылдары аралығында ESCI қазақстандық 11 ғылыми журнал еруге ұмтылған. Егер ғылыми өлшемнің көрсеткіші бойынша айтатын болсақ, олардың мүмкіндігі аса жоғары емес (2.2.4 кесте).

2.2.4-кесте. Emerging Sources Citation Index енген қазақстандық ғылыми журналдар

Басылым атауы	Мақала саны	Сілтемеге ие болған мақалалар пайызы	Мақалалардың орташа сілтемесі
Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan	453	10,6	0,3
Bulletin of the Karaganda University Mathematics	144	7,64	0,14
News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan Series of Geology and Technical Sciences	134	15,67	0,41
Bulletin of the University of Karaganda Physics	129	6,20	0,09
Bulletin of the University of Karaganda Chemistry	128	5,47	0,07
News of The National Academy of Sciences of The Republic of Kazakhstan Series Chemistry And Technology	122	7,38	0,27
News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan Series Physico Mathematical	97	6,19	0,22
Eurasian Chemico Technological Journal	60	15	0,18
Eurasian Mathematical Journal	22	31,82	0,55
Eurasian Journal of Mathematical and Computer Applications	12	33,33	0,33
Central Asian Journal of Global Health	6	16,67	0,17

Бүгінде Web of Science мәліметтер қоры халықаралық басылымдарды тақырыптық бағыт, яғни ғылымның 151 саласы қамтыған бағыт бойынша енгізеді. Ал зерттеу мақалаларының бәрі 7 салаға жіктеледі, олар – аграрлық және биология ғылымы, медицина, әлеуметтік, физика, техникалық және қолданбалы ғылым, өнертану мен гуманитарлық ғылым болып бөлінеді (2.2.5-кесте).

2.2.5-кесте. 2016-2018 жылдары ғылым саласы бойынша жарық көрген қазақстандық жарияланымдардың құрамы


Ғылым саласы	Қазақстандық құрылым		Бүкіләлемдік құрылым	
	жарияланым саны	үлесі	жарияланым саны	үлесі
Физикалық ғылымдар	3524	40,73	1865815	21,35
Техникалық ғылымдар	2994	34,60	2536394	29,02
Медицина	1025	11,85	3030856	34,67
Әлеуметтік ғылымдар	947	10,94	972550	11,13
Биологиялық ғылымдар	594	6,86	909330	10,40
Аграрлық ғылымдар	436	5,04	633976	7,25
Өнертану мен гуманитарлық ғылым	225	2,60	455904	5,22

Дереккөз: InCites (ClarivateAnalytics) 27.05.2019 жылғы жағдай бойынша.


Қазақстандық жарияланымдардың құрамына назар аударғанда оның әртүрлі екенін байқауға болады. Осы ретте физика ғылымы саласындағы жарияланымдардың жоғары (40,73%) екенін байқаймыз. Ал медицина саласы бойынша ұсынылған жарияланымдардың үш есе (11,85%) төмен болса, ал әлемдік құжат айналымда бұл бағыттағы жарияланымдар 34,67%-ды құрайды. Техника, ауыл шаруашылығы, биология және әлеуметтік ғылымдар, сонымен қатар, өнертану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша жарияланған ғылыми мақалалар әлемдік көрсеткіштерге бір табан жақын екенін байқауға болады.

Пәндік зерттеу саласының жарияланымдық белсенділік және орташа сілтемелік көрсеткіші жағдай мен даму кезеңін анықтаудың негізінен үш сатысы бар екенін айтқан жөн.

**Физика саласы бойынша** қазақстандық ғалымдардың жарияланымдық белсенділігі жоғары болғанымен, ғылыми жұмыстардың сілтемелік көрсеткіші соңғы үш жылда біршама төмендеп, 0,65-ке дейін құлдыраған. Жалпы қазақстандық жарияланымдар сілтемелік көрсеткіші қазіргі уақытта 0,84-ке тең (2.2.3-сурет).



2.2.3-сурет. Физика ғылымдары саласында қазақстандық жарияланымдар және олардың сілтемелік көрсеткіші бойынша динамикасы



2.2.4-сурет. Физика саласы бойынша орташа сілтемелік көрсеткіші. 2016-2018 жж. жоғары жарияланым саны – 19

Физика саласы бойынша жарияланған қазақстандық ғылыми мақалалардың негізінен 100 тақырыптық бағытты қамтыған, оған пәнаралық бағытта кіреді. Осы ретте 2016-2018 жылдары 19 бағыт бойынша жарияланған ғылыми жұмыстарға талдау жасалынды (2.2.4-сурет).

Осыған дейінгі екі жылда ғылымның барлық бағыты бойынша қазақстандық жарияланымдардың сілтемелік көрсеткіші біршама жоғары болған. Осылайша сілтемелік көрсеткіш әлемдік орта деңгейде сәл ғана жоғарыға көтерілген. Мұндай жоғары көрсеткішке ғылымның бес бағыты Оптика, Физика-математика, Қолданбалы физика, Математика, Астрономия және Астрофизика саласы бойынша жарияланған ғылыми мақалалар жоғары сілтемелік көрсеткішке ие болды.

Жалпы алғанда жоғары рейтингке көтерілген ғылыми журналдарда жарық көрген физика ғылымы бойынша жарияланымдар 40% сілтемеге ие болып, Q1 және Q2 квантиліне енді (2.2.6-кесте).

2.2.6 кесте. 2016-2018 жылдары физика ғылымы бойынша жарияланған қазақстандық ғылыми жұмыстардың өнімділігінің көрсеткіші

Кезең	Жұмыстың журналдағы үлесі				Жоғары сілтемеге ие болған жарияланымдар үлесі	Коллаборация үлесі	
	Q1	Q2	Q3	Q4		корпоративтік	халықаралық
2014-2016	23,70	19,05	19,89	37,35	0,17	0,34	52,97
2015-2017	23,92	20,69	21,72	33,68	0,32	0,49	54,68
2016-2018	23,74	20,71	22,82	32,72	0,34	0,40	56,10

Дереккөз: InCites (ClarivateAnalytics) 27.05.2019 жылғы жағдай бойынша.


Жоғары сілтемеге ие болған ғылыми жұмыстарды өткен жылмен салыстырғанда қанағаттанарлық тенденция сақталғанын байқауға болады.

Халықаралық коллаборациялық көрсеткіш маңызды. Қазақстандық физика саласы бойынша ғылыми еңбектердің халықаралық коллаборация көрсеткіші 56,1%-ға тең болған.

Ал корпоративтік коллаборация, яғни, ғылыми ұйымдардың шетелдің коммерциялық компанияларымен ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуде бірігіп әрекет етуі өте төмен, бұл көрсеткіш бар болғаны 0,4%-ды құрайды. Салыстырмалы түрде айтсақ, бұл көрсеткіштің әлемдік деңгейдегі орташа деңгейі 1,62%-ға тең.

Еліміздің **техникалық ғылымдары** жарияланымдық белсенділік және сілтемелік көрсеткіш бойынша тұрақты өсімді сақтап келе жатқанын атап айтуға болады (2.2.5-сурет).

2016-2018 жылдар аралығында жарияланған қазақстандық ғылыми жұмыстар 170 тақырыптық бағытты қамтығаны белгілі. Жоғары 24 тақырыптық бағыт бойынша жарық көрген қазақстандық жарияланымдар саны



2.2.5-сурет. Техникалық ғылымдар бойынша қазақстандық жарияланымдар динамикасы және сілтемелік көрсеткіші

40-қа жетіп, орташа сілтемелік көрсеткіштен жоғары болған: телекоммуникация, инженерия, азаматтық технология, құрылыс және құрылыс технологиясы, электротехника және электроника, информатика, ақпараттық жүйелер, геология және материалтану сынды бағыттар (2.2.6-сурет).

Сілтемелік көрсеткіші Пәнаралық ғылымдар, Металлургия мен металтану, Инженерия, Машина құрастыру, Механика, Химиялық технология және Жүйелі автоматты басқару саласының орташа деңгейінің төмен екенін айтқан жөн.

Ғылыми мақалалар шамамен Q1 және Q2 квантильге ие ғылыми журналдардың 35%-ына жарық көрген (2.2.7-кесте).

2.2.7-кесте. 2016-2018 жылдары техникалық ғылымдар бойынша жарық көрген қазақстандық жарияланымдардың өнімділік көрсеткіші


Кезең	Жұмыстың журналдағы үлесі				Жоғары сілтемеге ие болған жарияланымдардың үлесі	Коллаборация үлесі	
	Q1	Q2	Q3	Q4		корпоративтік	халықаралық
2014-2016	27,11	22,66	20,21	30,02	0,04	0,57	45,66
2015-2017	32,56	20,90	21,67	24,87	0,07	0,54	47,77
2016-2018	34,69	19,82	22,12	23,36	0,17	0,51	54,88

Дереккөз: InCites (ClarivateAnalytics) 27.05.2019 жылғы жағдай бойынша.


Есепті кезеңде жарияланымдардың сілтемеге ие болуы біршама артқанымен, олардың үлесі айтарлықтай байқалады. Техникалық ғылымдар бойынша жарияланған қазақстандық ғылыми мақалаларға шетелдік ғалымдар мен ғылыми топтар біршама қызығушылық танытқанымен (олардың көлемі 55%), шетелдік коммерциялық компаниялар мүлде қызықпаған деуге болады (көрсеткіш 0,5%-ға тең).

**Медицина саласы бойынша** жарияланымдар барлық кезеңде үлес саны көп болып, сілтемелік көрсеткіші де ұдайы жоғары болып келген (2.2.7-сурет).





2.2.6. сурет. Техникалық ғылымдар саласындағы орташа сiлтемелiк көрсеткiш. 2016-2018 жылдардағы жоғары жарияланымдар саны – 24



2.2.7-сурет. Медицина саласы бойынша қазақстандық жарияланымдардың саны мен сілтемелік көрсеткіш динамикасы

Медицина саласы бойынша жарияланған ғылыми жұмыстар аталған ғылымның 104 бағытын қамтыған. Медицина саласы бойынша тақырыптық бағыттар бойынша Қоғамдық денсаулық сақтау, қоршаған орта және кәсіби гигиена, сонымен қатар, Қан-тамырлар жүйесі мен кардиология (2.2.8-сурет).

Қарастырылған бағыттарға назар аударғанда жарық көрген жарияланымдардың тең жартысының сілтемелік көрсеткіші әлемдік орта деңгейден жоғары екенін байқалады. Әсіресе, төмендегідей пәндер – жалпы және терапиялық медицина, жүрек-қан тамырлар жүйесі мен кардиология, хирургия бағыты айтарлықтай нәтижеге ие болып, сілтемелік көрсеткіші 16,79, 5,61 және 5,5-ті құраған. Ал төменгі сілтемеге медицина перифериялық тамырлар ауруы және Клиникалық неврология бағыттары ие болған. Олардың бұған дейінгі кезеңдердегі сілтемелік көрсеткіші де қанағаттарлық еді.

Медицина саласы бойынша ғылыми еңбектердің 65%-ы рейтингі жоғары журналдарға жарияланып, басылымдардың квантилі Q1 және Q2 болған (2.2.8-кесте).


2.2.8-кесте. 2016-2018 жылдары Қазақстанның медицина саласы бойынша жарияланымдарының өнімділік көрсеткіші

Кезең	Журналдардағы жұмыс үлесі				Жоғары сілтемеге ие болған жарияланымдар үлесі	Коллаборация үлесі	
	Q1	Q2	Q3	Q4		корпоративтік	халықаралық
2014-2016	45,23	23,47	13,13	18,17	1,04	1,85	50,75
2015-2017	43,02	25,13	12,56	19,29	1,67	2,09	54,54
2016-2018	38,45	26,99	13,79	20,78	1,77	3,14	59,33

Дереккөз: InCites (ClarivateAnalytics) 27.05.2019 жылғы жағдай бойынша.


Аталған бағыт бойынша жоғары сілтемеге ие болған жұмыстар барлық кезеңде де жоғары және ортада деңгейден жоғары нәтижеге қол жеткізіп отырған.

Халықаралық және корпоративтік коллаборация бойынша да медицина тиісті деңгейде дамығанын байқауға болады. Қазақстандық ғылыми еңбектер үлесі 54,8 және 2,36%-ға тең келеді.



2.2.8 сурет. Медицина саласы бойынша қалыпты орташа сілтемелік көрсеткіш. 2016-2018 жж. жоғары жарияланымдар саны –16

**Әлеуметтік ғылымдар саласында жарияланымдар мен оның сілтемелік көрсеткіштер динамикасы өте төмен.** Бұл бағыттағы көрсеткіш жыл өткен сайын төмендеп бара жатқанын байқауға болады (2.2.9-сурет).



2.2.9-сурет. Қазақстанның әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша жарияланымдары және оның сілтемелік көрсеткіштері

2016-2018 жылдары жарық көрген әлеуметтік ғылымдар бойынша жарияланымдар 93 тақырыптық бағытты қамтыса, соның ішінде негізінен 18 бағыт бойынша басты жарияланымдар жарық көрген (2.2.10-сурет).

Отандық ғалымдар әлеуметтік ғылымдар саласының Арнаулы білім, Экономика, Бизнес, Қаржы пәндері бойынша белсенді түрде еңбек етуде. Бірақ пәнаралық психология, Археология, Халықаралық қатынастар, Білім және білімді зерттеу бағыттары бойынша жарық көрген ғылыми еңбектер көп болмаса да, сілтемелік көрсеткіші әлемдік орта деңгейден біршама жоғары екенін байқауға болады.

Бұған дейін Өлкетану, Саясаттану және Арнайы білім саласы қалыпты сілтемелік көрсеткіштен жоғары сілтемеге ие болған еді. Бірақ есепті кезеңде аталған салалар бойынша жарияланған ғылыми еңбектер бұған дейінгі көрсеткен нәтижесіне қол жеткізе алмады.


Әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша қазақстандық жарияланымдардың үштен екісі квантилі Q1 және Q2 болатын ғылыми журналдарда жарияланған (2.2.9-кесте).

2.2.9-кесте. 2016-2018 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік ғылымдар бойынша жарияланымдарының өнімділігі

Кезең	Журналдағы жұмыс үлесі				Жоғары сілтемеге ие болған жарияланымдар үлесі	Коллаборация үлесі	
	Q1	Q2	Q3	Q4		корпоративтік	халықаралық
2014-2016	24,13	48,57	6,98	20,32	0,10	0,20	20,06
2015-2017	28,2	43,6	8,8	19,4	0,1	0,3	25,3
2016-2018	25,97	49,78	10,82	13,42	0,00	0,21	34,48


Дереккөзі: InCites (ClarivateAnalytics) 27.05.2019 жылғы жағдай бойынша.

Қарастырылған кезеңде бірде бір мақала жоғары сілтемелік көрсеткішке ие болмаған. Бұған дейінгі кезеңде жоғары нәтижеге ие болған ғылыми еңбектер болды, бірақ олардың үлесі өте төмендеген. Мұндайда отандық ғылыми зерттеушілердің еңбегіне халықаралық коллаборация өсетіні белгілі. Бұған халықаралық бизнес әсер еткен.



2.2.10-сурет. Әлеуметтік ғылымдар бойынша орташа қалыпты сілтемелік көрсеткіш. 2016-2018 жж. жоғары жарияланым саны – 18

**Биология саласы бойынша** жарияланымдық көрсеткіш барлық кезеңде де қатты өзгеріске түспегенімен ерекшеленеді. Аталған сала бойынша жарық көрген ғылыми еңбектердің сілтемелік көрсеткіші кісі қызығарылықтай емес. Есепті кезеңде олардың сілтемелік көрсеткіші әлемдік орта деңгейден екі есе құлдырап кеткен (2.2.11-сурет).



2.2.11-сурет. Биология ғылымдары саласындағы қазақстандық жарияланымдар мен олардың сілтемелік көрсеткіш динамикасы

2016-2018 жылдары биология ғылымдары саласы бойынша жарық көрген еңбектер 90 тақырыптық бағытты қамтыса, соның ішінде қазақстандық жарияланымдар 15 бағыт бойынша біршама мақала жариялаған (2.2.12-сурет).


Қазақстандық ғалымдар Биохимия және молекулярлы биология, Биотехнология және қолданбалы микробиология бойынша айтарлықтай ғылыми еңбектер жазғанымен, олар әлемдік ғылымда жоғары сұранысқа ие емес. Соңғы кездері әлемдік ғылымда Эволюциялық биология саласы тұрақты түрде әлемдік ғылыми ортаның қызығушылығын тудырып отырғанын атап айтуға болады. Бұл бағыттағы ғылыми еңбектер үш кезеңде де әлемдік орташа сілтемелік көрсеткіштен 2,5 есе жоғары болған. Осы ретте Антропология, Репродуктивті биология, Биоалуандылық және сақтау бағыттары бойынша жарық көрген отандық жарияланымдар жоғары қалыпты орташа сілтемелік көрсеткішке ие болған. Өткен кезеңде Генетика және тұқым қуалау саласы бойынша жарық көрген ғылыми еңбектер орта әлемдік деңгейден 1,5 есе жоғары болғанымен, есепті кезеңде көрсеткіш төмендеп кеткен.

Қазақстанның биология саласы бойынша жарияланымдарының 68,6%-ы квантильсіз Q1 және Q2 болатын ғылыми журналдарда жарық көрген (2.2.10-кесте).

2.2.10-кесте. 2016-2018 жылдардағы Қазақстанның биология ғылымдар бойынша жарияланымдарының өнімділігі

Кезең	Журналдағы жұмыстың үлесі				Жоғары сілтемеге ие болған жарияланымдар үлесі	Коллаборация үлесі	
	Q1	Q2	Q3	Q4		корпоративтік	халықаралық
2014-2016	35,58	39,79	9,89	14,74	0,19	0,19	44,30
2015-2017	33,70	35,87	13,91	16,52	0,19	0,96	51,82
2016-2018	27,09	41,47	19,06	12,37	0,17	1,02	61,36

Дереккөз: InCites (ClarivateAnalytics) 27.05.2019 жылғы жағдай бойынша.




2.2.12-сурет. Биология ғылымдары саласы бойынша орташа қалыпты сілтемелік көрсеткіш. 2016-2018 жж. жоғары жарияланым саны – 15

Есепті кезеңде биология ғылымдары бойынша жарық көрген еңбектердің жоғары сілтемелік көрсеткіші 0,17%-ды құраса, еліміз бойынша екі есе төмен – 0,37%.

Биология ғылымдары бойынша ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысқан қазақстандық ғалымдардың 60%-ы өз жұмыстарын халықаралық ұжымдардың құрамында жүзеге асырған. Өйткені бірқатар коммерциялық ұйымдар ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесіне қол жеткізуге мүдделілік танытты. 2016-2018 жылдардағы зерттеулердің арасында олардың үлесі 1,02%-ды құрады.

**Аграрлық ғылымдар бойынша жарияланымдық белсенділік жоғары екенін байқауға болады.** Бұл көрсеткіш бірінші кезеңмен салыстырғанда 2016-2018 жылдары жарты есе өскен. Жарияланымдардың сілтемелік көрсеткіші әр уақытта әрқалай құбылады, бірден төмен болып тұрады (2.2.13-сурет).



2.2.13-сурет. Аграрлық ғылымдары саласындағы қазақстандық жарияланымдар мен олардың сілтемелік көрсеткіш динамикасы.


Аграрлық ғылымдар саласындағы жарияланған ғылыми еңбектер 75 тақырыптық бағыт бойынша жарияланғанын байқауға болады. Осы ретте 2016-2018 жылдардағы қазақстандық жарияланымдар негізінен 11 бағытты қамтығанын байқаймыз (2.2.14-сурет).

Жарияланымдардың сілтемелік көрсеткішін салыстырғанда бұған дейінгі кезеңде көптеген бағыттар бойынша сілтемелік көрсеткіштер біршама жоғары болған еді. 2016-2018 жылдары тұқымтану (1,34) және экологиялық зерттеулер (1,20) бағыттары орта деңгейден біршама жоғарылаған болатын.

2016 жылы орман шаруашылығы бойынша жарияланған ғылыми еңбектер айтарлықтай жоғары нәтижеге қол жеткізгені есімізде.

Аграрлық ғылым саласы бойынша қанағаттанарлық сілтемелік көрсеткішке ие болған жарияланымдардың 55%-ы квартилиясы Q1-Q2 болатын жоғары рейтингке ие ғылыми журналдарға жарияланған. Сонымен қатар орта есеппен алғанда зерттеушілердің 70%-ы өздерінің жұмыстарын шетелдің шетелдік коммерциялық ұйымдарымен байланысы бар ғалымдарымен бірлесіп жүзеге асырған. Соңғы уақыттары аталған салада жоғары сілтемеге ие болған ғылыми жұмыс кездеспеді (2.2.11-кесте).






2.2.14-сурет. Аграрлық ғылымдар саласы бойынша қалыпты орташа сілтемелік көрсеткіш. 2016-2018 жж. жоғары жарияланымдар саны – 11

2.2.11-кесте. 2016-2018 жылдардағы Қазақстанның аграрлық ғылымдар бойынша жарияланымдар өнімділігі

Кезең	Журналдағы жұмыстың үлесі				Жоғары сілтемеге ие болған жарияланымдар үлесі	Коллаборация үлесі	
	Q1	Q2	Q3	Q4		корпоративтік	халықаралық
2014-2016	35,07	25,12	18,01	21,80	0,36	0,36	70,61
2015-2017	31,64	24,61	19,92	23,83	0,32	0,32	70,79
2016-2018	33,17	22,61	19,60	24,62	0,00	0,47	69,00

Дереккөз: InCites (ClarivateAnalytics) 27.05.2019 жылғы жағдай бойынша.

**Өнертану мен гуманитарлық саладағы жарияланымдық белсенділік көңіл қуантарлық.** Сол сияқты аталған бағыттағы ғылыми жұмыстардың сілтемелік көрсеткіші де тұрақты түрде жоғарылаған, есепті кезеңде бұл саладағы жарияланымдар орта әлемдік деңгейден 2,5 есе жоғары болғанын байқауға болады (2.2.15-сурет).




2.2.15-сурет. Өнертану мен гуманитарлық ғылымдары саласындағы қазақстандық жарияланымдар мен олардың сілтемелік көрсеткіш динамикасы.

Осы ретте Тарих саласы бойынша (80 бірлік) ауыз толтырып айтатындай ғылыми еңбек жарық көрсе, сілтемелік көрсеткіші бойынша Гуманитарлық ғылым, Архитектура, Философия ортаәлемдік деңгейде жоғары болып 3,2-7,5 болған. 2016-2018 жылдары Әдебиет саласы бойынша жарық көрген ғылыми еңбектер ғылыми қоғамдастықтың қызығушылығын тудырып, есепті кезеңде Әдебиет бағытының жарияланымдары сілтемелік көрсеткіші бойынша топ бастады (2.2.16-сурет).

Жекелеген тақырыптық бағыттар бойынша біршама сілтемеге ие болса да, бұл сала бойынша жарияланған ғылыми еңбектердің өнімділігі өте төмен. Жоғары сілтемеге ие болған жарияланымдар жоқ. Аталған сала бойынша квантилі Q1-Q2 болатын ғылыми журналдарға жарияланған мақалалар үлесі 30%-дан аспайды, коммерциялық ұйымдар бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге құлықсыз (2.2.12-кесте).

Тек соңғы уақыттары ғана зерттеу жұмыстарына халықаралық коллаборация пайда болғанымен, олардың үлесі 20%-дан аспайды. Бұл бағыттағы өзге елдердің көрсеткішімен салыстырғанда өте төмен. Өнертану мен гуманитарлық салада қалыптасқан мұндай үрдісті жергілікті жайтпен байланыстыруға болады.



2.2.16-сурет. Өнертану және гуманитарлық ғылымдары саласы бойынша қалыпты орташа сілтемелік көрсеткіш. 2016-2018 жж. жоғары жарияланымдар саны – 10

2.2.12-кесте. 2016-2018 жылдардағы Қазақстандағы өнертану және гуманитарлық ғылымдар бойынша жарияланымдарының өнімділігі

Кезең	Журналдағы жұмыстың үлесі				Жоғары сілтемеге ие болған жарияланымдар үлесі	Коллаборация үлесі	
	Q1	Q2	Q3	Q4		корпоративтік	халықаралық
2014-2016	5,00	35,00	35,00	25,00	0,00	0,00	0,00
2015-2017	10,00	30,00	30,00	30,00	0,00	0,00	0,00
2016-2018	10,00	20,00	50,00	20,00	0,00	0,00	19,64


Дереккөз: InCites (ClarivateAnalytics) 27.05.2019 жылғы жағдай бойынша.

Қазақстандық жарияланымдардың пәндік категория бойынша орта әлемдік мәндегі және қалыпты орташа сілтемелік көрсеткішінің ғылыми өлшемдік көрсеткіш саналатын SWOT-талдаудан аңғаруға болады (2.2.13-кесте).

2.2.13-кесте. Салалық пәндер бойынша Қазақстан жарияланымдарының белсенділігін және сілтемелік көрсеткішінің салыстырмалы кестесі

Essential Science Indicators салалық пәннің классификаторы	Қазақстандық жарияланымдардың қалыпты орташа сілтемесі		Қазақстандық жарияланымдарды салыстырғанда әлем бойынша орташа маңызы	
	2015-2017	2016-2018	2015-2017	2016-2018
Аграрлық ғылым	0,73	0,57	0,55	0,58
Биология және биохимия	0,49	0,41	1,18	0,92
Иммунология	1,05	1,19	0,96	1,02
Инженерия	0,62	0,78	1,03	1,19
Клиникалық медицина	1,99	2,97	0,40	0,42
Компьютерлік ғылым	1,25	1,24	0,80	0,96
Математика	2,02	1,26	3,56	3,61
Материалтану	0,36	0,45	1,09	1,29
Микробиология	0,25	0,40	0,78	1,03
Молекулярлы биология және генетика	2,09	0,75	0,75	0,82
Мультипәнаралық ғылымдар	1,56	0,65	0,28	0,32
Ғарыш туралы ғылым	0,81	1,03	3,25	3,71
Жер туралы ғылым	0,82	0,71	1,21	1,17
Нейро және мінездік ғылым	0,79	0,36	1,11	0,22
Қоршаған орта / Экология	1,65	0,59	0,20	1,37
Психиатрия/психология	1,27	1,19	0,90	0,85
Өсімдіктану мен мал шаруашылығы	0,80	0,93	0,81	0,86
Әлеуметтік ғылымдар	1,66	0,93	1,00	0,95
Фармакология және токсикология	0,34	0,56	1,18	0,96
Физика	0,82	0,77	2,72	2,41
Химия	0,37	0,37	1,48	1,38
Экономика және бизнес	0,55	0,51	0,35	0,42

Дереккөз: InCites (ClarivateAnalytics) 27.05.2019 жылғы жағдай бойынша.



2.2.17-сурет. 2016-2018 жылдардағы Қазақстандағы пәнаралық ғылым салаларына жасалған SWOT-талдау

SWOT-талдау нәтижелері Қазақстанның ғылыми бағыттарының даму бағыттарын айқын бағалап, олардың күшті және әлсіз жақтарын, әлеуетті мүмкіндіктерін мен қауіпті тұстарын айқын көрсетеді (2.2.17-сурет).

Ғылымның күшті жағы (Strengths/күшті жағы) білім саласына, қалыпты орташа сілтемеге ие және салыстырмалы түрде алып қарағанда жарияланымдық үлесі орташа маңыздан жоғары болады. Олар торкөздің оң жағындағы жоғары жағына орналасады. Бағыттар бойынша математика саласы айтарлықтай маңызға ие болғанын байқауға болады. Өйткені математика саласы бойынша жарық көрген ғылыми еңбектердің жарияланымдық белсенділігі мен сілтемелік көрсеткіші салыстырмалы түрде алғанда айтарлықтай жоғары  $>1$  нәтижеге ие.

Қазақстан ғылымындағы күшті бағыттағы салаларына Иммунология мен Ғарыш туралы ғылымды жатқызуға болады. Аталған бағыттар бойынша 2016-2018 жылдары қазақстандық ғалымдардың жарияланымдық белсенділігі артып, әрі зерттеу жұмыстары сұранысқа ие болғанын байқауға болады. Десек те Математика мен Ғарыш туралы ғылым бойынша жарық көрген ғылыми жұмыстардың сілтемелік көрсеткіші орташа деңгейде сәл ғана асқанымен, жарияланымдардың ғылыми ортаның назарын айтарлықтай өзіне аударғаны белгілі болды. Бұл өлшем бойынша аталған бағыттар 3,6 есеге артқан. Аталған сала бойынша күшті ғалымдар статусы сақталған, бірақ жарияланымдар саны төмендегенімен, ғылыми жұмыстардың сапасы сақталғанын айта кетуіміз керек. Осы ретте Иммунология саласы бойынша пәндік салаларда сапалы зерттеулер жүргізіп, жарияланымдық белсенділікті сақтаудың маңызы зор.

Сол жақтағы жоғары торкөзде (Opportunities/мүмкіндік) сілтемелік көрсеткіші айтарлық жоғары бірақ жарияланымдық белсенділігі төмен Клиникалық медицина, Компьютерлік ғылымдар және Психиатрия/Психология орналасқан. Соңғы екі бағыт бойынша көрсеткіш 1 нүктесінде орналасып, жарияланымдық белсенділік деңгейіне сәл ғана жетпей тұрғаны байқалады. Клиникалық медицина саласы бойынша жарық көрген қазақстандық жарияландардың үлесі ортаәлемдік деңгейден 2 есе төмен болғанымен, қазақстандық жарияланымдардың сілтемелік көрсеткіші әлем бойынша орташа сілтемеден екі есе жоғары нәтижеге ие болғанын байқаймыз. Көрсетілген пәндер бойынша қазақстандық ғалымдардың әлеуеттік мүмкіндігі өте жоғары, алдағы уақытта отандық ғалымдар осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен сапалы айналысуын сақтап қалатын болса, аталған сала бойынша қазақстандық жарияланымдар саны артып, «күшті» категориясына кіретін мүмкіндігі бар.

Оң жақтағы төменгі торкөзде (Weaknesses/әлсіз жағы) жарияланымдық белсенділігі жоғары болғанымен сілтемелік көрсеткіші төмен Қазақстан бойынша ғылымның 7 саласы топтасқан. Олар – Физика, Химия, Материалтану, Қоршаған орта/Экология, Инженерия, Жер туралы ғылым мен Микробиология. Жалпы қазақстандық ғалымдардың жарияланымдарының басым бөлігін Физика саласы құрап, жарияланымдық белсенділігі ортаәлемдік

деңгейден 2,4 есе жоғарылағанын байқауға болады. Ал аталған саладағы жарияланымдардың сілтемелік көрсеткіші мез емес. Бұл бағыттардың «күшті» категорияға енуі үшін жарияланымдар сапасын көтеріп, орташа сілтемелік көрсеткішін  $>1$  көтеру қажет. Ғылымның басқа да салалары бойынша осылай айтуға болады. Ғылыми-зерттеу жұмысының сапасын көтеру, ғылыми орта үшін қажеттілігін арттыру маңызды. Сол кезде «әлсіз» деп танылған ғылыми бағыттарымыз «күшті» категориясымен орын алмасатын болады.

Сол жақтағы төменгі торкөзде (Threats/қауіп) есепті кезеңде жарияланымдық белсенділі мен сілтемелік көрсеткіші төмен  $<1$  пәнаралық ғылымдар орналасқан. Оларға Аграрлық ғылым, Биология және биохимия, Молекулярлы биология және генетика, Нейро және мінездік ғылым, Өсімдіктану мен мал шаруашылығы, Әлеуметтік ғылымдар, Фармакология және токсикология, Экономика және бизнес салалары еніп отыр. 2015-2017 жылдары қауіпті аумаққа тап болған ғылымдарға Микробиология, Экономика және бизнес, Аграрлық ғылымдар мен Өсімдіктану мен мал шаруашылығы тап болса, есепті кезеңде олардың қатары басқа да пәнаралық ғылым салаларымен толыға түскенін байқауға болады. Аталған бағыттар бойынша SWOT-талдау көрсеткішін жақсарту үшін қазақстандық ғалымдар жарияланымдық белсенділігін арттырып, ғылыми еңбектердің сапасына жете мән беруі керек.

Жалпы, 2016-2018 жылдары бұған дейінгі кезеңдерге қарағанда SWOT-талдау жағдайын жақсартқан ғылымның пәнаралық салаларына Иммунология, Инженерия, Клиникалық медицина, Компьютерлік ғылымдар, Материалтану, Микробиология, Ғарыш туралы ғылым, Өсімдіктану мен мал шаруашылығы еніп отыр. Ал осы кезеңде көрсеткіштері төмендегі ғылымның салаларына – Биология және биохимия, Математика, Молекулярлы биология және генетика, Мультипәнаралық ғалымдар, Жер туралы ғылым, Нейро және мінездік ғылым, Психиатрия/психология, Әлеуметтік ғылым, Физика және Химия енген. Алдағы уақытта аталған бағыттар бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарының сапасын көтеріп, жарияланымдық белсенділікті арттырудың маңызы зор.

Осылайша SWOT-талдау зерттелген саланың өнімділігін және өзектілігін айқындап, ортаәлемдік көрсеткіштермен салыстырып, қалыптасқан жағдай бойынша құрылымдық түсінік береді. Кері кетушілік жайттар бойынша қажетті шешімдер қабылдауға жол ашады.

### **2.3. Патенттік белсенділік**

Ғылыми зерттеу және зерттемелердің табысты іске асқанын анықтайтын көрсеткіш оның – патенттік белсенділігі болып саналады. Патенттік белсенділік елдің экономикалық және технологиялық дамуына ықпал етеді. Бір сөзбен айтқанда, патенттік белсенділік елдің инновациялық әлеуетін көтеріп, ғылыми және ғылыми техникалық дамуына айқындайтын басты көрсеткіш.

2018 жылы алғаш рет Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымына келіп түскен (WIPO) патенттердің тең жартысы Азия елдеріндегі өнертапқыштарға тиесілі болған. Азия елдеріндегі патенттік белсенділік Қытай, Үндістан, және Оңтүстік Кореяда айрықша байқалады.

Патенттік кооперация келісімшарты (PCT – ағыл. Patent Cooperation Treaty) негізінде тапсырылған өтінімдердің саны 253 000 жетіп, рекордтық көрсеткішке жеткенін атап айтуға болады. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 3,9%-ға көп. Дәл осы кезеңде Мадрид жүйесіне сәйкес тауар белгісі үшін тапсырылған халықаралық өтінімдердің 6,4%-ға артып, 61200 өтінімге жеткен. Ал 2018 жылы Гаага жүйесі бойынша ғалымдардың өндірістік нұсқа бойынша тапсырған өтінімдері 3,7%-ға ұлғайып, 5404 өтінімді құраған.

2018 жылы PCT жүйесі бойынша патенттік өтінім тапсыруда бірінші орынды АҚШ иеленесе, екінші орында Қытай келеді. Болжамдарға назар аударатын болсақ, алдағы екі жылда патенттік белсенділік жағынан Қытай АҚШ-ты басып озады деп күтілуде.

«Ұлттық зияткерлік меншік институты» РММ мәліметінше, 2018 жылы өндірістік меншік бойынша келіп түскен өтінімдердің көлемі 7,9%-ға ұлғайып, 13245 бірлікті құрағанын айта кетуіміз керек.

Қалыптасқан дәстүрге сай келіп түскен өтінімдердің басым бөлігін тауар белгілері құрап, 2018 жылы олар 1,2 есеге өскенін байқауға болады. Сонымен қатар жоғары көрсеткіш шетелдік және ұлттық өтінім берушілер арасында да тіркелгенін айта кетуіміз керек. Осы ретте халықаралық процедура бойынша 5557 өтінім тапсырылған. Бұл ұлттық процедура бойынша тапсырылған өтінімдермен салыстырған 3 есе жоғары (2.3.1-кесте).

Бірқатар бағыттар бойынша өтінім тапсырудың көрсеткіші бойынша 2017 жылмен салыстырғанда тұрақты көрсеткішке ие екенін байқауға болады. Ал PCT процедурасы бойынша өтінім тапсыру 37,9%-ға, ал Еуразиялық патенттік конвенция (ЕАПК) бойынша 22,4%-ға төмендеу орын алғанын айта кетуіміз керек (2.3.2-кесте).

Соңғы жылдары өнертабыс бойынша құжатты сақтауға өтінім беру көрсеткіші төмендеп келе жатқаны белгілі. Есепті кезеңде де сол көрсеткіш сақталып, аталған бағыт бойынша тапсырылған өтінімдер саны 982 бірлікті құраған. Жалпы, бұл бағыт бойынша 2017 жылы ұлттық өтінім берушілердің көрсеткіші 1055 өтінімнен 789 өтінімге дейін төмендеген болатын. Ал керісінде шетелдік өтінім берушілердің саны 173-тен 193-ке дейін біршама артқанын байқауға болады (2.3.3-кесте).

2018 жылы пайдалы моделдер бойынша келіп түскен өтінімдер 896 бірлікті құрап, 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 7,6%-ға артқанын байқауға болады. Осы ретте ұлттық және шетелдік өтінім берушілер тарапынан берілген өтінімдерден оң динамика байқалады.

Тапсырылған өтінімдердің арасында өндірістік нұсқалар үшін тапсырылған құжаттар саны 24,6%-ға артық болған. Осы ретте шетелдік өтінім берушілер тарапынан тұрақты көрсеткіш сақталып, ұлттық өтінім берушілермен салыстырғанда олардың үлес-салмағы 2 есе жоғары болғаны белгілі болды.



2.3.1 кесте. Өндірістік меншік нысаны бойынша сақтауға келіп түскен құжаттар бойында мәлімет

	Келіп түскен өтінімдер		
	ұлттық өтінім берушілерден	шетелдік өтінім берушілерден	бәрі
2017 жылдың қаңтар-желтоқсан айында тапсырылған өтінімдер	5047	6416	11463
өнертабыс бойынша	1055	173	1228
пайдалы моделдер бойынша	754	79	833
өндірістік нұсқалар бойынша	105	98	203
тауар белгілері бойынша	3033	6063	9096
Соның ішінде:			
ұлттық процедура бойынша	–	1725	
халықарылық процедура бойынша	–	4338	
тауардың шыққан жеріне байланысы	5	1	6
Селекциялық жетістіктер бойынша:	95	2	97
жануарлар түрі	17	–	17
өсімдіктер сорты	78	2	80
2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айында тапсырылған өтінімдер	5447	7798	13245
өнертабыс бойынша	789	193	982
пайдалы моделдер бойынша	778	118	896
өндірістік нұсқалар бойынша	83	170	253
тауар белгілері бойынша	3738	7307	11045
Соның ішінде:			
ұлттық процедура бойынша	–	1750	–
халықарылық процедура бойынша	–	5557	–
тауардың шыққан жеріне байланысы	2		2
Селекциялық жетістіктер бойынша:	57	10	67
жануарлар түрі	5	–	5
өсімдіктер сорты	52	10	62

Дереккөз: Ұлттық зияткерлік меншік институтының жыл сайынғы есебі.

2.3.2-кесте. Ұлттық өтінім берушілердің өнертабыс бойынша сақтауға құжат тапсырудың көрсеткіші

бірлік

Өтінімдер саны	2014	2015	2016	2017	2018
РТС процедурасы бойынша	23	24	19	29	18
ЕАПК процедурасы бойынша	74	56	53	107	82

Дереккөз: Ұлттық зияткерлік меншік институтының жыл сайынғы есебі.

2.3.3-кесте. Зияткерлік меншік нысаны бойынша құжатты сақтауға өтінім тапсыру деңгейі

Өтінім	бірлік				
	2014	2015	2016	2017	2018
Өнертабыс бойынша өтінім тапсыру, бәрі	2012	1503	1221	1228	982
соның ішінде:					
ұлттық өтінім берушілер	1740	1271	990	1055	789
Шетелдік өтінім берушілер	272	232	231	173	193
Пайдалы моделдерге өтінім тапсырушылар, бәрі	203	530	716	833	896
соның ішінде:					
ұлттық өтінім берушілер	139	446	654	754	778
Шетелдік өтінім берушілер	64	84	62	79	118
Өндірістік нұсқалар бойынша өтінім тапсырушылар, бәрі	300	217	239	203	253
соның ішінде:					
ұлттық өтінім берушілер	107	94	89	105	83
Шетелдік өтінім берушілер	193	123	150	98	170
Селекциялық жетістіктер үшін өтінім тапсырушылар, бәрі	152	70	50	97	67
Соның ішінде:					
<i>жануарлар түрі</i>	45	1	4	17	5
ұлттық өтінім берушілер	45	1	4	17	5
Шетелдік өтінім берушілер	–	–	–	–	–
<i>өсімдік сорты</i>	107	69	46	80	62
ұлттық өтінім берушілер	64	62	31	78	52
Шетелдік өтінім берушілер	43	7	15	2	10

Дереккөзі: Ұлттық зияткерлік меншік институтының жыл сайынғы есебі.

2018 жылы жалпы селекциялық жетістіктер үшін келіп түскен өтінімдер саны 2017 жылға қарағанда төмен болып, 30,9%-ды құрады. Осы ретте шетелдік өтінім берушілер тарапынан жануарлар түріне қатысты ешқандай өтінім түспеген.

2018 жылы өндірістік меншік нысанын үшін құжат сақтауға 11 561 құжат келіп түскен. Бұған дейінгі жылмен салыстырғанда бұл бағыт бойынша келіп түскен құжаттар есепті кезеңде 23%-ға ұлғайғанын байқауға болады. Жалпы өнертабыс пен селекциялық жетістіктер бойынша құжат тапсыруды есепке алмағанда барлық бағыттар жоғарылаған (2.3.4-кесте).

Есепті кезеңде өндірістік меншік нысаны бойынша өндірістік нұсқа аз болғандықтан, сақталатын құжаттардың бәрін ұлттық өтінім берушілер ұсынғанын айта кетуіміз керек.

Осы ретте пайдалы моделдер мен өндірістік нұсқалар 90 бірліктен 359 бірлікке дейін ұлғайғанын байқауға болады (2.3.5-кесте).

2.3.4-кесте. Өндірістік меншік нысаны бойынша құжат тапсыруға қатысты мәліметтер

	Сақтауға алынған құжаттар саны			
	2017	2018		
		бәрі	соның ішінде, тапсырылғандар	
		ұлттық өтінім берушілер	шетелдік өтінім берушілер	
Өнертабыс	869	778	589	189
Пайдалы модельдер	591	950	862	88
Өндірістік нұсқа	129	219	67	152
Селекциялық жетістік	91	87	69	18
Тауар атауы және шыққан жері	2	5	4	1
Тауар белгілері (ұлттық процедура бойынша)	4053	4211	2466	1745
<i>Жалпы сақтауға тапсырылған құжаттар саны</i>	<i>5735</i>	<i>6250</i>	<i>4057</i>	<i>2193</i>
<i>Халықаралық процедура бойынша тауар белгілерін құқықтық қорғау бойынша тапсырылған құжаттар</i>	<i>3695</i>	<i>5311</i>	<i>–</i>	<i>–</i>

Дереккөз: Ұлттық зияткерлік меншік институтының жыл сайынғы есебі.

Анықтама: 2018 жылы 4 тауар белгісі жалпыға танылған деп танылды (оның 3 ұлттық өтінім берушілер, 1 шетелдік өтінім беруші).

2.3.5-кесте. Қазақстанда өндірістік меншік нысаны бойынша сақтауға берілген құжаттар

Жыл	Сақтауға берілген құжаттар	соның ішінде:		
		өнертабыс бойынша	пайдалы модельдер бойынша	өндірістік нұсқалар бойынша
2014	Бәрі	1504	165	282
	соның: ұлттық өтінім берушілер	1294	92	92
	шетелдік өтінім берушілер	210	73	190
2015	Бәрі	1504	166	282
	соның: ұлттық өтінім берушілер	1334	102	94
	шетелдік өтінім берушілер	170	64	188
2016	Бәрі	1011	577	182
	соның: ұлттық өтінім берушілер	807	490	72
	шетелдік өтінім берушілер	204	87	110
2017	Бәрі	869	591	129
	соның: ұлттық өтінім берушілер	650	532	42
	шетелдік өтінім берушілер	219	59	87
2018	Бәрі	778	950	219
	Бәрі	589	862	67
	соның: ұлттық өтінім берушілер	189	88	152

Дереккөз: Ұлттық зияткерлік меншік институтының жыл сайынғы есебі.

2018 жылы тапсырылған құжаттарды жіктегенде сақтауға тапсырылған өнертабыс құжаттары Халықаралық патенттік классификациямен (ХПК) бөлімі бойынша саралғанда «Адам өміріне қажеттілікті қанағаттандырады» (34%) және «Химия және металлургия» (22,4%) бойынша тіркелген құжаттардың үлес салмағы жоғары болғанын байқауға болады. Есепті кезеңде екі жағдай бойынша сақтауға ұсынылған құжаттар біршама төмен болды (2.3.6-кесте).

2.3.6-кесте. ХПК бөліміндегі өнертабыс бойынша сақтауға ұсынылған құжаттардың жіктелінуі

ХПК бөлімі		<i>бірлік</i>				
		2014	2015	2016	2017	2018
A	Адам өміріндегі сұранысты қанағаттандыру	408	485	354	269	264
B	Әртүрлі технологиялық үрдістер	198	191	141	116	92
C	Химия және металлургия	413	371	208	230	174
D	Текстиль және қағаз	8	3	2	2	3
E	Құрылыс, тау-кен ісі	159	137	87	72	86
F	Механика, жарықтандыру, жылыту	170	167	109	71	60
G	Физика	82	94	75	72	62
H	Электр қуаты	66	56	35	37	36
Бәрі		1504	1504	1011	869	777

*Дереккөз:* Ұлттық зияткерлік меншік институтының жыл сайынғы есебі.

Соңғы бес жылда пайдалы модельдер бойынша сақтауға құжат тапсырудың тұрақты көрсеткішін байқауға болады. 2018 жылы сақтауға 950 патент ұсынылып, 2017 жылмен салыстырғанда 60,7%-ға жоғарылағаны айқындалды. Осы ретте тапсырылған құжаттардың ХПК жіктеуі бойынша да артқанын айта кетуіміз керек.

2018 жылы пайдалы модельдердің ХПК жіктеуі бойынша жинақталған құжаттардың көрсеткішін 2.3.7-кестеден көруге болады.

2.3.7-кесте. ХПК бөлімі бойынша пайдалы модельдер бойынша сақтауға ұсынылған құжаттардың жіктелінуі

ХПК бөлімі		<i>бірлік</i>				
		2014	2015	2016	2017	2018
A	Адам өміріндегі сұранысты қанағаттандыру	31	32	156	159	304
B	Әртүрлі технологиялық үрдістер	29	25	98	98	134
C	Химия және металлургия	6	5	93	129	201
D	Текстиль және қағаз	–	2	1	2	4
E	Құрылыс, тау-кен ісі	36	27	77	72	105
F	Механика, жарықтандыру, жылыту	21	26	65	58	82
G	Физика	34	24	54	49	90
H	Электр қуаты	8	25	33	24	30
Бәрі		165	166	577	591	950

*Дереккөз:* Ұлттық зияткерлік меншік институтының жыл сайынғы есебі.

Бірнеше жылдан бері сақтауға тапсырылған құжаттар арасында А «Адам өміріндегі сұранысты қанағаттандыру» (жалпы көрсеткішпен салыстырғанда үлесі 32%) және С «Химия, металлургия» (21,2%) бағыттары алда келеді.

Сонымен қатар сақтауға тапсырылған құжаттар арасында ХПК жіктеуі бойынша жоғары көрсеткішке «Әртүрлі технологиялық үрдістер» және «Құрылыс, тау-кен ісі» бағыттары ие болып, 14,1 және 11,1%-ды құрады.

2017 жылы салыстырғанда өндірістік нұсқалар бойынша тапсырылған патенттер есепті кезеңде 90 бірлікке, яғни, 69,8%-ға артық екені байқалады. Соның ішінде ұлттық өтінім берушілер 60%-ды құраса, шетелдік өтінім берушілер 75%-ды құрады (2.3.8-кесте).

#### 2.3.8-кесте. Өндірістік нұсқалар бойынша сақтауға құжат тапсыру

*бірлік*

Сақталатын құжаттар (патентке дейінгі және патенттер)	2014	2015	2016	2017	2018
Тапсырылған, бәрі	282	282	182	129	219
соның:					
ұлттық өтінім берушілер	92	94	72	42	67
шетелдік өтінім берушілер	190	188	110	87	152

*Дереккөзі:* Ұлттық зияткерлік меншік институтының жыл сайынғы есебі.

2018 жылы 9522 тауар белгісі тіркелсе, соның 4211 бірлігі ұлттық өтінім берушілердің еншісіне тиеді (2.3.9-кесте).

#### 2.3.9-кесте. Тауар белгілерін тіркеу және белігіні пайдалану

*бірлік*

Көрсеткіш	2014	2015	2016	2017	2018
Тіркелген тауар белгілері, бәрі	9802	9859	10074	7748	9522
соның					
Ұлттық процедура бойынша	3860	3914	4109	4053	4211
соның ішінде:					
ұлттық өтінім берушілер	1835	2038	2087	2418	2466
шетелдік өтінім берушілер	2025	1876	2022	1635	1745
Мадрид процедурасы бойынша келісімдер мен хаттамалар (шетелдік өтінім берушілер бойынша)	5942	5945	5965	3695	5311

*Дереккөз:* Ұлттық зияткерлік меншік институтының жыл сайынғы есебі.

Сараптама мәліметтері көрсеткендей, өткен жылмен салыстырғанда тауар белгілерін тіркеу 22,9%-ға ұлғайғаны байқалады, соның ішінде ұлттық жүйе бойынша – 3,9%, халықаралық жүйе бойынша 43,7%-ды құрады.

Мадрид процедурасы бойынша, яғни, келісім мен хаттамалар тіркелген тауар белгілері (шетелдік өтінім берушілер) өткен жылмен салыстырғанда 1,3 есеге артып, ал ұлттық процедура бойынша 5311 бірлікті құраған.

Осы ретте ұлттық процедура бойынша тіркеулерді саралағанда ұлттық өтінім берушілердің белсенділік танытқанын байқауға болады. Олардың тіркелген нысандарының саны шетелдік өтінім берушілердің ұқсас көрсеткішінен 1,5 есе жоғары және 2466 бірлікті құрады.

### **3. БАСЫМ БАҒЫТТАРДАҒЫ ІРГЕЛІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗДЕМЕСІ** *(Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылым бағыттар бойынша іске асырылуын талдау)*

#### **ҒЫЛЫМ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ**

**«Табиғи ресурстарды, оның ішінде, су ресурстарын тиімді пайдалану, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» басымдығы**

##### ***Су ресурстары саласындағы зерттеулер***

*Әлемде және Қазақстан Республикасында гидрогеологиялық ғылымның қазіргі жағдайы мен даму тенденциясы*

Баяндаманың негізгі мақсаты – Қазақстанның гидрогеологиялық ғылымының қазіргі жағдайы мен оның болашақ даму тенденцияларына, іргелі ғылымның алдында тұрған міндеттерге және оның тәжірибемен байланысын нығайтуға, гидрогеология саласында ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз ету және қолжетімді су ресурстары мен жерасты су қорларын ұтымды пайдалану арқылы елдің су ресурстарының тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Экономиканың одан әрі тұрақты дамуы және Республика халқының әлеуметтік мәртебесін көтеру, ғылым алдында ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен бизнес-құрылымдардың тәжірибесі алдында да тұрған басты міндеттердің бірі болып саналады. Алайда, Еуразия құрлығының орталығындағы құрғақ аймақта орналасқан еліміздің табиғи және географиялық жағдайына, сондай-ақ барлық негізгі өзен жүйелерінің трансшекаралық сипатына байланысты сумен қамтамасыз ету мәселесі өте өткір екендігі анық. Көрші елдермен өркениетті су бөлісудің әлі күнге дейін шешілмеу мәселелеріне байланысты жерүсті су ресурстарына жалғыз ғана балама – қолжетімді (өз аумағымызда қалыптасқан) су ресурстарын барлау және ұтымды пайдалану болып саналады.

Еліміздің гидролог-мамандарының жүргізген зерттеулерімен қатар, БҰҰ мен ЮНЕСКО-ның халықаралық сарапшыларының бағалауы бойынша, болашақта Қытай, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің шаруашылық қызметтерінің қарқынды дамуына байланысты Қазақстанға трансшекаралық су ресурстары ағынының айтарлықтай төмендегені байқалады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті (СРК) сарапшыларының айтуынша, Ертіс, Жайық, Сырдария, Іле және басқа өзендердің беткі ағынын азайту есебінен Республикадағы қолжетімді су ресурстары 2017 жылы 86 км<sup>3</sup>/жылына және 2020 жылға қарай 75 км<sup>3</sup>/жылына дейін төмендеуі күтілуде, ал Қазақстан аумағына қалыпты өтетін жер бетіндегі сулардың жалпы ресурстарының мөлшері жылына 100,5 км<sup>3</sup>/жылды құрайды, оның ішінде тек 56,9 км<sup>3</sup>/жыл ғана елімізде қалыптасады, қалған 43,9 км<sup>3</sup>/жыл сырттан келеді.

## **1. Әлемде және Қазақстан Республикасында гидрогеологиялық ғылымның қазіргі жағдайы мен даму тенденциясы**

Су, соның ішінде жерасты суы, оны пайдалану мен ластануының үздіксіз өсуіне байланысты жыл сайын әлемнің барлық елдерінде, ең алдымен құрғақ, қуаңшылық аймақтарда, заманауи ғасырдың маңызды геостратегиялық мәселесіне айналып келеді. Қазірдің өзінде әлемде бір миллиардтан астам адам тұрғын су тапшылығынан зардап шегуде, ал тағы екі миллиардтайы – мезгіл-мезгілімен пайдаланады.

Қазақстанның территориясы аумағындағы өзен ағыны, оның көлемі бойынша ТМД-да соңғы орынға ие. Жерүсті су ресурстары жыл сайын азайып барады, қазіргі уақытта олардың орташа жылдық шығыны шамамен  $100 \text{ км}^3$  құрайды, оның ішінде  $44 \text{ км}^3$  көрші елдерден – Ресей, Қытай және Орталық Азия республикаларынан құйылады, онымен бірге олардың ластануы да артып келеді. Осыған байланысты Республиканың трансшекара-лық, ең ірі өзендері – Ертіс, Іле, Сырдария, Орал, Шу, Талас және басқа да шағын су ағындары бойынша мәселелер пайда болып, одан да күрделене түсуде.

Жер асты сулары Африка мен Азияның кедей аймақтарында 1 млрд. астам ауылдық отбасылар, сондай-ақ бүкіл әлемдегі халықтың едәуір бөлігі үшін сумен қамсыздандырудағы маңызды қайнар болып саналады. Соңғы 50 жыл ішінде әлемде жер асты суларын алу өндірістің айтарлықтай өсуіне және ауыл шаруашылығы аудандарының экономикалық дамуына ықпал ете отырып, кем дегенде үш есе өсті. Қазіргі уақытта жер асты сулары әлемде ауыз судың жартысына жуығын жеткізіп, тұрмыстық пайдалану үшін негізгі су көзі болып есептеледі. Осы орайда Қазақстан елді сапалы жерасты суымен қамтамасыз ету міндеттерін айтарлықтай табысты іске асырып келеді [1,2,3].

Су ресурстарының алаңдық таралуының біркелкі болмауы, суды тұтынудың үздіксіз артуы, жер үсті суларының елеулі ластануы, экономикалық тұрғыдан дамыған аудандардағы жерасты суларын абаттандыруды күшейту, сапалы тұрғын судың жетіспеушілігі және басқа да факторлар жерасты суларын жасанды толтыру әдістерін пайдалануды және олардың қорын реттеуді қажет етеді. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің ұсынысы мен қаржыландыруы бойынша гидрогеологиялық зерттеулердің перспективалы бағыты 2015-2018 жылдары табысты орындалды. Әлемдік тәжірибелерді зерделеу мен Қазақстанның гидрогеологиялық жағдайларын зерттеу негізінде алғаш рет Қазақстанның түрлі физикалық-климаттық және геологиялық-геоморфологиялық жағдайларында жерасты су ресурстарын жасанды толтырудың ұтымды жүйесін пайдалану бойынша әдістемелік негіздемелер жасалды.

Қазақстан аумағындағы жерасты су қорларының қалыптасуы және таралу заңдылықтары У.М. Ахмедсафин атындағы гидрогеология және геоэкология институтының ғалым-мамандарымен және Республикалық геологиялық қызмет бөлімшелері зерттеледі. Жерасты суларының болжанған ресурстарының жалпы көлемі  $2038 \text{ м}^3/\text{с}$  ( $64,3 \text{ км}^3/\text{жыл}$  немесе орташа ұзақ

мерзімді жерүсті су ресурстары 62,7%) құрайды, соның ішінде: тұщы жерасты су ресурстары 1282 м<sup>3</sup>/с (40,4 км<sup>3</sup>/жыл). Елімізде 2,9 мыңнан астам жерасты суларының кен орындары мен учаскелері бар, олардың бекітілген қорлары 495,0 м<sup>3</sup>/с (15,6 км<sup>3</sup>/жыл немесе болжанған тұщы су ресурстарының 38,6%) құрайды.

Қазақстанның өндірістік күштерінің даму қарқыны су ресурстарының жетіспеушілігін, әсіресе, құрғақ аймақтардағы мәселелерді шешуді талап етеді. Осыған байланысты гидрогеологиялық ғылым алдында мәселелер тұр, оның ішінде жерасты су ресурстарының қоректенуі мен оларды жыл сайын толықтырып отыру мәселесі маңызды болып саналады [4].

Қаржыландыру мен білікті кадрлардың жетіспеушілігіне қарамастан, Институт ғалымдары және өндіріс гидрогеолог-қызметкерлері бірлесе отырып, ғылым мен тәжірибенің қазіргі өзекті бағыттарындағы зерттеулерді жалғастырып келеді. Айта кетсек, Қазақстанның табиғи аймақтық және пайдалану ресурстарын және жерасты су қорларын бағалау бойынша зерттеулер табысты жүргізілді. Мемлекеттік деңгейдегі жерасты суларын аймақтық бағалау жұмыстары бойынша республика аумағының 93%-ынан астамы 1:200000 масштабтағы гидрогеологиялық картаға түсірілді. 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша болжанған ресурстар жылына 36,74 км<sup>3</sup>, ал пайдалану қорлары жылына 15,45 км<sup>3</sup> құрады. Сонымен қатар, жылына 1,1 км<sup>3</sup> болатын жалпы өндіру көлемі 0,79 км<sup>3</sup>/жыл қолданылған. Көрсетілген мерзім бойынша мемлекеттік балансқа барлық жерасты суларының 2905 кен орны (3499 учаскесі) есепке алынды. Осы зерттелген кен орындарының тек 578-і ғана қолданыста. Төменде 2015 жылы (1-кесте) әкімшілік аудандардағы ауыз суға және техникалық қажеттіліктерге арналған жерасты суларын пайдалануды бөлу және оларды су шаруашылық бассейндері бойынша бөлу 2-кестеде келтірілген.

### **Тұщы су мәселелері.**

Қазақстандағы су заңнамасының өзекті мәселелерінің бірі – ауызсумен қамтамасыз ету мәселелерін құқықтық реттеу. Халықты қажетті мөлшерде және кепілді сапада ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Ауыз су» салалық бағдарламасын бекітті. Бағдарлама шаралары шамамен 4,0 млн. адамды және 3 миллионнан астам қала халқын қамтиды.

Суды пайдалануда халықтың ауызсу және тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мәселесі басымдық болып есептеледі. Соңғы он жыл ішінде су қабылдағыштардың көлемі аздап тұрақтанды және шамамен жылына 800-900 млн. м<sup>3</sup> құрады. Республика бойынша бір қалалық тұрғынға тұрмыстық және ауыз су қажеттіліктеріне керекті меншікті су тұтыну тәулігіне орташа есеппен 167 л/тәул., ал бір ауыл тұрғыны үшін 68 л/тәулікті құрайды. Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелері Республиканың барлық өңірлері және қалаларын қамтиды. Республика халқын орталықтандырылған су құбырларымен қамтамасыз ету 75,2%-ды, орталықтандырылмаған су көздері – 21,0%, ашық су қоймалары – 1,6%, түрлі көздерден әкелінген су 2,2%-ды құрайды. Ауылдық елді мекендерді орталықтандырылған сумен



1-кесте. 2016 жылға Қазақстан Республикасының әкімшілік аудандары бойынша ауыз су және техникалық су қажеттіліктеріне жерасты су қорларын бөлу.

Әкімшілік аудандар	МҚК/МКЗ (АҚК), Мың м <sup>3</sup> /тәулікпен бекітілген жерасты су қорлары	Жерасты су кен орындарының (ЖСК) саны	Олардың ішінде пайдаланылады	Су шығару көлемі, мың м <sup>3</sup> /тәул.
Ақмола	443,3	249	57	24,7
Ақтөбе	1905,8	270	60	147,5
Алматы	16721,8	242	27	602,2
Атырау	233,4	66	11	1,7
Шығыс Қазақстан	6500,7	348	88	370,8
Жамбыл	4711,2	168	18	298,6
Батыс Қазақстан	328,6	196	63	41,5
Қарағанды	2883,3	263	54	184,1
Қостанай	1055,9	208	66	187,1
Қызылорда	1469,6	189	38	91,9
Маңғыстау	355,2	60	18	71,1
Павлодар	3895,8	191	37	98,3
Солтүстік Қазақстан	185,5	151	25	7,1
Оңтүстік Қазақстан	2075,1	304	16	262,7
ҚР бойынша барлығы	42765,2	2905	578	2389,3

2-кесте. Қазақстан Республикасының су шаруашылығы бассейндеріндегі ауызсу және техникалық қажеттіліктерге арналған жерасты суларының қорларын 2016 жылға бөлу.

Су шаруашылығы бассейндері	МҚК/МКЗ (АҚК), мың м <sup>3</sup> /тәулікпен бекітілген жерасты су қорлары	Жерасты су кен орындарының (ЖСК) саны	Олардың ішінде пайдаланылады	Су шығару көлемі, мың м <sup>3</sup> /тәул.
Арал-Сырдария	3189,6	427	54	354,7
Балқаш-Алакөл	19645,0	320	30	602,1
Ертіс	8167,9	493	126	470,1
Есіл	531,9	390	82	31,7
Жайық-Каспий	2765,9	548	151	261,1
Нұра-Сарысу	2292,6	248	49	183,0
Тобыл-Торғай	1119,6	254	68	187,9
Шу-Талас	5052,5	225	18	298,6
ҚР бойынша барлығы	42765,2	2905	578	2389,3

жабдықтау, бұрын жергілікті (бір елдімекенге) және топталған (бірнеше елдімекендер) су құбырларын салу арқылы шешіліп келген. Ауылдағы барлық ірі су құбырларды тұтыну және техникалық қызмет көрсету үшін мемлекет тарапынан жәрдем қаржы бөлініп отырған [5, 6].

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарларына сәйкес су ресурстарының тапшылығын қысқарту және сумен қамтамасыз ету деңгейін арттыру – мемлекеттің басым міндеттерінің бірі. Бұл, бір жағынан, Республиканың халықаралық міндеттемелерімен де сабақтас. Қазақстан БҰҰ Тұрақты даму жөніндегі комиссиясының, «Еуропа үшін қоршаған орта» және «Азия үшін қоршаған орта және тұрақты даму» үдерістерінің, Дүниежүзілік кәсіпкерлер Кеңесінің тұрақты даму үшін өңірлік Еуразиялық желісінің мүшесі және белсенді қатысушысы болып саналады. Осы тұрғыда Қазақстанда «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы», Қазақстан Республикасының Су кодексі, «Тұрақты даму және әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына кіру» сынды бірқатар басқа да маңызды мемлекеттік бағдарламалар қабылданды.

Елдің барлық ірі өзендері (Орал, Сырдария, Ертіс, Іле) трансшекаралық болғандықтан, олардың көршілес мемлекеттердің (Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан) аумағында реттелгенін де ескеру қажет. Олардың су ресурстары Қазақстан аумағы бойынша біркелкі бөлінбегендіктен әрі ластанғандықтан, көптеген өңірлер мен республика экономикасының салаларында ауыз су мен техникалық судың өткір жетіспеушілігіне әкеліп соғады.

Сондықтан жерасты сулары сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады, өйткені олар ластанудан қорғалған және кең таралған. Жерасты суларын пайдалану экономиканың басқа салаларында да маңызды рөл атқарады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы шаруашылық-ауызсумен қамтамасыз ету көздері негізінен жерасты сулары (жалпы баланстың 51%-ын құрайды), бұл Ақмола облысында 10,84% болса, Ақтөбе облысында 99,7%-ға дейін өзгеріп отырады. Геология комитетінің аумақтық басқармаларының мәліметінше, ауызсумен қамтудағы жерасты суларының үлесі республика бойынша 91,4%-ды құрайды. Ауызсуды тұтынудың жалпы балансында жерасты суларының үлесі 56%-ды құрайды, бұл ауылдық жерлерде 68%-ға дейін жетеді. Мысалы, Қазақстанның ең ірі мегаполисі, Алматы қаласын 60-70%-ға дейін ауызсумен қамтамасыз ету, Іле Алатауының тау бөктерінің ысырынды конустарымен шектелген жоғары сапалы жерасты суларының кен орындары есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстанның гидрогеологиялық ерекшеліктері, оның жеке аймақтарының қамтамасыздығына әсер ететін жерасты ауызсу ресурстарының аумақтық таралуының біркелкі емес екендігін алдын ала анықтады: ауыз су ресурстарының жартысынан көбі елдің оңтүстігінде, үшінші бөлігі – орталық, солтүстік және шығыс аймақтарында, ал оның бесінші бөлігінен азы – батыста орналасқан. Өте шектеулі су ресурстары Солтүстік Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Ақмола облыстарында орналасқан. Тек Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Шығыс Қазақстан, Павлодар,

Ақтөбе облыстары тұщы жерасты су ресурстарымен жеткілікті түрде қамтылған, ал Жамбыл, Қарағанды, Қостанай және Қызылорда облыстары ішінара қамтамасыз етілген.

Республикада жерасты су қорларын ұлғайтудың үлкен перспективалары бар. Сонымен, У.М. Ахмедсафин атындағы гидрогеология және геоэкология институтының гидрогеологиялық зерттеулерінің мәліметтері бойынша тұщы жерасты суларының болжамды ресурстары тәулігіне 63 млн.м<sup>3</sup> құрайды, бұл геологиялық барлау жұмыстарын растауды қажет етеді.

Су ресурстарын қалыптастыру және пайдаланудың іргелі және қолданбалы мәселелерімен айналысатын Қазақстанның ғылыми ұйымдары, соның ішінде У.М. Ахмедсафин атындағы гидрогеология және геоэкология институты, жерасты суларын ең басты табиғи ресурс ретінде оларға зерттеулер жүргізеді, әсіресе, жыл сайын жаңартылатын табиғи ресурстарды бағалау экономиканың орнықты дамуы мен елдегі қолайлы экологиялық жағдайдың шешуші факторы ретінде қарастырады.

### **Гидрогеологиялық процестерді математикалық модельдеу.**

Қазіргі уақытта жерасты суларын ұтымды пайдалану, оларды сарқылудан және ластанудан қорғауға қатысты қолданбалы гидрогеологиялық проблемаларды шешу айрықша маңызға ие, сондай-ақ инженерлік құрылыстарды жерасты суларының зиянды әсерінен қорғау өзекті мәселе болып отыр. Жүргізілген зерттеулердің дәлдігін арттыру заманауи ақпараттық технологияларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Сырдария артезиан бассейнінің аймақтық математикалық моделі гидрогеологиялық жағдайдағы өзгерістерді болжамдау және жерасты су ресурстарын оңтайлы пайдалану жөнінде ұсыныстар жасау үшін құрылған. Модельдеу нәтижелері бойынша табиғи факторларға байланысты техногендік факторлардың гидрогеологиялық жағдайына салыстырмалы немесе басым әсер ету туралы қорытынды жасалды. Аймақтық модель негізінде, Қызылжарма жерасты су кенорнында модель-врезка бөліп алынып, жоғарғы турон сулы горизонтының жерасты су қорларын есептеу үшін пайдаланылды және олар Қазақстан Республикасының қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясында мақұлданды. Бұл зерттеулер Қызылорда қаласын шаруашылық ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін жүргізілді. Модельдеу әдістері гидродинамикалық және сапа критерийлері бойынша жерасты суларының пайдалану қорларының негізділігін, сондай-ақ кен орнының қоршаған ортаға зиянды әсерінің жоқтығын дәлелдеді. Су тарту әсерінен гидрогеологиялық жағдайлардың өзгеруі туралы жедел болжамдар алу үшін модель тұрақты жұмыс істейтін болып қайта құрылды. Тұрақты жұмыс істейтін модельдің ерекшелігі, оны ұзақ уақыт бойы пайдалану мүмкіндігі болып саналады. Модельді жасау процесі табиғатта циклдік болып табылады және объект туралы жаңа мәліметтерді - табиғи факторлар, техногендік әсер, жерасты суларының мониторингі деректері және т.б. ақпараттарды алуға байланысты.

Математикалық модельдеу Солтүстік Қотыртас кен орнының (Каспий маңы ойпаты) пайдалану қорларын бағалау үшін пайдаланылды. Модельдеу

нәтижесі кенорынды пайдалануды оңтайландыру мәселесін шешу үшін нақты экономикалық және техникалық критерийлерді әзірлеу қажеттілігін көрсетті. Ақтоғай мыс кенорнының тау-кен қазбалары орнына су құйылуының моделі құрылды.

Қазіргі уақытта Институт мақсатты қаржыландыру бойынша «Қазақстан Республикасының жерасты су ресурстарының геоақпараттық-аналитикалық жүйесін автоматтандырылып қалыптастыру әдістері мен құралдарын енгізу және бейімдеу» жобасы негізінде «Климаттық және антропогендік өзгерістер жағдайында Қазақстан Республикасының жерасты суларын ұтымды пайдалану және қорғау жөніндегі ғылыми-әдістемелік және геоақпараттық-аналитикалық қолдау» бағдарламасын жүзеге асыруда. Зерттеулердің негізгі мақсаты жерасты су қорлары мен ресурстарының геоақпараттық-аналитикалық жүйесін автоматтандырылып қалыптастыру әдістері мен құралдарын әзірлеу және бейімдеу болып саналады.

Геоақпараттық-аналитикалық жүйелер, жерасты су ресурстарының жай-күйіне елеулі антропогендік жүктемелер мен климаттың жоғары әсерімен сипатталатын аудандарда қолданылуы тиіс. Мұндай жүйелер жерасты суларының саны мен сапасына әсер ететін негізгі параметрлердің белгісіздігі жағдайында өте тиімді [7].

Институт жерасты су қорлары мен ресурстарының геоақпараттық-аналитикалық жүйесін автоматтандырылып қалыптастыру әдіснамасын әзірледі және оның семантикалық және графикалық деректер базаларын және математикалық модельдер базасын қамтитын архитектурасын толығымен сипаттады. Ақпараттық жүйеде, жерасты су қорларын картаға түсіру, жерасты суларының (табиғи, болжамдық, пайдалану) ресурстарын және әкімшілік аудандарды гидрогеологиялық аудандастыру схемаларын, гидрогеологиялық жүйелерді және су шаруашылық бассейндерін құру мүмкіндіктері қарастырылды. Әкімшілік аудандар көлемінде су ресурстарымен қамтамасыздығының картасы құрылды. «Қазақстанның жерасты су ресурстары» және «Қазақстанның жерасты суларымен қамтамасыздығы» карталарының компьютерлік макеттерін әзірлеу принциптері қаралды.

«Қазақстанның жерасты сулары – елді тұрақты сумен жабдықтаудың стратегиялық ресурсы» (2015-2017 жж.) мақсатты бағдарламаның шеңберінде «Гидрогеологиялық және геоэкологиялық зерттеулер және жерасты гидросферасын ұтымды басқарудың заманауи картографиялық негізін құру» атты бағдарлама 4 әзірленді. Зерттеулердің бірінші кезеңінде гидрогеологиялық зерттеулердің отандық және шетелдік тәжірибелері жете зерттеліп, арнайы гидрогеологиялық карталарды құру әдістері мен технологияларға талдау жасалынды.

ГАЖ технологияларын мүмкіндігінше пайдалана отырып, Батыс, Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Қазақстан аумақтарында ЖСЖТ әдістерін қолдану арқылы зерттеулердің нәтижесінде жерасты су қорларын «қой-малау» жасанды толтырудың перспективалық аудандарын көрсету негізінде 1:1 000 000 масштабтағы арнайы гидрогеологиялық карталар құрылды.

Жұмыс барысында, Қазақстанның жоғарыда аталған аймақтарының жерасты суларын жасанды толықтыру мүмкіндігін бағалау үшін аймақтық гидрогеологиялық зерттеулердің материалдары, мониторинг деректері, су сыйыстырушы жыныстардың геофльтрациялық параметрлерін анықтау нәтижелері жинақталып талданды.

Жерасты суларының таралу өрісін, сандық және сапалық параметрлерін әртүрлі мақсаттарда: шаруашылық-ауыз су, емдік минералды, геотермальды және өнеркәсіптік, жылу энергиясын алу және құнды химиялық элементтер мен металдар өндіру үшін анықтау мәселелері маңызды орын алады.

#### **Термальды сулар.**

Геотермальдық энергия – жаңартылатын энергия көздерінің ең маңыздысы, олар бүгінгі күнде дәстүрлі энергияға бәсекелес болып танылады. 2015 жылы әлемде қуаты 15,2 мың мегаватт болатын геотермальдық электр станциялары жұмыс істей бастады. Ең үлкен жетістікке жеткен елдер: АҚШ (2020 МВт), Филиппин (1931 МВт) Мексика (953 МВт), Индонезия (807 МВт) және т.б.

Жақында және жақын болашақта геотермальдық ресурстарды пайдаланудың негізгі басымдықтары, сөзсіз, жылумен жабдықтау және электр қуатын өндіру болып танылады. Геотермальды судың электрлік емес қолданылуына келетін болсақ, олардың жылу көзі ретінде пайдалануы қазіргі уақытта жылына 72 622 ГВт/сағ құрайды (Дж.Лунд және Д. Фрейтстон). Ең жиі қолданылатын қондырғылар – жылу сорғыштар (33%), жылумен жабдықтау (29%), бассейндер (20%), жылыжайлар (7,5%), ауыл шаруашылығы (4%), өндірістік процестер (4%) және т.б.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде геотермальды сулардың таралу үлестірілімінің негізгі гидрогеологиялық заңдылықтары, олардың химиялық және газдық құрамдары анықталды, сондай-ақ геотермальды сулардың болжамды қорлары да бағаланды. Геотермальды су ресурстары бойынша алғашқы арнайы зерттеулердің нәтижелері мен оларды пайдалану мүмкіндіктері төмендегідей:

Жаркенттік депрессия көлемінде геотермальды сулардың жалпы болжамды қорлары (400-ден асады) тәулігіне 295 мың м<sup>3</sup> құрайды. Алматы депрессиясында геотермальды сулардың болжамды қорлары (400-ден астам) тәулігіне 93,5 мың м<sup>3</sup> бағаланды. Іле бассейнінің ойысы бойынша геотермальды сулардың барлық болжамды қорлары тәулігіне 388,5 мың м<sup>3</sup>. Бірақ бұл қорлар ҚМК-мен бекітілмеген. Сонымен қатар Іле бассейні ойысындағы геотермальды сулар ауыл шаруашылығымен, жылумен қамтамасыз ету қажеттілігіне ғана пайдалану ұсынылған. Шымкент облысындағы жылу суларының болжамды қоры тәулігіне 248,7 мың м<sup>3</sup> бағаланады. Бұл қорларды шағын ауылдық бизнес, халықты ыстық сумен қамтамасыз ету, коммуналдық қызметтер мен тұрмыстық қызметтер үшін пайдалануға ұсынылды.

Гидрогеология және геоэкология институты дайындаған «Оңтүстік Қазақстандағы жылу суларын халық шаруашылығында пайдалану бойынша ұсыныстарды» негізге ала отырып, Алматы, Талдықорған, Шымкент және Қызылорда облыстарында геотермальды суларды игеру бойынша ұсыныстар

мен жобалау алдындағы зерттеулер әзірленді. Мұнда сулы қабаттардың жату тереңдігі 650-2700 м, жоғары қысымды – жер бетінен 18-ден 190 м-ге дейін, минералдығы төмен – 1 г/л-ге дейін, су температурасы - 60-103°C және одан да жоғары болып келеді.

Геотермальды суларды, ең алдымен, тұрғын үйлерді, жылыжайлар мен мал шаруашылығын, сондай-ақ елді мекендердің коммуналдық кәсіпорындарын жылумен қамтамасыз ету үшін тәжірибелік қолдану туралы шешім қабылданған еді. Содан кейін, бұл суларды аграриялардың көкөніс бақшалары мен ауыл шаруашылық дақылдарын суару үшін қолдану қажет, өйткені бұл сулар аз минералданған. Есептеулер көрсеткендей, геотермальды суларды жыл сайын пайдалану, тек бір терең ұңғымадан жылына 2,5 млн. тоннадан астам отынды үнемдеуге мүмкіндік берді. Бұл тәжірибе, қазандық қондырғылар арқылы жылумен жабдықтаудың дәстүрлі жүйелерін пайдалану геотермальды сулардың жылу энергиясына қарағанда қымбат екенін көрсетеді [8, 9].

### **Өнеркәсіптік суларды кешенді пайдалану.**

Өнеркәсіптік сулар табиғаттың экзогендік және эндогендік тұздықтырымен генетикалық байланысты, сондықтан олардың жерасты гидросферада оқшаулануы күшті және өте күшті тұздықтардың таралу аймақтарында, яғни өнеркәсіптік сулардың тиісті провинциялары деп аталатын Каспий ойысында, Маңғыстау-Үстірт, Шу-Сарысу және Оңтүстік-Торғай ойыстарында көптеп кездеседі. Бұл сулардағы микроэлементтер құрамы өнеркәсіптік талаптарға (кемінде, мг/л) сәйкес 5 литий, 1 рубидий, 0,3 цезий, 300 стронций, 0,05 германий, 500 калий, 10 йод, 300 бром, 50 бор кездеседі.

Каспий маңындағы өндірістік сулардың перспективалық облыстары бар провинциялар: 1) Солтүстік Каспийде сирек металдар мен йод-бромды өнеркәсіптік су микрокомпоненттерінің құрамынан (мг/л) 80 литий, 28 рубидий, 230 цезий, 8100 стронций, 10 000 калий, 35 йод, 7470 бром, 2960 бор; 2) Ақтөбе-Орал маңы йодты өнеркәсіптік су құрамынан (мг/л) 45 йод, 95 бром; 3) Оңтүстік Ембі құрамынан бром бар өнеркәсіптік су (мг/л) құрамында 370 бром, 2,8 йод; 4) Шығыс-Каспий маңы құрамынан литий-рубидий-стронций бар өнеркәсіптік судың микрокомпоненттерінің құрамынан (мг/л) 17 литий, 3,5 рубидий, 600 стронций, 100 йод, 450 бром, 600 бор кездеседі.

Маңғыстау-Үстірт өндірістік сулардың перспективалық облыстары бар провинциялар: 1) Оңтүстік Маңғыстау-Үстірт көп компонентті сулар болып саналады және құрамында (мг/л) 11,3 литий, 3,1 рубидий, 560 стронций, 7 йод; 2) Бозашы-Солтүстік-Үстірт йод-бромды сулар (мг/л) құрамында 20 йод, 540 бром, 40 бор бар.

Шу-Сарысу провинциясындағы өнеркәсіптік сулардың перспективалық аудандар:

1) Көкпансор ауданындағы концентрациясы бар өндірістік сулар (мг/л) құрамында 165 литий, 3 цезий, 12,5 рубидий, 1500 стронций, 3400 калий, 190 йод, 260 бром, 270 бор; 2) Мойынқұм аймағындағы өндірістік сулар құрамында (мг/л) 67 литий, 3,2 рубидий, 0,9 цезий, 3550 стронций,

1750 калий, 90 йод, 2620 бром, 40 бор; 3) Тесбұлақ аймағындағы өндірістік сулар құрамында (мг/л) 3500 калий, 19 йод, 3000 бром кездеседі.

Оңтүстік Торғай провинциясының өнеркәсіптік сулар ауданы: Оңтүстік Торғай аймағы Оңтүстік Торғай облысымен бірге стронций-бромды сулар микрокомпоненттерінің құрамы (мг/л) 1200 стронций, 370 бромнан тұрады.

Өнеркәсіпте сирек элементтерге деген қажеттілік жыл сайын артып келе жатқандықтан оны тұздықтан өндірген өте тиімді саналады [10, 11, 12].

### **Геоэкология саласындағы ғылыми зерттеулер.**

Соңғы жылдары экологиялық проблемалар жердің көптеген құрғақ аудандарында өзекті бола бастады. Қазақстанда мұндай жер қатарында шөлейттену және жайылымдық жерлердің тозуы, руданың ашық кеніштері мен мұнай-газ кен орындары, көмір өндіру, сондай-ақ уран шоғырларын жерасты шаймалау учаскелері орналасқан Арал өңірінің аумағы болып есептеледі. Осы айтылған аймақта экологиялық проблемалар қоршаған орта деградациясы жағымсыз үдерістерінің дамуына, фауна мен флораның жойылуы мен шөлдейттену үдерістерін болдырмау мақсатында зерттеулер жүргізуді қажет етеді. Осыған байланысты Институт ғалымдары геоэкологияның маңызды бағыттары саналатын «Урбанизацияның, антропогендік үдерістерді, тау-кен жұмыстарының әсерінен табиғи орта және оның өзгеруі»; «Аймақтарды геоэкологиялық бағалау: геоэкологиялық картографияның заманауи әдістері мен әдістемелері; мемлекеттік экологиялық сараптама мен бақылаудың ғылыми негіздерін дамыту» бойынша зерттеулер жүргізуде [12-14].

Бұл тақырып қазіргі уақытта өзекті болып саналады, табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен тіршілік ететін геосфералық қабық ресурстарының міндеттерін шешуді, оларды қорғауды, ұтымды пайдалануды және бүгінгі әрі болашақ ұрпақ үшін өнімді табиғи ортаны сақтауды қажет етеді. Институтта техногенез жағдайында гидрогеологиялық үдерістер мен жүйелерді зерттеу саласында айтарлықтай жұмыстар атқарылды:

– елдегі су нысандарындағы экологиялық-техногендік бұзылу мен апаттардың пайда болуы және олардың пайда болу қаупін болжау;

– Оңтүстік және Орталық Қазақстанның тау-кен өндіру аудандарында экологиясы нашарлаған аймақтардағы жерасты су ресурстарын және техногендік-гидрогеологиялық үдерістерді болжау мен басқарудың теориялық және әдіснамалық базасын жасау;

– жерасты (шахталық) геотехнологиялық ерітінділерді пайдалану әдістерін жетілдіру;

– Оңтүстік Қазақстан аумағында экологиясы нашар және тау-кен өндіру аудандарындағы табиғи-техногенді гидрогеологиялық үдерістерді басқару сценарийлерін болжау және дамыту.

Институттағы жерасты су көздерін іздестіруде, әсіресе, жіті зерттеу барысында жиналған деректерді жергілікті бұрғылау ұйымдарының көмегімен, ірі қаржы шығындарынсыз шаруа қожалықтары өздерін сапалы ауызсумен қамтамасыз етуі үшін нақты ұсынуға болады. Бұл тәжірибе қазіргі уақытта шағын шаруа қожалықтарына өздерінің шаруашылықтарын ауызсуға

және ауыл шаруашылық дақылдарын суаруға қажетті су ресурстарының қажетті бөлігімен қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

### **Қорытындылар мен ұсыныстар.**

#### ***(Гидрогеология және геоэкология саласында)***

Гидрогеология саласы бойынша қазіргі уақытта және болашақта еліміздің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселерін шешу, әсіресе, халықты ауызсумен қамтамасыз ету және экономиканың барлық нысандарын, аграрлық секторды аймақтық, ұлттық және трансшекаралық деңгейде жерасты суларымен қамтамасыз етуге жан жақты назар аударылады. Экожүйелердің табиғи теңгерімін сақтауға, қоршаған ортаның бұзылуына жол бермеуге және таза ауызсумен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді. Кез келген аумақта жерасты суларын пайдалану, сол аумақтағы су ресурстарының тек жыл сайынғы жауын-шашын есебінен толған бөлігін ғана өндіруге бағытталуы қажет.

Жерасты суларын пайдалану саласындағы маңызды перспективалық және басым міндеттер тізбесіндегі келесі бағыттар бойынша шаралар әзірлеуді қарастыру қажет:

– ауызсуға жарамды жоғары сапалы жерасты суларын тиімсіз өндіру мен тұтынуды төмендету;

– қолайлы төмендеу рельефтері мен жасанды су қоймаларына тұщы су түрлерін (жерасты, өзен, қар, нөсер) сақтау арқылы оның жойылуын едәуір азайту;

– судың ластану көздері мен аймақтарын оқшаулау және жою;

– ПӘӘ тәжірибеде қолдануды жетілдіру ;

– көктемде қардың еріген суын жинау арқылы құрғақ аудандардағы жерасты су қорларын жасанды толтыру тәжірибесін кеңейту, сондай-ақ қараусыз қалған карьерлер мен ашық тау-кен өндірістерін жауын-шашын суларын жинауға бейімдеу.

– қолданыстағы жерасты суларын мониторингілеу желісін, әсіресе, экологиясы нашарланған аймақтарда кеңейту.

### **Жаңа материалдар мен технологиялар саласы бойынша зерттеулер.**

*Қазақстан жетістіктеріне шолу және талдау.*

Қазақстанда жаңа материалдар мен технологиялар саласы бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулердің маңызды нәтижелері Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Е.А. Букетов атындағы ҚарМТУ, ҚБТУ, «Физико-техникалық институты» ЖШС және Химико-металлургиялық институты сияқты жетекші техникалық оқу орындарында және ғылыми-зерттеу институттарынан алынған.

### **Жаңа материалдар және олардың қасиеттері.**

Сапасы жоғары жаңа корытпа алудың, оларды құю және термиялық өндеудің прогрессивтік технологияларын жасаудың ғылыми негізі көп компонентті металдық жүйелердің фазалық диаграммалары болып саналады.



Қазіргі заманғы металдар теориясы «алғашқы принциптердің» негізінде фазалық диаграммаларды есептеуге мүмкіндік бермейді [1,2]. Тәжірибелік зерттеулер аса үлкен материалдық шығындарды және ұзақ уақытты қажет етеді. Компоненттердің саны өскен сайын мұндай шығындар арта түседі [1-3].

Осыған байланысты көп компонентті жүйелердің фазалық диаграммаларын есептеудің жаңа тиімді әдістерін жасау және оларды қолдану – айрықша **өзекті** мәселе. Есептеу әдістері фазалық диаграммаларды тұрғызу үшін теориялық физиканың, есептеу техникасының және қорытпалардың термодинамикалық, физикалық қасиеттерін зерттеудегі жетістіктерді пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, материалтану саласында қазіргі заманғы мамандарды ақпараттық қамтамасыз етудегі негізгі бағыттардың бірі – физика-химиялық мәліметтер банкіні жасау және пайдалану, фазалық күй диаграммаларын болжау үшін қажетті ақпараттық іздеу жүйелерін жасау болып саналады. Сондықтан, фазалық диаграммалар туралы мәліметтерді жинау, өңдеу және оларды сақтау туралы жұмыс жүйелі түрде қолға алына бастады.

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ ғалымдары металдар мен қорытпаларда жүретін фазалық өзгерістерді, компонент атомдарының энергетикалық параметрлерін ескере отырып, есептеу әдісін ұсынып отыр [3-5]. Есептеу әдісімен фазалардың атомдық-кристалдық құрылыстарының параметрлері, фазалық өзгерістердің жылу эффектілері және қарапайым элементтердің пайда болу энергиялары анықталған. Элементтердің булану, балқу және полиморфты өзгеріс температурасы анықталған. Сонымен бірге, суыту немесе қыздыру кезінде сұйық және қатты фазалардың құрылымдық ерекшеліктері анықталған.

Сонымен бірге, көп компонентті металл жүйелердегі фазалық тепе-теңдікті есептеу және олардың күй диаграммаларын тұрғызу әдісі жасалды. Thermo-Calk (Швеция) бағдарламасы арқылы деформацияланатын ыстыққа төзімді алюминий қорытпаларының негізі ретінде Al-Zr-Fe-Si жүйесінің фазалық диаграммасына сандық талдау жүргізілді. Көрсетілген жүйенің фазалық диаграммасындағы изотермиялық және политермиялық қималары есептелген [5-8].

Есептеу нәтижесінде  $Al_3Zr$ ,  $Al_{20}Cu_2Mn_3$  фазаларының кристалдары ең көп бөлінетін концентрациялық және температуралық аймақтар анықталған. Құрамында 1% дейін церконий кездесетін алюминий қорытпаларының құрылысы мен механикалық қасиеттеріне олардың химиялық құрамының, термиялық өңдеу және деформациялау режимдерінің әсері зерттелген. Құйма және деформацияланатын алюминий қорытпаларында 0,4-0,6% дейін цирконий қолдануға болатыны көрсетілген. Аталған жұмыста ұсынылған есептеу әдістерін, компьютерлік бағдарламаларды жаңа қорытпаларды алуға және оларды өңдеу технологияларын жасауға қолдану, даяр бұйымдар алу үшін қажетті материалдар шығынын және қаржыландыруды азайтуға мүмкіндік береді. Ғылыми зерттеу жұмыстарына қажетті уақытты азайтады.

Қазақстан мен Ресейдің мұнай-газ өндіру саласындағы өзекті мәселелердің бірі – ЭОС насостарының жұмыс ресурсын арттыру және оларды пайдаланғанда орын алатын электр энергиясы шығынын азайту. Қазақстандағы ЭОС насостарын қолданатын ұңғыма саны 19355. Олардың ішінен 1 343 ұңғыма ЭОС жабдықталған. Олардың көмегімен өндірілетін мұнай өнімдері 9,93% жетеді. Соңғы жылдар бойынша мұндай деректер кездеспейді.

Ресейде мұнай өндіретін 135 мың ұңғыманың 80 000-ға жуығы ЭОС қондырғысымен жабдықталған. Жалпы Ресей бойынша өндірілетін мұнайдың 77% ЭОС көмегімен өндіріледі. Ресейде ЭОС-қа деген жыл сайынғы қажеттілік 7-8% артып отыр. Мысалы, 2016 жылы ЭОС-қа сұраныс 35 мыңнан асты (2 млрд. доллар). ЭОС қорын анықтайтын жұмыс элементтерінің нарығы ЭОС нарығына қарағанда әлдеқайда кеңірек.

Қазіргі уақытта ЭОС стандартты сатысы никель кездесетін шойын-ниреист және ұнтақты темір-графит композициясынан дайындалады. Ресейде ұнтақ материалдардан жасалатын сатылар кеңінен қолданылады.

Мамандардың есептеуі бойынша мұнай өндірісіндегі электр энергия шығынының 50% ұңғыма сорғыш қондырғыларының үлесіне тиеді. ЭОС кететін электроэнергия шығынын 10-15% төмендетсе, бүкіл Ресейдің мұнай өндіру саласында жылына 11-16 млрд.кВт/час/жыл немесе 28-40 миллиард рубль үнемделер еді.

ЭОС жұмыс элементтерінің ресурстарын арттыру, әсіресе, күрделі ұңғыма қорды пайдалану кезінде **айрықша өзекті**. ЭОС ресурстарын арттыру үшін жаңа материалдарды және тиімді өңдеу технологияларын қолдану қажет. Сондықтан жаңа материалдарды өндіру технологияларын жасауға, қара және түсті металдар негізіндегі сапалы қорытпалар алуға және олардан даяр бұйым өндіруге бағытталған кез келген ғылыми зерттеу жұмыстары аса маңызды.

Осыған байланысты ҚазҰТЗУ, МИСиС, ООО «СТРИНГРЕЙ ПЛАЗМА» (Ресей) ұжымдарының ғалымдары мен мамандары ЭОС жұмыс сатыларын жасау үшін сапалы болаттар немесе легіріленген шойындардың орнына, ыстыққа төзімді алюминий қорытпасын ұсынылып отыр [9]. Бұл көп фазалы эвтектикалық қорытпа. Оның құрамында өте ұсақ дисперсті фаза  $Al_3Zr$  кристалдары бар (олардың өлшемдері 5-10 нм). Құрылысы осындай қорытпа беріктігі бөлмелік қана емес, жоғары температураларда да сақталады.

Беріктік қасиеті мен ыстыққа төзімділігі бойынша жаңа қорытпа стандартты деформацияланатын ыстыққа төзімді алюминий АК4-1 қорытпасынан едәуір асып түседі. Жаңа қорытпаның бөлме температурасындағы ағымдық шегі 300 МПа, ал 350°C (3 сағат) кезінде күйдіруден кейінгі ағымдық шегі 230 МПа құрайды. Бұл жоғары температурада (270 °C) бар сұйықтықты айдау кезінде инновациялық сатысы бар сорғыштарға жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ ғалымдары №100-16-ГК – ғылыми техникалық коммерциялық жоба аясында Қазақстанда алғаш рет экономды легіріленген, жұмыс температурасы 300-350<sup>0</sup> дейін болатын алюминий

қорытпасын алу өндірісін қолға алды. Сонымен бірге, осы қорытпадан, бетінде нанокұрылымды керамикалық қорғаушы қабаты бар ЭОС жұмыс сатыларын алу көзделіп отыр. Осы мақсатта инновациялық, электролиттік-плазмалық оксидтеу қондырғысы жасалған. Аталған жоба нәтижелері мұнай өндірудің тиімділігін арттырады және өндірілген мұнайдың әрбір тоннасына кететін шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. ЭОС жұмысына кететін электроэнергия шығынын азайтады.

Плазмалық-электролиттік оксидтік (ПЭО) қорғаушы қабаты бар жаңа материал-конструкциялық алюминий қорытпасы үйкеліске және коррозияға төзімділігі жоғары, жауапты машина бөлшектерін және басқа даяр бұйымдарды жасау барысында қолдануға болады. Мұндай материал Қазақстан, Ресей, Азербайжан, Қытай және басқа елдердің түрлі өндіріс саласында, атап айтқанда, мұнай өндіру, мұнай газ және энергетикалық тасымалдау, машина жасау, полиграфия және т.б. кең қолданылады.

Көпжылдық кешенді (зертханалық, натурлық және теориялық) ғылыми зерттеулер нәтижесінде ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институтында **«Тұтқыр-серпімді материалдардың сатылы шаршау деструкциясының заңдылықтары (Телтаев қағидаты)»** атты ғылыми ашылым жасалды (авторы – техника ғылымдарының докторы, профессор Телтаев Бағдат Бұрханбайұлы). Ғылыми ашылым Халықаралық ғылыми ашылымдар және өнертабыстар авторларының академиясы мен Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясында (Мәскеу қ.) жабық сараптамадан өтіп, ресми түрде мойындалып, № 501 диплом берілді (30-қыркүйек, 2017 жыл).

**Ашылым формуласы:** Көп мәрте қайталанатын жүктеу әсерінен болатын асфальтбетон жамылғының шаршау деструкциясы бірінен кейін бірі ауысып отыратын кезеңдер бойынша жүзеге асады; әр кезеңде жамылғының бөліктері өздеріне тән (созылу-иілу-сығылу ретімен ауысып отыратын) деформациялану түрі бар ерекше диссипативтік құрылым ретінде жұмыс істейді.

Ашылым түрлі жасанды құрылымдар мен құрылыстарда болатын беріктену және деструкция құбылыстарын қайтымсыз үдерістер термодинамикасы мен сызықтық емес жүйелер динамикасы (синергетика) қағидаларының негізінде ғылыми түсіндіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, циклдік жүктеу жағдайларында жұмыс істейтін инженерлік құрылымдар мен құрылыстардың қызмет мерзімін болжаудың жаңа тәжірибелік және теориялық әдістерін жасауға ғылыми негіз болуы мүмкін.

Дүниежүзілік энергетика саласында термиялық тұрақты электр өткізгіштеріне аса үлкен көңіл бөлінуде. Мұндай электр сымдары электр өткізгіштігі жоғары және беріктігі 300<sup>0</sup> дейін қыздырғанда жеткілікті дәрежеде сақталуы тиіс. Қазақстан Республикасы үшін қазіргі электр энергетикалық таралу инфрақұрылымын өзгерту проблемасы өзекті саналады. Осы бағытта жоғары кернеулі электр жүйелерін құру барысында негізгі міндет отандық шикізаттардан жаңа, ыстыққа төзімді электр сымдарын алу болып

саналады. Олардың электр өткізгіштігі жоғары және беріктігі  $300^0$  дейін сақталуы қажет. Мұндай температурада легіріленбеген техникалық алюминий сымдарының беріктігі өте азаяды. Әдетте қолданылатын А5Е және А7Е қорытпалары термиялық тұрақсыз. Сондықтан бәсекеге қабілетті жаңа қорытпа алу және өңдеу технологияларын жасау, олардан ыстыққа төзімді механикалық беріктігі жоғары және электр кедергісі бар электр сымдарын алу **өте маңызды**. Тәжірибе көрсеткендей, іздеудің перспективалық бағыты – цирконий қосылған аз легіріленген алюминий қорытпаларын жасау.

Қазірше электр өткізгіш алюминий-цирконий қорытпаларын алудың тиімді технологиясы жасалған жоқ.

Ұзақ уақыт бойы құрамында цирконий жоғары алюминий қорытпаларын алу үшін аса үлкен жылдамдықпен кристалдандыру (RS/PM) технологиясы қолданылып келді. Бірақ бұл әдіс алынған жартылай фабрикаттар бағасының жоғары болуына байланысты қолданыс таппады.

RS/PM технологиясына балама ретінде беріктігі жоғары алюминий-цирконий қорытпаларын және олардан термиялық төзімді сымдар алудың теориялық негіздері КазҰТЗУ және МИСиС ғалымдарының бірлескен еңбектерінде көрсетілді [7-9]. Авторлар жаңа жылу өткізбейтін алюминий қорытпаларын және оларды өңдеу технологиясын жасау үшін бірінші кезекте құрылымдау деңгейінде қажетті деформация мен механикалық сипаттамаларды біріктіруге мүмкіндік беретін қоспалау принциптерін жасау қажет деп есептейді.

Жоба идеялары мен қолданыстағы аналогтар арасындағы түбегейлі айырмашылық қорытпалардың жылуға төзімділігі негізінен  $L1_2$  ( $Al_3Zr$ ) фазасындағы нанобөлшектердің саны мен мөлшеріне байланысты. Меншікті электрлік кедергі (МЭК) негізінен алюминий қатты ерітіндісіндегі цирконий концентрациясына қатысты; ең аз меншікті электр кедергісін қамтамасыз ету үшін алюминий қорытпасын  $450^0$  температурада 3 сағат қыздырып, өңдеуден өткізу қажет. Меншікті электр кедергісінің, беріктігінің және ыстыққа төзімділігінің оптималдық мәндерін қамтамасыз ету үшін қорытпадағы цирконий концентрациясы 0,3 % Zr кем болмауы керек және қыздырып өңдеу температурасы  $400-450^0$  аралығында болуы тиіс.

Қазіргі уақытта авторлар ыстыққа төзімді алюминий қорытпалары мен электр сым үлгілерін алды және технологиялық сынақтар жүргізді [1-7]. Кешенді зерттеу нәтижелерінің негізінде ғылыми техникалық жоба дайындалды. Жоба бойынша алюминий-цирконий қорытпалары құймаларын және олардан термо тұрақты сымдар алу жоспарланған. Нәтижесінде Қазақстанда легіріленген алюминий қорытпаларын және электр сымдарын алудың жоғары технологиялық өндіріс бөлімшесі құрылады.

### **Күн элементтері және жүйелері.**

Бүгінгі күні металл-органикалық (перовскиттік) қосылыстардың негізіндегі, күн сәулесіне спектральдік сезімталдығы кең, жұмсақ нано өлшемді ячейкалардан құрастырылған күн батареялары перспективалы болып саналады. Бұған инновациялық технологияларды іздеу және жүзеге

асыру бағытындағы дүниежүзілік зерттеулер негіз бола алады. Болашақта жұқа пленкалы технологиялар күн элементтерін алу барысында кремний технологиясын және басқа көлемдік технологияларды толығымен ығыстырып шығару қажет. Қазақстанда да тиімділігі >15%-тен артық органикалық фотогальваникалық приборлар күн батареяларын жасаудағы баламалы технологияның негізі болады. Болашақта коэффициенті 40%-дан жоғары болатын, тиімділігі басым фотоэлектрлік энергоқондырғылар жасау Қазақстан экономикасына тиімді болады.

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың бір топ ғалымдары көміртекті нанотүтікшілердің, органикалық және полимерлік заттардың негізінде күн элементтерін алу мәселесімен айналысады. Қазіргі уақытта ҚазҰТЗУ және Техас технологиялық университетінің (США) зерттеуші тобы перовскиттік құрылымдар негізінде нанокұрылымды, жұмсақ, икемді күн элементтерін және принциптік тұрғыдан жаңа, гибридтік интерфейстік материалдар алу туралы жаңа ғылыми-техникалық жоба ұсынды. Жаңа интерфейстік материалдар болашақ электрондық жүйелерде материалдардың электроөткізгіштік және жылу өткізгіштік қасиеттерін тәуелсіз бақылау үшін қажет болады [10-17].

Көп қабырғалы көміртекті нанотүтікшелер, жұқа электр өткізгіш пленкалар – болашақ электроникаға керекті инновациалдық материалдар. Бұндай материалдар күн элементінің активті зонасында бос электрондар мен оң зарядты «бос орындар» тудыруға қабілетті. Нәтижесінде жұмсақ баламалы электр энергиясының көзін алуға болады. Мұндай жұмсақ энергия көздерімен архитектуралық ғимараттар мен құрылымдардың бетін жабуға болады. Жұмсақ күн элементтері жаңа жұқа пленкалық технологиялардың негізінде құрастырылады. Мөлдір полимермен шаңнан және ылғалдан қорғалған, осындай жұқа жұмсақ күн элементінің  $1\text{ м}^2$  ауданынан 150 Вт электр энергиясы өндірілетін болады.

Жобада көміртекті нанотүтікшелердің негізінде принциптік түрде жаңа, жұқа күн элементтерінің аса жоғары механикалық қасиеттерін, электр және жылу өткізгіштіктерін қамтамасыз ететін, сонымен бірге, тығыздығы жоғары электр энергиясын тасымалдауға қабілетті гибридтік интерфейстік материалдар алынады.

Ұсынылып отырған перовскиттік металл-құрылымдық құрылымдар негізіндегі күн элементтеріне қол жеткізудің жұқа пленкалы технологиясы қымбат емес, экономикалық тұрғыдан тиімді, экологиялық таза болып келеді. Күн модулінің қалыңдығын бағасымен қоса 100 есеге дейін азайтуға болады. Ауданы  $1\text{ м}^2$  болатын мұндай модульдің салмағы бір килограмнан аспайды. Активті қабаттарға қол жеткізу барысында төменгі температуралық арзан технология қолданылады. Жобада қымбат материалдар мен технологиялар қолданылмайды. Гибридтік элементтерді полимерлер мен нанотрубкалардан әдеттегі химиялық лабораторияда өндірістік масштабта алуға болады.

Қазіргі уақытта кремний күн панелдерінің 1 шаршы метрі 300 долларға бағаланса, перовскитті күн панелдерінің 1 шаршы метрі 100 доллардан аз. Бір шаршы метр күн батареясының салмағы бір килограмнан артпайды (кремний

батереясының салмағы 17-25 кг). Сондықтан электр энергиясын көп мөлшерде, бәсекеге сай бағамен өндіруге болады.

Жылу энергиясын тасымалдау және қайта бөлу жүйелеріне арналған көп қабатты көміртекті нанотүтікшелердің негізіндегі гибридті композиттерге қол жеткізу технологиясы коммерциялық тұрғыдан басқа аналогтарына қарағанда тиімді болып келеді. Энергетикалық қондырғыларда жылу сорғыларымен суыту және жылу энергиясын бөлу жүйелері тиімсіз, көлемінің 90%-ға жуығын алады. Компьютерлерде электрондық платалар, схемалар өте жоғары температураларда жұмыс істейді. Қолданыстағы суыту жүйелері қазіргі заманғы электроникада, микроэлектроникада бөлінетін, тығыздығы жоғары жылу энергиясын басқаруды қамтамасыз ете алмауда. Жеткілікті дәрежеде жылу алуды және қайта бөлуді қамтамасыз ететін жаңа материалдар және технологиялар қажет.

Болашақта көпқабатты көміртекті нанотүтікшелер негізіндегі тығыздығы жоғары композит материалдар, жылуды тарататын өте ауыр мыс құрылымдарын ауыстыруға қабілетті бол бастайды. Мұндай материалдардың электр және жылу өткізгіштері өте жоғары, өте жеңіл, жұмсақ және агрессивті орталарға да ыңғайлы.

Сонымен, перовскиттік құрылымдар негізіндегі күн панелдерінің жана түрлерін жасаудың арзан өндірісі электр энергетикасын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Бірақ, қазірше ешбір елде перовскитті күн панелдерін алу өндірістік масштаб негізінде жолға қойылмаған. Панелдердің жеке үлгілерін АҚШ, Қытай және Ресей ғалымдары алған.

Перовскит және көміртекті нанотүтікшелердің негізіндегі ток өткізгіш жұқа пленкаға ұқсас материал кездеспейді. Оның орнына мөлдір жұқа пленка ретінде индий және қалайы оксидтері қолданылады. Бірақ бұл материалдар морт сынғыш келеді және өте қымбат.

**Наноплазмоника: наноқұрылымының синтезі мен қасиеттерін зерттеу.**

КарМТУ ғалымдары түрлі өлшемді күміс және алтын нанотүйіршіктерін (НТ) синтездеу технологиясын оптимизациялау туралы зерттеулер жүргізді. Химиялық синтездеу кезінде судағы ертіндіде өте аз өлшемді НТ пайда болатыны көрсетілген. Күмістің НТ өлшемдері 4-5 нм болады. Алтынның НТ өлшемі 9 нм жетеді. Лазерлік абляция әдісінің көмегімен күміс және алтын НТ алынған. Мұнда күміс пен алтынның НТ өлшемдері 55 және 38 нм болды. Синтезделген күміс және алтын НТ үшін плазманды резонанстың негізгі сипаттамалары келтірілген.

Лазерлік абляция әдісімен сұйықтыққа Al нанобөлшектері және Al/Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> наноқұрылымдары алынды. Синтезделген нанобөлшектердің мөлшері еріткіштің қайнау температурасына байланысты екендігі анықталды. Оптикалық, электронды-микроскопиялық өлшеуіштер және спектрлік қасиеттерді сандық үлгілеу нәтижелері бойынша суда алюминийді лазерлік абляциялау кезінде наноқұрылымды Al/Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> қалыптастыру орнатылған. НТ Al және Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> оксиді қабығынан ядро пайда болады.

Ag/TiO<sub>2</sub> және Au/TiO<sub>2</sub> күрделі нанокұрылымдарды синтездеу технологиясы әзірленді. Плазмонды резонанстың қасиеттерін зерттеу НҚ-дағы (электрондық тығыздық) ПДТ-ның сандық көрсеткіші нашарлайтынын көрсетті, ал ПДТ сапалық көрсеткіші (плазмалық тербелістердің өшу коэффициенті) TiO<sub>2</sub> жұқа қабығы жағдайында жақсаруы мүмкін. Сонымен қатар, TiO<sub>2</sub> қабықшасының синтезінен кейін НҚ Ag/TiO<sub>2</sub> люминесценциясының қосымша жолағы пайда болады. Бақыланатын шам TiO<sub>2</sub>-дан Ag-ға зарядты тасымалдауға байланысты. Синтезделген НҚ Au/TiO<sub>2</sub> зарядтарды Au-дан TiO<sub>2</sub>-ге тасымалдауға қатысты қосымша люминесценция жолақтары тіркелмеді.

Функционалдық топтардың болуы, сондай-ақ хромофорлар арасындағы метилен көпіршесінің ұзаруы сіңіру жолақтарының батохромды ығысуына және полиметиндердің флуоресценциясына ықпал етеді. Бұл ретте флуоресценцияның кванттық тиімділігі және бояғыштардың экстинкция коэффициенттері зарядқа да, молекулалар құрылымында функционалдық топтардың болуына да байланысты емес.

“Физика-техникалық институт” ЖШС ғалымдары электрондық парамагнитті резонанс (ЭПР) құбылысына негізделген спектроскопияның сезімталдығын арттыру әдістемесін әзірледі, олар үшін ЭПР әдісімен зерттеулер арамагнитті орталықтардың аз шоғырлануына байланысты шектеледі.

Зерттеу барысында күн элементтеріне арналған жұқа пленкаларды синтездеу әдістемесі әзірленді. Селенизация әдісімен сурьма селенидінің жұқа пленкалары және синтезделген магнетронды тозандату арқылы сурьма сульфидінің жұқа пленкалары алынды, сондай-ақ сурьма селенидінің пленкалары ерітіндіден электршөгу әдісі негізінде қол жеткізілді, титан диоксидінің жұқа пленкалары және золь-гель әдісімен перовскит алынды.

Золь-гель улағыш қабат пен жартылай өткізгіш оксидт пленкалардың жұқа пленкаларын синтездеу әдісі, нанокұрылымды оксидті материалдар мен жұқа жартылай өткізгіш пленкаларды синтездеудің гидротермалдық әдісі әзірленді. Нанокұрылымды оксидті материалдардың құрылымы, электрлік және люминесценттік қасиеттері зерттелді.

Мырыш ацетаты ерітінділер негізінде ZnONPs нанобөлшектерін синтездеудің төмен шығынды технологиясы қарастырылды. Синтезделген үлгілердің фотокаталитикалық белсенділігі, морфологиясы, құрылымдық қасиеттері зерттелді. Электрондық микроскопия және XRD нәтижелеріне сәйкес төмен температуралы синтез барысында алынған үлгілер шағын өлшемдерге және жоғары меншікті бетке ие. Барлық синтезделген ZnO үлгілері эталондық үлгіге жақын вюрциттің гексагоналды құрылымын көрсетеді. РН деңгейін 6-дан 11-ге дейін арттыру фотокаталитикалық белсенділігі зауыттық үлгіге қарағанда жоғары ұнтақ синтездеуге мүмкіндік берді және күйдіру ұзақтығын арттыру неғұрлым белсенді үлгілерді алуға мүмкіндік береді.

**2. Ғылымдағы әлемдік үрдістерге шолу және талдау, отандық және шетелдік ғалымдардың өзара ынтымақтастық негізінде жасаған үлгілері және халықаралық ғылыми ұйымдармен (ХҒТО, НАТО, ИНТАС жәнет.б.) шарт бойынша орындалған жұмыстар.**

**Нанотехнологияның ең танымал және алдыңғы қатарлы саласы – жаңа наноматериалдарды, ең алдымен графенді әзірлеу.** Графен, мәні бойынша, кристалл. Тек өте кішкентай көміртегі атомының бір молекуласының қалыңдығы, бірақ өте берік болаттан 200 есе артық.

Графенді композиттік материал ретінде пайдалану жеңіл жерсеріктер мен ұшақтарды құруға, транзисторларда кремнийді алмастыруға және баллистикалық транзисторлар құруға, пластмассаға электр өткізгіштік қасиет беуге және материалдардың өткізгіштігін мүлдем күшейтуге, аккумуляторлардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Графиттік және тұрмыстық өмірге прогресс бөліктерін сіндіреді, мысалы, жеңіл, мықты пластик пен өнімдерді ұзақ сақтауға мүмкіндік беретін пластикалық контейнерлер; органикалық жарық диодты дисплей және механикалық әсерге төзімді медициналық имплантаттар; сондай-ақ жоғары қуатты және жоғары жиілікті электрондық құрылғылар.

Американдық it-алыбы IBM көпшілікке графен негізінде жасалған 100 GHz транзисторын көрсетті және жақында 1 THz қуаты бар процессор көрсетуге уәде берді.

Ал сәуір айында графен негізінде алғашқы коммерциялық өнім өндіру жайы белгілі болды. Калифорния CalBattery компаниясы Аргонн ұлттық зертханасымен (ArgonneNatLab) бірлесіп, үшінші буынды литийион батареяларын шығарды. Жаңа материал батареялардың сыйымдылығын екі есе арттыруға мүмкіндік берді. Мұндай бәсекелестік артықшылығы бар өнімнің пайда болуы жақын арада жергілікті нарықтағы жағдайды өзгерту қаупі байқалды.

Жақында жаппай нарыққа шыққан **наноматериалдардың басқа сыныбы – аэрогельдер.** Бұл сұйық фаза толығымен газ тәрізді орналасқан гельдер. Аэрогельдер бірегей қаттылыққа, мөлдірлікке және ыстыққа төзімді. Бұл ретте олардың тығыздығы төмен. Аэрогельдер газ және сұйық сүзгілердің жаңа буыны ретінде, ғарыш шаңына арналған тұзақ ретінде пайдаланылады. Аэрогельден жарылғыш заттарды өндіру жобасы әзірленді. Әскери сарапшылар жүргізіліп жатқан әзірлемелердің бірнеше негізгі бағыттарын атап өтеді: жетілдірілген құрылымдық және оптикалық көрсеткіштері бар қару-жарақ жасау, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаудың жаңа құралдарын және физиологиялық белсенді заттарды дайындау. Сондай-ақ әскери жағдайларда сарбаздар мен әскери техниканы бүркемелеуге арналған аэрозольдық қоспаларды әзірлеу.

**Нанотехнологияларды қолдану үшін** медицинаның да перспективалы болашағы бар деп болжануда. Мысалы, ағзадағы түрлі заттардың концентрациясын қадағалайтын миниатюралық датчиктер рөлінде нанобиочиптерді қолданатын диагностика. Немесе түрлі ауруларды экспресс-талдайтын



маркерлер. Бірақ дәрі молекуласын қабынған тұсқа дарытатын дәрі наноупаковканың болашағы маңызды. Әдетте қабылдағаннан кейін дәрі ағзаның тіндеріне біркелкі бөлінеді, бірақ онкологиялық жағдайда, мысалы, препаратты ісікке тікелей жеткізу қажет. Бұл ретте химиотерапияның әсерінен сау жасушаларды қорғау қажет. Қазір белсенді енгізіліп жатқан дәрі-дәрмектерді наноконтейнерге жеткізудің атаулы тәсілі таяудағы жылдары қатерлі ісіктен терапевтік әдістермен емделетін онкологиялық аурулардың пайызын арттыруы тиіс [<http://www.nanonewsnet.ru/articles/2012/kommersant-novye-materialy-sozdannye-s-ispolzovaniem-nanotekhnologii-realno-menyayut-n>].

**Жаңа бағыт:** “Ақылды композиттер” – өзін-өзі диагностикалау функциясы бар және ұшатын “ағзаның” қандай да бір өзгерістеріне реакциялары бар бұйымдар. Диагностикаланатын материал қандай да бір агрегаттың қандай жүктемелерге ұшырайтынын, оларға жол берілетінін немесе берілмейтіндігін хабарлайды. Бұдан әрі осы “ақылды композиттер” ұшу жылдамдығы мен режиміне байланысты қандай да бір ерекше профиль жасай отырып, ұшу жылдамдығына ықпал етуі тиіс.

Қазір тоқыма әдісімен конструкцияны дайындау технологиясына үлкен қызығушылық танытуда: дайындама жасалып, содан кейін байланыстырғыш арқылы сіндіріледі. Тоқудың арқасында бүлінуге төзімді және оның өміршеңдігі зақымдануға жоғары болып келеді. Жергілікті бүлінуге қарамастан, конструкция жұмысқа қабілетті болады.

**Шектен тыс берік материалдар.** Солтүстік Каролина мен Канададан келген зерттеушілер тобы машина құрастыруда қолданылатын қорытпаның жаңа түрін синтездеді. Қорытпа ресми атау алған жоқ, сондықтан ғылыми жұмыстарда химиялық формула бойынша  $Al_{20}Li_{20}Mg_{10}Sc_{20}Ti_{30}$  деп белгіленеді. Құрамы белгілі 5 металл қоспасынан тұрады: магний, алюминий, литий, титан және скандий. Материалдың тығыздығы алюминий тығыздығынан аспайды, ал беріктігі бойынша құрамына кіретін титаннан асып түсті. Ақпарат көзі: <https://qwizz.ru>

Қорытпа өндіру әдісінің сыры. Дайындау алдында тең пропорцияда бөлшектер мөлшері 12 нанометрден аспайтын ұнтақ тәрізді ингредиенттерді мұқият араластырады және орташалайды. Осыдан кейін 5,9 ГПа артық қысымда диффузия арқылы балку процесі жүреді. Осы жаңа материалды көрсететін мәндер қазіргі кездегі барлық конструкторлық аналогтардан асып түседі. Тығыздығына қарай керамиканың жекелеген сорттары бар, бірақ олар өте нәзік. Жаңа металл қорытпасының беріктігі көміртекті талшық деңгейінде сақталады, бірақ мұндай талшық тым пластикалық, аталған үлкен жүктеме немесе механикалық әсер кезінде оның деформациясын тудырады, сондықтан оны машина жасауда қолдану шектелген. Қазір өнеркәсіптік көлемде қорытпаларды шығару және оның өндірісін ең төменгі мәндерге дейін арзандату бойынша дайындамалар жүргізілуде.

**Пластмасса тораптары бар қозғалтқыш.** Көлік саласындағы салмақты төмендетудің негізгі нүктесі барлық уақытта шанақ (кузов) пен шассидің салмағын азайту арқылы құрылымдардың рельефі болып саналды. Осы

бағытта айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе отырып, машина құрастыру рельефті жалғастыруға мүмкіндік беретін технологияны ойлап тапты. Фраунгофер ғалымдары (Германия) келесі кезең іштен жану қозғалтқышын жеңілдету болуы тиіс деп есептеді. Стандартты ол жоғары термотұрақтылыққа ие металдардың ауыр сорттарынан жасалады, бірақ зерттеушілер металл бөлшектерін жеңіл пластикалық композиттермен алмастыруға батыл әрекет жасады. Дереккөз: <url> <https://qwizz.ru>

**Үйкелісті жеңу.** Аргонның (АҚШ) ұлттық зертханасы машина құрастыру үшін әзірленген жаңа технология ұсынды, ол екі түрлі материалдардың үйкелісін нөлге дейін макроскопиялық деңгейде төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл параметрді азайту үшін қазіргі заманғы майлау материалдарын пайдаланады, ал төмендету болмашы ғана алынады. Сондықтан америкалық ғалымдар нанобөлшек деңгейінде үйкеліске назар аударды, өйткені макро масштабта үйкеліс тудыратын бұзушылықтан гөрі атомның тартылуы маңызды. Дереккөз: <url> <https://qwizz.ru>

Зерттеушілер тест барысында бір жазықтықты графенмен, ал екінші бетіне Алмаз-көміртекті құрамды шандыжабады. Осыдан кейін екі беті бір-біріне жылжиды. Кішкентай алмастар өз жазықтығынан жыртылып, беттер арасында сырғанаған кезде үйкеліс коэффициенті нөлдік сипатта болды.

**Бөлшектерді жасаудың жаңа тәсілі.** Күрделі және аса дәлдікті бөлшектерді жасау лазерлік қондырғылардың жұмысына айналады. Дәлдік бағытталған лазерлік сәуленің көмегімен кез келген аралықпен және графикалық өрнектермен металды жұқа кесу жұмысы орындалады. Лазер дәнекерлеу жұмыстары барысында да қолданылады. Бұл технология үлкен салмағы және кең дәнекерленген ауданы бар металдардан жасалған ірі габаритті бөлшектер жағдайында өте маңызды. Бұл әдіс, сенімділік, үнемдік және жылдамдылық сипаттары ескеріле отырып, аргонды ортадағы ауада жиі қолданылады. Дереккөз: <url> <https://qwizz.ru>

**Машина жасаудағы инновациялық технология** лазерді – лазерлік қабатты синтез әдісін қолданумен байланысты. Соның арқасында күрделі пішінді бөлшектерді өсіреді. Лазерлік синтездің көмегімен ыстыққа төзімді болаттан, алюминийден немесе титаннан түрлі бөлшектер жасайды. Бұл процесс 3D технологиясы бойынша жүреді: лазер бірнеше сағат ішінде бөлшекті орындайтын ұнтақты балқытады. Мұндай бұйымдар аса тығыздықпен сипатталады, бұл оларды авиациялық және ғарыш саласында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл ескі әдістерді қолдану кезінде пайда болған мүмкін деформациялар мен сыну жағдайларын нөлге жеткізуге мүмкіндік береді.

**Өздігінен тазаланатын бояу.** Nissan компаниясы машинаны күнделікті күтуді минимумға жеткізуге мүмкіндік беретін автомобиль бояуын жасады. Жаңа типті бояу нанобөлшектерден тұратын ультратон қабаты арқасында жұмыс істейді, олар шаң, кір, машина майы, органикалық еріткіштер және басқа да ластаушы түрлері. Алынған материалдың сынақтары үшін Nissan Note моделі таңдалды. Ақпарат көзі: <url> <https://qwizz.ru> ескерту.

Бірнеше ай бойы сыналған Технология Ultra-EverDry деп аталады. Ол қоршаған орта мен бояу арасында жұқа ауа жағылады, беттен бөгде агенттер итереді. Сонымен қатар, Ultra-EverDry авто жуу арасындағы уақытты ондаған есе арттыруға мүмкіндік береді, ол ылғалмен байланыс салдарынан корпусты деформациядан қорғайды, бұл пайдалану уақытын ұзартады және конвейерден кейін ұзақ уақытқа модельдің мінсіз түрін сақтайды.

**Материал-қалам.** Boeing компаниясы ұсынған инновациялық технология машина жасау әлемінде нағыз сенсация болды. Ол құрылымында 99,99% ауа бар Microlattice өте жеңіл материал. Шамадан тыс жеңілдіктен жана материалдың кішкене бөлігі қалам немесе одуванчика сияқты ауада. Соныменқатар, қалқып тұрады. Ол өте икемді, соққыға төзімді, жоғары қысымды көтере алады және тіпті 50% деформациядан кейін бастапқы құрылымын қалпына келтіре алады. Microlattice құрылымы 100 нанометр қалыңдығы бар ультра жұқа полимерлі қуыс түтіктерден тұрады, бұл адамның шашымен салыстырғанда мың есе жұқа. Түтіктер жекелеген материалдардың молекулалық торы түрінде реттеліп орналасқан. Түтіктер арасында барлық бос кеңістік ауамен қамтылған. Ақпарат көзі: <url><https://qwizz.ru> ескерту.

### **3. Қазақстанның және жоғары дамыған шетелдердің жетекші ғылыми мектептерінің жетістіктері мен даму үрдістерін талдау.**

Жаңа материалдар мен технологиялар бойынша Қазақстанның жетекші ғылыми мектептерінің жетістіктері мен даму үрдістер негізінен 1-бөлімде көрсетілген. Ғылыми мектептер, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, ҚБТУ, “Физика-техникалық институт” ЖШС және химия-металлургия институты сияқты Республиканың жетекші техникалық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының базасында құрылған. Жаңа инновациялық материалдар мен оларды алу және өңдеу технологияларын жасау бойынша әлемдік зерттеу орталықтары: АҚШ, Англия, Германия, Қытай, Жапонияның ірі университеттері болып саналады.

### **4. Ғылыми жетістіктерді шолу және талдау бойынша қорытындылар мен ұсыныстар және тақырып бойынша ұсыныстар**

Бағалы тау-кен қорлары бар Қазақстан қазіргі уақытта отандық шикізаттан жоғары сапалы көміртекті және легирленген болаттарды, сондай-ақ түсті (алюминий, магний, титан және т.б.), сирек және балқу температурасы жоғары металдар негізіндегі арнайы қорытпаларды өндірмейді. Қорытпалар мен функционалдық материалдар, сондай-ақ осы материалдардан жасалған дайын бұйымдарды өндіру үшін жетті барлық металл өнімдері жоғары баға бойынша шетелден сатып алынады. Отандық кәсіпорындар бәсекелестік баға өнімін шығара алмайды немесе қосымша құны жоғары емес технологиялық қарапайым өнім шығарады. Мысалы, республикада мұнай-газ жабдықтарына деген қажеттілік импорт есебінен 90% қанағаттандырылады. Қазақстанда теміржол машина жасау өнімдерінің

90%-дан астамы шетелдерден әкелінеді. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау да импортталатын жинақтау-шылардың құны өнімнің жалпы құнының 50%-ын құрайды.

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының басым бағыты жоғары сапалы құрылымдық және функционалдық материалдар өндірісінің қуатты саласын құру болды. Қазақстанның атом энергетикасында, авиациялық-ғарыштық техникасында, мұнай-газ, тау-кен өндіру, металлургия және машина жасау өнеркәсібінде Конструкциялық материалдардың барлық түрлеріне: жоғары берік, Тот баспайтын және тозуға төзімді болаттарға, түсті және сирек металдар негізіндегі қорытпаларға, нанокұрылымды композициялық және ұнтақты материалдарға деген қажеттілік үнемі өсуде. Алюминий, магний, мыс, титан, никель және басқа да түсті және сирек металдар негізінде жоғары сапалы, күрделі қоспаланған болат пен қорытпаларды шығару бойынша өндіріс орындарын құру перспективалы болып табылады. Қара және түсті металдар негізіндегі қорытпалар, қысқа (5-6 МКМ) талшықтармен беріктендірілген және табиғи минералдар мен кешенді легіріленген.

Қазақстан Республикасында прибор жасау, авиациялық-ғарыштық техника, атом энергетикасына арналған техника жасау сияқты өнеркәсіптің жаңа салаларын құру үшін наноматериалдар, аморфты заттар, жұқа пленкалар мен арнайы жабындар өндіру технологиясын әзірлеу қажет.

Қазақстан Республикасының индустриялық дамуының болашағы әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті жаңа металл, жартылай өткізгіш және басқа да материалдарды алудың ғылымды қажетті технологияларын әзірлеу мен байланысты екені сөзсіз.

Бүгінгі таңда, материалтанушылар мен өндіріс орындарының алдында отандық жаңа техника жасаушылардың тапсырысы бойынша жаңа материалдар мен дайын бұйымдарды өндіру мен өңдеудің “серпінді” технологияларын әзірлеу мен іске асырудың аса маңызды қажеттілігі тұр. Осы міндетті іске асыру үшін мамандандырылған ғылыми-өндірістік зертханалар құру және жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың материалдық-техникалық базасын нығайту қажет.

#### **«Энергетика және машина жасау» басымдығы**

#### ***Баламалы энергетика саласындағы зерттеулер***

#### ***Қазақстан ғылымының жетістіктерін шолу және талдау***

Баяндамада «Энергетика және машина жасау» басымдығы аясында «Баламалы энергетика» бағыты бойынша Қазақстан ғалымдарының ғылым жетістіктеріне шолу жасалып, талдау жүргізіледі. Атап айтқанда, соңғы 3 жылда қазақстандық ғалымдардың «Баламалы энергетика» бағыты бойынша ғылыми қызметінің нәтижелері мен бағыттары сипатталған, соның ішінде Web Science және Scopus және т.б. деректер қорларына енгізілген ғылыми журналдарда шыққан жарияланымдар талданған. Сөйтіп, ядролық энергетика-ядролық реакторлардың қауіпсіздігін арттыру үшін қажетті перспективті материалдарды зерттеуге аса көп көңіл бөлінген, сондай-ақ

ядролық энергияның қоршаған ортаға және адамға теріс әсерін болдырмау талданған. Жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласында басымырақ күн, сутегі, био және жел энергиясы, сондай-ақ энергияны сақтау жүйелерін және гидроэлек-троэнергетикалық жүйелер үшін перспективті материалдар мен технология-ларды зерттеуге көп көңіл бөлген. Сонымен қатар отандық және шетелдік ғалымдар мен ғылыми ұйымдардың ынтымақтастығы көрсетілген. Бұдан басқа, баяндамада Қазақстанның жетекші ғылыми мектептерінің баламалы энергетикадағы және практикалық зерттеулердегі жетістіктері мен даму тенденцияларына талдау жасалды. Зерттеу және талдау қорытындысы бойынша Қазақстанда баламалы энергетиканы әрі қарай ғылыми дамыту бойынша тиісті тұжырымдар мен ұсынымдар берілді.

### **1. Қазақстан ғылымының жетістіктеріне шолу және талдау**


Баламалы энергетика саласындағы ғылыми қызмет, «Энергетика және машина жасау» басымдықтарындағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. 2016 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңде баламалы энергетика атом энергетикасы мен жаңартылатын энергия көздері саласындағы ғылымды дамытуға бағытталған.

Осылайша, Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының (ҰМҒТСО) деректері бойынша, Ұлттық ғылыми кеңес қабылдаған келешегі мол ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік құрылымдау жұмыстарының бағыттарына және жақында мақұлданған ғылыми жобаларға, негізінен, перс-пективті ядролық реакторлар мен жетілдірілген сипатта-малары бар үдеріс-терді, сондай-ақ термоядерлі энергетика саласындағы перспективті техноло-гияларды зерттейтін жұмыстарды жатқызуға болады [1]. Сонымен қатар, ядролық энергетика саласында, ядролық реакторлардың қауіпсіздігін артты-ратын, сондай-ақ атом энергиясының қоршаған ортаға және адамға теріс әсерін болдырмайтын перспективалық материалдарды зерттейтін жұмыс-тарға айрықша көңіл бөлінді. Жаңартылатын энергия көздері саласында (ЖЭК), күн, сутегі, био және жел энергиясын зертеуге, сондай-ақ энергияны сақтау жүйелері мен гидроэлектрoэнергетикалық жүйелерне қажетті перс-пек-тивті материалдар мен технологияларды зерт-теуге бағытталған жұмыстарға басымырақ көңілді бөлді.

Қазақстандық ғалымдардың альтернативті энергия тақырыбы бойынша жасаған еңбектері және абыройлы басылымдарда шығарылған мақаларының саны 2016-2018 жылдар аралығында да сәйкесті дәрежеде өсті [2, 3]. Мысалы, Scopus деректері бойынша, жоғарыды айтылған кезеңдерде Scopus базасына біріктірілген журналдарда Қазақстан ғалымдары жазып шығарған басылымдардың саны 2 есе өсті (1-суретті қараңыз).


Соңғы 3 жылда Назарбаев Университеті мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) ғалымдары мақалаларды жиі жарияланды.

Сонымен қатар, ғылыми еңбектердің айтарлықтай бөлігі ғылыми мақалалар (57%) және конференция материалдары (31%) түрінде ұсы-нылған.




1-сурет. Scopus деректері бойынша, жаңартылатын энергия саласында Қазақстан ғылыми ұйымдары шығарған басылымдардың саны (2016-2018 жж.)

Web of Science мәліметтері бойынша, аталған мәліметтер базасымен біріктірілген журналдарда Назарбаев Университеті мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары ең көп жариялымдар шығарған.




2-сурет. Scopus деректері бойынша, Қазақстан авторларының жаңартылатын энергияға қатысты жариялаған еңбектерінің құрылымы (2016-2018 жж.)

Web of Science дерекқорындағы мәліметтер бойынша, 2016-2018 жылдар аралығында Қазақстан ғалымдары, жаңартылатын энергияның альтернативті энергетикасына қатысты тақырып бойынша 27 мақала жариялаған, оның ішінде 2016 - 13 мақала, 2017 - 5 мақала, 2018 - 9 мақала.



3-сурет. Web of Science дерекқоры бойынша, Қазақстан ұйымдарының жаңартылатын энергияға қатысты жариялаған еңбектерінің саны

Сонымен бірге, ғылыми жарияланымдардың маңызды бөлігі конференциялық материалдар (56%) және ғылыми журналдардағы мақалалар (38%) болып табылады.



4-сурет. Web of Science деректері бойынша, Қазақстан авторларының жаңартылатын энергияға қатысты жариялаған еңбектерінің құрылымы (2016-2018 жж.)

Қазақстандық ғалымдардың атом энергетикасы саласындағы басылымдарын талдау [4-6], зерттеулер негізінен MIVOC әдісін қолданып бор мен темірдің қарқынды иондар шоғырларын алуға, альфа бөлшектерінің пучкалары ядроларында кеңістіктік кластерлерді тікелей тәжірибемен анықтауға және т.б. бағытталған.

Қазіргі уақытта, пайдаланудың қолайлы және тиімділігінің жоғары болуының арқасында, жаңартылатын энергия саласында күн энергиясын қолданудың ең перспективті әдістердің бірі болып фотовольтаиктер әдісі (күн радиациясын электр энергиясына тікелей түрлендіру әдісі) саналатындығы басылымдарды талдау байқатады [7]. Көптеген елдерде қабылданған мемлекеттік бағдарламалар мен құқықтық қолдау заңдарының арқасында, фото-электрлік жүйелердің әлемдік нарығы өте қарқынды дамып келеді. Осы фотоэлектрлік жүйелердің әлемдік нарығы жылына шамамен 30-40 пайызға өседі, ал нарықтық сұраныс ұсыныспен салыстырған едәуір артып келеді.

Күн фотоэнергетикасының негізгі материалы болып күн сапасының кремнийі саналады. Ол төменгі өзқұндылықты сақтай отырып қоспалардың аз деңгейімен сипатталады. Бүкіл әлемде, қосымша тазалауға ұшырайтын арзан металлургиялық әдіспен жасалынатын кремнийді фотовольтаикте қолдануға көптеген әрекеттер жасалуда.

Қазақстанның ғалымдары күн сапасының кремнийін алуға бағытталған әдістерді дамытатын жұмыстарды жүргізіп жатыр. Қазіргі уақытта силан өндіруге қажетті тәжірибе-эксперименттік пилоттық тізбек жасалынды. Силанның прототипі алынды.

Силикат қождарын өңдеу жолымен жартылай өткізгіш кремний мен моносиланды өндіретін технология әзірленді. «Ноу-хау» технологиясына Қазақстан Республикасының патенті алынды және Халықаралық патенттік агенттіктің оң шешімі берді. Біздің елімізде Czochralski әдісімен алғаш рет



кремнийдің бірегей кристалдары өсірілді және электр белсенді қоспалар бойынша 99,9992% тазалыққа қол жеткізді. Күн кремнийнің жақсы сапасына қол жеткізу үшін тазалау үдерісін дамытуға және қоспалардың концентрациясын екі-үш рет азайтуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстанда, яғни «Ақтау» арнайы экономикалық аймағында, Алматы облысында және Екібастұзда поликристалды кремнийді және күн батареяларын өндіретін кәсіпорындарды салу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, күн электр станцияларын интеграциялаған кезде тарату желілеріндегі кернеу тұрақтылығына, қалалық жылу үшін күн энергиясын тиімді мен нәтижелі пайдалануға, сондай-ақ орталық Қазақстанда екі жақты сезімтал FSM 280-30D күн модулдері ерекшеліктерін қолдануға бағытталған зерттеулер жүргізіліп, күн энергиясын дамытудаға арналған жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен бірге, әртүрлі заманауи жартылай өткізгіш материалдар негізінде жоғары тиімді күн батареялары аймағында әртүрлі зерттеулер мен әзір-лемелер жүргізілуде. Атап айтқанда, 2018 жылынан бастап «Жаңа материалдар мен күн энергетикасы жүйесі» зертханасы екі жобаны іске асыруға кірісті. Бірінші ғылыми-техникалық бағдарлама нөмері BR05236524 болатын «Энергияны конверсиялау және сақтау үшін инновациялық материалдар және жүйелер» тақырыбымен (іске асыру мерзімі - 2018-2020 жж.), ал грантпен қаржыландыратын екінші ғылыми жоба нөмері AP05132037 болатын «Микротолқынды активтендіру жағдайында өндірісте сұранысқа ие Photo-voltaic polymers материалды өндірудің көк технологиясы» тақырыбымен (іске асыру мерзімі - 2018-2020 жж.) іске асырылып жатыр.

Сондай-ақ, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің базасында, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен, энергияны үнемдейтін термиялық қалқандары мен автоматтандырылған жылу пункттері бар қазіргі заманғы ғимараттарды жылумен жабдықтау жүйелерін жасау және енгізу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің ғалымдарының жекелеген жұмыстары, Орталық Қазақстанда екі жақты сезімталдығын FSM 280-30D күн модулдерді қолданудың ерекшеліктеріне арналған. Айтылған ғалымдар өздерінің соңғы жұмыстарында, Еуропада күн модульдерін пайдаланудың тиімділігін сипаттады және түрлі баламалы энергия көздерін қолданудың нәтижелерін салыстырмалы талдады. Сондай-ақ олар, сутегіні генерациялайтын жүйесі бар қосарлы модульдер негізіндегі күн энергиясы жүйесін, жұмыс істеу принципін және әртүрлі режимдерде жұмыс істеу тиімділігін қарастырды. Осы ғалымдар екі жақты модульдер негізінде жұмыс істейтін ұсынылып отырған күн энергиясы жүйелері мен дәстүрлі күн энергиясы жүйелері өнімділігін салыстырып, нәтижесін ұсынған.

ААҚ-м «Назарбаев Университеті» жанындағы «Астана ұлттық ғылыми зертханасы» жеке меншік мекемесі базасында (Жаңа материалдар мен энергияны сақтау жүйелері зертханасы, Материалдарды өзгерту және қолданбалы

физика зертханасы, Энергетикалық қолдану үшін есептеу материалдары зертханасы, Жаңа материалдар мен күн энергетикасы жүйелерінің зертханасы, сондай-ақ Жасыл энергетика және экология зертханасы) озық материалдар мен сақтау жүйелері, энергияны қайта өңдеу аймақтары бойынша бірқатар зерттеулер жүргізілді.

Атап айтқанда, жаңа материалдар мен энергия сақтау жүйелері зертханасында қайта зарядталатын батареялар мен суперконденсатор саласында зерттеулер жүргізілуде. Сонымен бірге, ол осы құрылғыларда қолданылатын жаңа материалдардың жетілуінен айтарлықтай дәрежеде көңіл бөлініп, қуат пен энергияның тығыздығын арттыруға керекті зерттеулермен кең айналысады. Зертхананың түпкі мақсаты болып, нанокұрылымдау, нано/микробинациясы, гибридтеу, кеуекті құрылымды басқару, конфигурациялау, беттерді модификациялау және құрамды оңтайландыру сияқты стратегияларды қолдана отырып, энергияны сақтаудың алдыңғы қатарлы материалдарын жасау саналады. Энергия сақтайтын материалдар, энергияны тиімді, таза және әмбебапты пайдаланған кезде шешуші рөлді атқаратындығы және жаңартылған энергия пайдаланған кезде өте маңызды рөлді атқаратындығы осыған себеп болады.

Сонымен бірге, осы зертхананың қазақстандық ғалымдары аккумулятор ойлап тапты, соның арқасында ұялы телефонды бір минутта зарядтауға болады.

Белгілі ғалымдардың ойы бойынша Жаңа материалдар мен энергия сақтау жүйелерінің зертханасы болашағы мол литий-күкірт батареяларын коммерцияландыру бойынша Дүниежүзілік банк грантына иемденді. Зертханада, қазіргі кезде қолданылып жүрген ұялы телефондар аккумуляторымен салыстырғанда 8 есе көп жұмыс істейтін аккумулятордың прототипі бар. Сонымен қатар, аккумуляторлар жақсы сыйымдылық пен циклділікке иемденген. Басқаша айтқанда, аккумулятор 1000 рет зарядталуы мүмкін, ал олардың тозуға төзімділігі жоғары. Литий-күкірт аккумуляторлары мен қарапайым аккумуляторлары арасындағы айырмашылыққа, қарапайым аккумулятор катодының тез тотығуын жатқызуға болады. Бұл өтпелі металл тотығы улы болып табылады. Литий-күкірт батареяларында катод ретінде күкірт қолданылады. Бұл материал аз уытты және әлдеқайда арзан.

Сондай-ақ, Қазақстан ғалымдары Орталық Азиядағы өте континенталды климатта автономды энергиямен жабдықтау жүйесін ұсыну мүмкіндігін қарастыруда [8, 9, 10].

Республикада сутегі энергиясын пайдалану мүмкіндіктерін қарастыратын болсақ, онда зерттеу бағыттарының бірі болып TiCrMn сутегісі бар қорытпаларды алудың мүмкіндігін және олардың адсорбциялық қасиеттерін зерттеу саналады.

Қазақ агротехникалық университетінде еңбек жасайтын отандық ғалымдар, Екібастұз көмірін техногенді қалдықтармен өңдей отырып, сутегімен байтылған су газын алудың технологиясын жасау бойынша зерттеулер жүргізген [11, 12]. Атап айтқанда, жоғарыда айтылған зерттеушілердің ойы бойынша Қазақстанның металлургиялық кәсіпорындары полигондарында атмосфераны және топырақты ластайтын 700 млн тонна қалдықтар жыл

сайын қалыптасады. Осындай жағдайда бұл қалдықтардағы бағалы компоненттердің концентрациясы табиғи ресурстарға қарағанда төмен болмайды. Екібастұз бассейніндегі көмір қорлары миллиардтан астам тоннаға бағаланады, олардың жартысы күл болып табылады. Жыл сайын 30 миллион тоннаға дейін күл мен шлак қалдықтары қалыптасады. Бұл табиғатқа елеулі қатер алып келеді. Өз кезегінде галлий мен германияның қоқыстардағы концентрациясы шамамен 200 г/т жетеді. Бұл өңдеу алдындағы көмірдің мөлшерімен салыстырмалы. Осыған байланысты, көптеген ғалымдардың зерттеуі екібастұздың көмірінен сутекпен байытылған су газын алуға арналған қондырғының құрылымын жасауға бағытталған. Осы қондырғыны қолданғанда, жылу электр станцияларынан шығатын мырышпен байытылған шлак қалдықтары мен күлді бірлестіре өңдеу жолымен, мырыш, галлий және германий сублиматтары, мыс құрамына кіретін шойын, шлак мақтасы және құю тасы сияқты материалдарда алынады. Бұған қол жеткізу үшін энергияны экстремалды үнемдеу әдісі және инверсиялы фазасы бар балқымалы қабат деген атқа иемденген жаңа әдіс қолданылды. Мырыш-германия құрамына кіретін шлакты өңдейтін «Айналған фазасы бар реактор - айналатын пеш» (RIPh) қондырғысында жасалынған тәжірибелік нәтижелер, мырыш сублиматтарынан германиды алу, мыс шойына дейін темірді қалпына келтіру, сондай-ақ шлак мақтасын өндіруге жарамды жанатын шойын мен газдарды алу мүмкін екенін көрсетті. Ұсынылған «Инверсті фазаның реакторы - айналатын пеш - газдың генераторы» қондырғысын пайдалана отырып, екібастұз көмірі мен құрамына көп мырыш кіретін шлакты бірлестіре өңдеу үшін жасалған есептеулер, бастапқы шикізаттан бағалы компоненттерді ала отырып сутегіге бай су газын шығаруға мүмкіндік бар екенін көрсетті.

Сонымен қатар, есеп беру кезеңінде реактор сәулеленген кезде сутегі изотоптарының литиймен өзара әрекеттесуі бойынша зерттеулер жүргізілгені туралы айта кеткен жөн. Мысалы, нейтронды сәулелену кезінде литий-капиллярлық кеуекті жүйеден (CPS) тритийдің генерациясы және бөлінуі жүретіндігі зерттелген. Тәжірибелер Курчатов қаласында (Қазақстан) орналасқан, қуатты 6 МВт болатын IVG1.M зерттеу реакторында 325-тен 840 °C-ке дейін өзгеретін температураларда жүргізілген. Зерттеу мынандай екі режиммен жүзеге асырылған: тәжірибелік ампульды қондырғыдан тұрақты сорғылаумен (дифференциалдық режим) және ампулалық құрылғыда (АҚ) тритийдің жинақтап сорғылаусыз (интегралды режим). Тәжірибелердің нәтижелері бойынша нейтронды сәулелендіру кезінде сұйық литийдегі тритийдің еркін атомдарының диффузиялық коэффициенттері алынды.

Болашағы бар термоэлектрлік материалдар саласы туралы төменде жазылғанды айтуға болады. Жеке меншік “National Laboratory Astana” ұйымының жетегімен жұмыс істейтін Материалдарды қайта өңдеу және қолданбалы физика зертханасында, әртүрлі функционалды қасиеттері бар жаңа материалдарды шығару үшін Қазақстан ресурстарын ұтымды және экологиялық тұрғыдан тиімді пайдалану жолымен ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жасалынатын жаңа материалдар негізінде энергияны пайдалануды қысқарту және құрылғылар мен бұйымдардың өнімділігін арттыруға мүмкін-

дік беретін энергияны үнемдейтін технологиялар жасалынып жатыр. Пульстік-сәулелік технологиялар, плазмалық физика мен ядролық физика саласында да зерттеулер жүргізді. Атап айтқанда, зертханада 6 ғылыми-зерттеу гранты бар. Олардың 2-і НУ-Беркли мақсатты бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады. Барлық алты грант ҚР БҒМ 2014-2018 жж. және 2018-2020 жж. қаржыландырылады.

Қазақстандық ғалымдардың бірқатар зерттеулері Қазақстан Республикасында биогаз шығаруға арналған ресурстарға арналды [12, 13]. Атап айтқанда, муниципалды қатты қалдықтарды қайта өңдеуді жетілдіруге және метан алу үшін оларды биологиялық пайдалануға арналған жұмыстар туралы айту кету қажет. Еліміздің өңірлерінде қалдықтарды өңдеудің баламалы технологиялары салыстырмалы бағаланып, осы бағытта қосымша зерттеулер жүргізді.

Осымен бірге, бірқатар ғалымдар Қазақстанда биоэнергетикалық ресурстардың таралуына және кеңістікте таралуды бағалауға арналған зерттеулерді жүргізеді. Сондай-ақ парниктік газдар шығарындыларын азайту үшін биогаздық және газдық электрстанцияларында жану процесін диагностикалаумен және математикалық моделдерді құрумен айналысады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы Биология және биотехнология мәселелер ғылыми-зерттеу институты базасында, бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру шеңберінде Қазақстан республикасының білім және ғылым министрлігі мақұлдаған жоба іске асырылып жатыр. Жобаның аты: «Отын-энергетикасын тиімді пайдалану үшін Ленгер көмір кен орнының қоңыр көмірі және сульфаттант-синтездейтін микроорганизмдер негізінде экологиялық таза, түтінсіз брикеттелген отын алудың биотехнологиясын дамыту».

Жел энергетикасының болашағы мол жүйелерін зерттеу саласында, техника ғылымдарының докторы М.Н. Қамбаровтың жетегімен кең және нәтижелі аэродинамикалық қанаттары бар арнайы жел турбогенераторы (ЖТ) әзірленді. Олардың радиусы енінен 2,5-3 есе көп. Бұл олардың дауылға ұқсайтын желдерде берік және қатал жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Өртүрлі қуатқа иемденген ЖТ электргенераторлары төменгі жақта платформада орналасады. Бұл тіректердің құрылымын жеңілдетеді және ЖТ орнықты қылуға мүмкіндік береді. Төменгі қуаты бар генераторлар жылдамдығы 20 м/с дейін болатын кішкентай желдерде жұмыс істейді, ал қуаты жоғары ЖТ қатты желдерде қолданылады. Сөйтіп, ЖТ табиғи текше сипаттамасына сәйкес келетін 5-тен 40 м/с дейінгі желде тоқтамай жұмыс істейді, ал электр қуаты әмбебапты ЖТ-мен салыстырғанда 30% көп болады.

Жарияланымдарды талдау баламалы энергетика саласындағы зерттеулер тек техникалық және инженерлік жазықтықта ғана емес, сонымен қатар саяси экономикада да жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Сөйтіп, ғылыми ұйымдар, соның ішінде негізгі қызметі гуманитарлық ғылымдар болатын институттар, Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерін енгізудің саяси және экономикалық аспектілерін, баламалы энергетика секторына инвестицияларды

тартудың және Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерін енгізудің құқықтық мәселелерін қарастырады. Осымен бірге, Қазақстан Республикасының болашақтағы энергетикалық балансында жаңартылатын энергия көздерінің рөлі бойынша, сондай-ақ минералдық ресурстарға бай елде баламалы энергия көздері алдында тұрған міндеттер бойынша бірқатар зерттеулер жүргізілгенін айта кеткен жөн. Бұған қоса, Қазақстандағы жаңартылатын энергия көздері туралы деректерді жинаудан бастап, оларды орналастыруды талдауға және Қазақстан Республикасының жаңартылған энергия көздеріне мониторинг жасаудың технологиялық алғышарттарын зерттеуге бірқатар жұмыстар арналған.

Ұлттық Интеллектуалды меншік институты 2016-2018 жылдарда көтеріліп отырған мәселе бойынша жалпы 143 патент бергенін қосымша айта кеткен жөн [13]. Көптеген патенттер «Жел қозғалтқыштары» бағыты бойынша берілген (40 патент), ал ең аз патентер «Көлік құралдарының электр жабдықтары» бағыты бойынша тіркелген.



5-сурет. «Энергетикалық технологиялар» («Альтернативті энергетика» ішкі бағыты) бағытында 2016-2018 жылдарға берілген патенттердің саны: 1 - Жел қозғалтқыштары; 2 - Тәсілдер мен қондырғылар; 3 - Серіппелі, гравитациялық; 4 - Жартылай өткігіш аспаптар; 5 - Ядролық техника; 6 - Электр машиналар; 7 - Электрмен жабдықтау желісінің жүйелері және сызбалары; 8 - Транспорт құралдарының элертжабдықтары

## **2. Ғылымдағы үрдістерді шолу және талдау**

Қазіргі уақытта баламалы энергетика саласында жасалып жатқан іргелі ғылым жетілдірілген [14, 15]. Инженерлік, ақпараттық технологиялар және математика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің маңызды бөлігі энергиямен байланысты. Қолда бар деректерге сәйкес, осы тақырыптар бойынша жасалған жарияланымдардың жартысы қолданбалы энергетикаға, ал біршамасы энергияның іргелмелі аспектілеріне арналған [National Science Library of the Chinese Academy of Sciences, Thomson Reuters, 2017].

Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, ғылыми зерттеулердің қол жеткізілген деңгейімен салыстырғанда дайын жобаларды коммерциялану тұрақты артта қалып келе жатыр. Кейбір жағдайларда жаңалық ашу мен технологияларды коммерцияландыру арасындағы үзіліс шамамен 10 жылға, ал кейбір жағдайларда шамамен жарты ғасырға тең.


Себептердің бірі болып энергетикалық жүйедегі таңдауды анықтайтын техникалық-әлеуметтік-экономикалық және экологиялық критерийлер саналады. Басқа себепке технологияға құйылған инвестицияларды қайтару перспективаларының белгісіз болуын жаитқызады.

Қайта жаңартылмайтын энергия көздерінің қорлары бағаланса да, олардың нақты көлемін белгілеу өте қиын. Кейбір болжамдар да көмірсутектердің көлемі айтарлықтай деп айтылып, жақын болашақта энергия ресурстарының жетіспеушілігін болдырмауға болады делінген. Қарама-қарсы көзқарас та негізделініп келе жатыр. Бірақта, кез келген саладағы сияқты энергетикада да глобалды трендтер мен белгісіздік факторлар орын алуда. Ал тағы да бар ресурстардың көлемін бағалау, энергетиканың дамуын жоспарлау үшін маңызды параметрлер болып табылады [U.S. EIA, 2017].

Жоғары өткізгіш технологияларының даму жылдамдығы материалдар қасиеттері аймағында жүргізілген зерттеулердің күрделі болжамды нәтижелерімен тығыз байланысты. Алайда, бөлме температурасында жететін аса жақсы өткізгіштік қолданбалы қосымшаның біраз бағытында серпіліс тудыруы мүмкін, мысалы энергия жинаудан есептеу техникасына дейін. Қазіргі уақытта аса жақсы өткізгіштерді жаппай технология ретінде қарастыру ерте. Бірақ осы аймақтағы жұмыстың көптілігі, болашақта мұндайға ауысу мүмкін екендігін дәлелдейді. Сондай-ақ, осы саладағы бірінші ауқымды жобалардың нәтижесі қызықты, атап айтқанда «Tres Amigas superstation» жобасы [Tres Amigas, 2016].

Сөйтіп, ғылыми жобаларды коммерциализациялаудың негізгі кедергілеріне, сонымен бірге белгісіздік факторларына, қолданыстағы технологиялардың жоғары құнын, әлемнің көптеген елдерінде оларды қолданудың нормативтік базасының жоқтығын және инфрақұрылымдық шешімдердің үлкен құнын жатқызуға болады. Дегенмен, отандық және шетелдік ғалымдардың басылымдарына қарағанда, жаңартылатын энергия көздеріне арналған басым бағыттарға мыналарды жатқызуға болады: атом энергиясы; күн, сутегі, био және жел энергиясы үшін материалдар мен технологиялар; энергия сақтау және гидроэлектрэнергетикалық жүйелер үшін озық материалдар мен технологиялар.

Осымен бірге, өнеркәсіптік кәсіпорындар болашақта баламалы энергетика басымдыққа ие болады деп есептейді. Мысалы британдық-голландиялық Shell мұнай-газ компаниясы, 2060 жылға дейін энергияны тұтынудың «арманы» туралы өз қарасын берді (6-сурет). Бүкіл әлем тұтынуынатын энергияның 50%-дан астамы жаңартылатын энергия көздерінің үлесіне тиетіндігін жоғарыда айтылған компания болжайды.



6-сурет. Мұнай-газ компаниясы Shell бағалауымен 2060 жылға дейін әлемде энергияны тұтынудың графигі

Қазіргі уақытта Қазақстанда жоспарланған жобаларды іске асыру нәтижесінде жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіру 0,928 млрд. кВт.сағ құрады (2016 жылға жоспардың 116% және 2015 жылға жоспардың 131%). Бұл жалпы электр энергиясын өндіруде 0,98% құрады. 2016 жылы қуаттылығы 50,39 МВт болатын 4 қалпына келтірілетін энергия жобалары іске асырылды (2 ГЭС - 19,49 МВт, 2 ЖЭС - 30,9 МВт) [16].

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада жалпы қуаты 295,7 МВт (ГЭО - 139,8, ЖЭС - 98,2, КЭС - 57,3, биогаз қондырғысы - 0,35) пайдаланылатын 50 кәсіпорын бар [17].

Олардың ішінде 2 МВт қуаты бар Қапшағай қаласында орналасқан КЭС. Осындай алғашқы өндірістік жобасын, яғни күн электростанциясын, 2013 жылы «Самұрық-Грин Энерджи» кәсіпорны іске қосты. 2017 жылғы 20 шілдеде электр энергиясын өндіру 8814 мың кВт/сағ құрады. Бұл көмірқышқыл газының шығарындыларын 4,545 тоннаға дейін азайтуға және 2909 тонна көмірді сақтауға мүмкіндік берді.

Қапшағайдың күн электр станциясы, ТМД елдерінде алғаш рет энергия аккумуляторлы жүйе (EAS) іске қосылған орынға айналды. Яғни Ресей-Қазақстандық «Primus Power» компаниясының бірінші буыны болып саналатын «EnergyPod» аккумуляторы Қапшағай қаласында іске қосылды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдары ең белсенді, сондай-ақ кең ауқымды ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық орталықтар болып есептеледі. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында ғылыми-зерттеу және жобалық қызметпен 500-ге жуық қызметкер, соның ішінде 8 ғылым докторы және 54 ғылым кандидаты айналысады. Компанияда ғылыми-зерттеу және жобалау институты (ЖШС «ИВТ»), сондай-ақ кәсіпорындардың ғылыми-өндірістік бөлімдері («УМЗ» АҚ Орталық ғылыми-зерттеу зертханасы, «Volkovgeology» АҚ Орталық эксперименттік-әдістемелік экспедиция.) бар.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және оның еншілес ұйымдары дамыған технологиялар мен жабдықтар бойынша 300-ден астам қорғау құжаттары мен патенттерге ие болып отыр. Осы көрсеткіш бойынша жоғарыда айтылған ұйым республикадағы өнеркәсіптік кәсіпорындар арасында 1 орын алады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен оның еншілес компанияларының ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстары бойынша 2017 жылы мынандай жобалар өндіріске енгізілді:

– жалпақ кенорнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру үшін жылына 150 тонна уран өнімді ерітінділерін өндіретін жылжымалы кешен іске қосылды. Ұтқыр кешенді пайдалану, тәжірибелік пайдаланудың күрделі шығындарын едәуір азайты және оны өндірудің өзіндік құнын 15%-ға қысқартты. Уран өндірудің мобильді кешені осы компания мамандарымен құрылған және Қазақстанның инновациялық патенттерімен қорғалған;

– ұңғымалардың сүзгі бөлігін химиялық өңдеу үшін және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жылжымалы қондырғы әзірленіп тікелей өндіріске



енгізілді. Жылмыжалы құрылғы сорып алуды қауіпсіз жағдайда жасауға мүмкіндік жасайды. Бұл қондырғы технологиялық ұнғымалардың фильтр бөлігіне тікелей әртүрлі химиялық ерітінділерді, соның ішінде деколматантти реагентті дайындап бере алады. Реагенттерді мақсатты пайдалану жолымен олардың шығындарын азайтады (сәйкесті жөндей жұмыстарының құны азайады). Осы қондырғының бірегейлігі мен ұтқырлығы күніне өңделетін ұнғымалардың санын көбейтіп, жөндеу жұмысының тиімділігін арттырады;

– әртүрлі мақсаттар үшін өткізгіш сым.

Энергия үнемдеу және энерготіімді технологияларды дамыту саласындағы зерттеулермен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарының бірі болып Л.Н. Гумилев атындағы «Энергия үнемдеу және энергия тиімді технологиялары» ғылыми-зерттеу институты санады [15].

Осы институттың альтернативті энергетика саласындағы жалпы ғылыми және кең практикалық қолдануға болатын нәтижелері мынандай:

– 130-дан астам объектілерде әртүрлі баламалы және жаңартылатын энергия көздері пайдаланып, Қазақстан Республикасында жылумен жабдықтаудың энергиясын үнемдейтін жылусорғы технологиясын жасау және енгізу;

– «Дәстүрлі емес жаңартылатын энергия көздерін және қайталама энергия көздерін пайдалану арқылы жылу сорғыш қондырғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулық» атты нормативтік құжаттарды әзірлеу;

– Қазақстан Республикасының әртүрлі өңірлерінде орналасқан мемлекеттік сектордағы бірқатар объектілерге энергетикалық паспорттарды беру арқылы энергия аудиттерінің практикалық тәжірибесін, әдістерін әзірлеу.

### **3. Қазақстанның және жоғары дамыған шет елдердің жетекші ғылыми мектептерінің жетістіктерін және даму үрдістерін талдау**

Есеп беру кезеңінде альтернативті энергетика саласындағы халықаралық ғылыми ынтымақтастық саласында отандық ғылыми ұйымдар мен шетел ғылымдар бірлесіп бірқатар халықаралық зерттеулер жүргізді.

Жаңартылатын энергетика секторын дамытудың маңызды құралы болып Қазақстанның Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) ынтымақтасып жұмыс істеуі саналады. Осы ынтықмақтасу аясында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдары арасында серіктестік туралы келісімдер жасалды.

Қазақстан жаңартылатын энергия көздері жөніндегі халықаралық агенттік IRENA-ның толық мүшесі болды. Қазіргі уақытта Қазақстан IRENA-мен 2030 жылға дейін әлемдік жаңартылатын энергия көздерін дамытуға арналған «Жол картасының» аясында (2030 жылғы Remap) жұмыс істейді. Орталық Азиядағы, соның ішінде Қазақстанда, жаңартылатын энергия көздерін дамыту перспективалары туралы IRENA-ның мамандандырылған баяндамасында айтылған.

«Rotch & Rau, AG (Германия)», «Solarno, Inc.» (АҚШ) және С.А. Лавочкин атындағы ҒӨҰ (Ресей) және «Парасат» Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі сияқты жетекші халықаралық ұйымдардың қатысуымен бірлесіп

зерттеу өткізді. Атап айтқанда, осы зерттеулердің нәтижелері бойынша геотермальды көздер негізінде бинарлы қондырғылар өндірісінің техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді. Сонымен қатар, ең тиімді (10 кВ (ВЛ)) электрмен жабдықтауға арналған электр тасымалдаудың экономикалық моделі және қатты отынды қолданып жылумен қамтамасыз ету (100 жеке үйге арналған қондырғы) жобасы ұсынылды.

Сондай-ақ, жоғары бағытталған көміртекті нанотүтікшелермен құрғақ ламинизациялау технологиясын қолданып вакуумдық күн коллекторының ішкі түтігінің беті өңделді. Күн коллекторлары негізінде ықшам электр станциясының жобалық құжаттамасы жасалды. 2 метрге дейін өндірістік биіктігі бар вакуумдық күн коллекторларды өндіруге арналған жабдықтар жиынтығы жасалды. Шикізатты (брикетті) дайындаудан бастап өнім өндіруге дейінгі өзіне қосатын тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) плазмалы өңдейтін технологияның технологиялық регламенті жасалды: жоғары ПӘК бар электр генераторларында электр энергиясын өндіруге жарамды болатын газды синтездеу.

Сонымен қатар, жаңартылатын энергия көздеріне негізделген біріктірілген автономды электрмен жабдықтау жүйесін қолдана отырып, бір отбасы үшін экоүйдің энергетикалық-автономды тұрғын үй модулін салу бойынша жоба әзірленді және модель жасалды.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен оның филиалдарының қолдауымен жетекші шетелдік ғылыми ұйымдармен қазақстандық ғылыми ұйымдары, соның ішінде Ядролық физика институты мен Ұлттық ядролық орталық бар, арасында атом энергетикасы саласы бойынша ынтымақтастық келісімдері жасалды. Халықаралық ынтымақтастық келесі негізгі бағыттарға бағытталған: бақыланатын термоядролық синтез, зерттеу реакторларын конверсиялау, радиациялық қауіпсіздік және радиоактивті қалдықтармен жұмыс жасау, ядролық криминалистика және нейтронды активтендіруді талдау бойынша жұмыстар жасау.

Басқарылатын термоядролық синтез әлем ғылымының перспективалық бағыттарының бірі болып саналады. Қазіргі уақытта көптеген ғалымдар термоядролық синтезді ұзақ уақыт қолданылатын «табиғи» қуат көзі ретінде қарастырады. Өйткені бұл жағдайда іс жүзінде таусылмайтын отын болып сутегі қолданылады. Мұндай ресурстарды әлемнің кез келген теңізі жағалауындағы судан алу мүмкіндігі, термоядролық реакторларды кеңінен коммерциялық пайдалануға мүмкіндік береді және әлемнің дамыған елдерінің ірі энергетикалық компанияларна нарықта монополис болуын шектейді.

Сөйтіп, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің хабарлауынша, Токамак КТМ жобасы Қазақстанда термоядролық синтез туралы зерттеулерді дамыту, сондай-ақ әлемдегі алғашқы ITER реакторының (International Thermonuclear Experimental Reactor) халықаралық жобасын қолдау мақсатында іске асырылуда. ITER - квазистационарлы термоядролық реактор болып саналады. Ол Кадарада (Франция) қаласында орналасқан

ғылыми-зерттеу орталығы негізінде құрылған және ода токамак конфигурациясы бар. Оның міндеті термоядролық реакторды коммерциялық мақсатта пайдалану жолын көрсету және осы бағытта туындайтын физикалық және техноло-гиялық мәселелерді шешу болып табылады.

2017 жылдың 11 маусымда ITER тәжірибелік термоядролық реактордың халықаралық ұйымы мен «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. ITER жобасы адамзатты басқарылатын термоядролық синтез негізінде жасалынатын өнеркәсіптік масштабтағы энергия өндірісіне жақындатады деген болжам бар. Бұл жобаның қатысушылары болып сонымен қатар ЕО елдері (жалғыз қатысушы болып есептеледі), Үндістан, Қытай, Корея Республикасы, Ресей, АҚШ және Жапония саналады.

Қазақстандық «Токамак КТМ» әлемдегі ең ірі (Ресейдегі, АҚШ-тағы, Қытайдағы, Жапониядағы, Ұлыбританиядағы токамакамен бірге) және әлемдегі жалғыз қондырғы болып табылады, ол материалдарды ITER жылу жүктемелерінің параметрлеріне сәйкес жылу жүктемесімен сынай алады.

Атап айтсақ, «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорын аясында жүргізіліп жатқан термоядролық синтез саласындағы зерттеулер шеңберінде «Қазақстандық КТМ материалтану токамакасында тәжірибелік зерттеулерді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша плазма параметрлерін өлшеу үшін КТМ токамак диагностикалық кешенін құру және баптау аяқтады. КТМ токамак плазмасында ионданудың қосымша әдістерін қолданбай, қуаттылығы 6 кА және разряд ұзақтығы шамамен 50 мс болатын қыздыру режимінде плазмалық сымның дөңгелек қимасы алынды.

2018 жылы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК тәжірибелік базасында ITER-де пайдалануға жоспарланып отырған материалдардың мен өлшеу жүйелерінің элементтерінің радиациялық тұрақтылығын зерттеу бойынша бірлескен жобаларды іске асыру бастады. Сонымен қатар, 2018 жылдың 2 наурызында ТМД Экономикалық кеңесінде мақұлданған, 2018-2020 жылдарда іске асырылатын «Қазақстандық материалтану токамакасында» деп аталатын жаңартылған ғылыми-зерттеу бағдарламасы күшіне енді. Бұл бағдарлама қазақстандық материалтану токамакасы негізіндегі тәжірибелік кешенді бірлесіп пайдалану туралы 2017 жылғы 26 мамырда қол қойылған үкіметаралық келісімді іске асыру үшін жасалған. Бағдарламаға, плазма физикасы саласындағы зерттеулер және оның камералар ішіндегі материалдармен өзара әрекеттесуі, мамандандырылған физикалық диагностиканы жасау, автоматтандыру жүйелерін әзірлеу және плазмалық разряд сценарийлерін жасауға қажетті арнайы есептеу кодтарын тексеру сияқты ғылыми мәселелер кіреді. «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК осы бағдарламаны іске асыру үшін Ресей Федерациясының жетекші ұйымдарымен, мысалы «Курчатов институты» ҒЗО, «Қызыл жұлдыз» АҚ, Иоффе атындағы ФТИ, ынтымақтастық туралы екіжақты келісімшарттарға қол қойды.

Әлемде басқарылатын термоядролық синтездің дамуы, термоядролық реакторлардың радиациялық жағынан дәстүрлі ядролық реакторларға қарағанда әлдеқайда қауіпсіз екендігіне байланысты. Бұл оның құрамындағы радиоактивті заттардың аз мөлшерімен байланысты. Термоядролық реакторлардың авариясы нәтижесінен шығатын энергия да аз және реактордың конструкциясында радиоактивті заттардың таралуын болдырмайтын бірнеше табиғи кедергілердің болуына байланысты олар жойыла алмайды.

Осылайша, ядролық жүйеден термоядролық реакторларға көшу, сонымен бірге қолданыстағы зерттеу реакторларын конверсиялау, атом энергиясының қауіпсіздігі, радиациялық қауіпсіздік және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы ғылыми бағыттардың дамуына серпін береді.

Атап айтқанда, ядролық қаруды таратпаудың халықаралық бағдарламалары аясында Қазақстан Республикасы зерттеу реакторларын конверсиялау бойынша жұмыс жүргізілуде. Оның мақсаты отынды жоғары байытылған (ЖБУ) ураннан төмегі байытылған уранға (ТБУ) ауыстыру болып табылады. Бұл жұмыстар ВВР-К зерттеу реакторының негізінде 2009 жылы басталды, ал 2016 жылы ТБУ негізіндегі отынды қолдана отырып, осы реакторды іске қосу жүзеге асырылды. ВВР-К реакторын конверсиялау және жаңа конструкцияда отын қондырғыларын қолдану нәтижесінде, реактордың тәжірибелік және технологиялық мүмкіндіктері едәуір жақсарды. Басқару және қорғаныс жүйелері, радиациялық бақылау, салқындату, авариялық электрмен жабдықтау жүйелері жаңартылды.

ВВР-К реакторын конверсиялаумен қатар теориялық зерттеу реакторы ИВГ.1М конверсиялау жұмыстарыды жүргізілді. Айтылған жұмыстар, теориялық негіздеу кезеңінен аз байытылған тәжірибелік отынды сынау кезеңіне өтті.

Атомдық энергетиканың қауіпсіздігі саласында «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК өзінің тәжірибелік базасында жылдам нейтронды ядролық реактордың ядросының еруімен пайда болатын ауыр апаттың аспектілер зерттелді. Арнайы тәжірибелік стендте кориалды (кориал - ядролық реактордың белсенді аймағындағы элементтер ерітіндісі) кептірген кездегі салқындатудың параметрі зерттелді және ядерлі реактордың корпусына натрий салқындатқышын қайта құюған кезде өзгертін параметрлердің мөлшері зерттелді. Зерттейтін ИГР ядролық реакторында балқытылған материалдармен қираудың көлемі зерттелді (17%  $^{235}\text{U}$  уранмен байытылған 6 кг уран диоксиді және 4 кг тот баспайтын болат). Осы реактор натрий іші толған қос қабырғасы бар құбырмен және натрий ағынының шығынын өлшейтін өлшеу құралмен қамтамасыз етілген. Алғаш рет реактор жағдайында, басқару штангасының бағыттаушы түтігі бойымен жылдам қозғалатын нейтрондармен реактор ядросының белсенді аймағынан төменгі пленумға қарай балқытылған металды шығару мүмкіндігі қаралды.

Қазіргі уақытта НАА аналитикалық кешенінде әр түрлі үлгілердің элементтік құрамы зерттелуде. 40-тан астам элементтер (Sb, As, Ni, Cr, Co, Zn, U, Th, La, Ce, Ca, Fe, Na, Ba, Sr, Zr, Rb, Sc, Cs, Hf, Ta, Mo, Br, Nd, Sm, Yb, Tb, Lu, Eu, Au, Hg, Mg, Mn, Al, S, K, Ti, Cu, Br, Dy, V и др.) анықталды.

Жаппай талдау жағдайында, өлшеу нәтижелерін талдау және өңдеу процесстерін, сонымен қатар үлгіні тіркеу және ақпарат алмасуды ұйымдастыру мәселелерін автоматтандыру өте маңызды міндет болып табылады. Қысқа мерзімді изотоптарға арналған НАА, КИР ВВР-К реакторлы аймағымен көлденең арна арқылы қосылған пневматикалық көлік жүйесін (ПКЖ) қолдана отырып жүзеге асырылады. Мұнда көлік капсуласы материалмен сәулеленеді.

Сонымен қатар, 2018 жылы Ядролық физика институтының ВВР-К ядролық реакторының негізінде, орта және ұзақ өмір сүретін изотоптарда НАА жүргізу үшін қосымша автоматтандырылған алаң құру үшін негізгі жұмыс жүргізілді.

Бұл жұмыстар Дубнадағы (Ресей) Біріккен ядролық зерттеулер институтымен (БЯЗИ) бірлесіп жүргізілді. Қазіргі уақытта БЯЗИ халықаралық үкіметаралық зерттеу ұйымы ретінде танылған. Осы БЯЗИ құрылтайшылары құрамына 18 мемлекет кіреді. Олардың ішіне Қазақстан да кіреді. БЯЗИ институтының зерттеу бағыттарына мыналар кіреді: ядролық физика, элементарлы бөлшектер физикасы, заттың конденсацияланған күйін зерттеу.

ВВР-К ядролық реакторы негізінде көрсетілген бөлім, автоматты үлгіні ауыстырғышпен және спектрометриялық қондырғысы бар жоғары германиялық детектор негізінде гамма-спектрометрмен жабдықталған. Түпнұсқалы бағдарламалық басқаруды қамтамасыз ететін қондырғы, адамның күнделікті ұзақ мерзімді өлшеулерге қатысуын азайтады. 45-ке дейін сәулелендірілген үлгілерді айналмалы барабан кассетасына орналастыруға болады және оператордың араласуынсыз 150 сағатқа дейін үздіксіз жұмыс істейтін жабдықта спектрлерді автоматты түрде тіркеуге болады.

БЯЗИ мен Нұр-Сұлтандағы Ядролық физика институты бірлесіп заманауи ғылыми-зерттеу кешенін құрды. Осының негізі болып Орталық Азияда бірінші болып жасалған DC-60 ауыр иондарының қуатты үдеткіші саналады. DC-60 үдеткішінің 10 жыл жұмыс істеуі, Қазақстанға атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық зерттеулерді сапалы жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді, сондай-ақ Қазақстан Республи-касының дамып келе жатқан атом саласы үшін жоғары білікті кадрларды даярлауға жағдай жасады.

Сондай-ақ, БЯЗИ мен Қазақстан Республикасы арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру мақсатында «Дубна» бірлескен ғылыми-білім беру орталығы және ғылыми-техникалық жобаларға конкурстық өтінімдерді қарау бойынша бірлескен сараптамалық комитет құрылды. 2018 жылы сараптамалық комиссия Қазақстан Республикасының 6 ұйымынан және 6 зертханасынан және БЯЗИ дирекциясымен 16 жобаны мақұлдады. Қазіргі уақытта БЯЗИ-де Қазақстаннан 103 маман ғылыми-зерттеу жұмыс-тарын жүргізуде.

#### **4. Ғылыми жетістіктер мен ұсыныстарды қарау және талдау бойынша қорытындылар мен ұсыныстар**

Болашақта балама энергиясы планетадағы электр энергиясының негізгі көзі болады. Бұл тұжырымға Норвегияда орналасқан, энергетика саласындағы консалтингке белгілі мамандандар болып жүрген DNV GL компаниясының эксперттері келді.

DNV GL компаниясының мәліметтері бойынша, алдағы 20-30 жылда электр энергиясының түпкілікті тұтынудағы үлесі 2 еседен астамға артады. Егер бүгінде ол шамамен 20% бағаланса, 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш 40-45% деңгейден «асып түседі». Сонымен бірге өндіріс пен тұтынудың өсуі жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) есебінен болады.

Күн энергиясы көшбасшысы болады деген болжам бар. Келесі 15-20 жыл ішінде күн энергиясы объектілерін салудың құны шамамен 2 есе азаяды, бұл КЭС санын едәуір арттырады, сонымен қатар тарифтерді төмендетеді. Ірі күн электр станцияларын салудың орташа құны 2050 жылға қарай белгіленген қуаттылықтың 1 ваттына 0,4 доллардан 0,6 долларға дейін жетеді.

Сондай-ақ, энергияны сақтау технологиялары одан әрі дамытылатын болады, бұл жаңартылатын энергия көздерін энергия жүйесіне органикалық интеграциялауға мүмкіндік береді.

Сарапшылардың пікірінше, алдағы 30 жыл ішінде әлемдегі КЭС қуаттылығы 20000 ГВт деңгейіне жетеді, бұл қазіргі деңгейден 65 есе көп.

Осылайша, күн энергиясы әлемдік бүкіл электр энергиясының 40% өндіретін болады. КЭС-тің көп бөлігі Қытайда, Үндістанда, Еуропада және АҚШ-та орналасады.

Күн энергиясының негізгі өсуі ірі электр станцияларын пайдалануға беру есебінен болады. Олардың пікірінше, ірі КЭС шағын үй электр станцияларына қарағанда 3 есе тиімді болады.

Осылайша, бүкіл әлемдік тенденцияны талдағанда байқайтымыз, жыл сайын және жақын арада баламалы энергияны қолдану қарқынды өсетін болады. Сонымен бірге, көптеген мемлекеттер ғалымдарының ойы бойынша, ғылымның одан әрі дамуы ынтымақтастықтан, байланыстан, ғылыми жобаларға қатысудан тәуелді болады. Жобаларға бүкіл әлемнің ғалымдары қатысуы қажет. Сонымен қатар, әр түрлі мемлекеттерде осы саланың даму деңгейі әр түрлі екендігін атап өткен жөн. Сонымен бірге, барлық елдер үшін энергетикалық қауіпсіздік пен электр энергетикалық кешендердің тиімділігін арттыру маңызды.

Осыған байланысты, мемлекеттік-жеке меншіктік әріптестік механизмін қолдана отырып және салалық субъектілердің міндетті түрде өзара әрекеттесуін қолданып, жаңа технологияларды енгізу және болашағы мол энергетикалық жабдықтарды дамыту, баламалы энергетиканы бірлесіп дамытудың, электр энергетикалық кешендерді пайдалану тиімділігін арттырудың маңызды шарасы болып табылады.

Жалпы, ЭКСПО-2017 аясында өткен «Болашақ энергиясы: инновациялық сценарийлер мен оларды жүзеге асырудың әдістері» атты Дүниежүзілік

инженерлер мен ғалымдардың конгресінде, баламалы энергетиканы одан әрі дамытуға қолдау жасау маңызды шара екені атап айтылды. Сонымен қатар, дәстүрлі энергияға балама энергияны алдын-ала қарама-қарсы қою экономикалық тұрғыдан негізсіз. Өйткені дәстүрлі энергия ұзақ уақыт бойы баланста жетекші позицияны сақтайды.

Алайда, Қазақстанда тұрақты жаңартылатын энергия кешенін қалыптастыру, мемлекет пен инвесторлардың тікелей қатысуымен айтарлықтай қаржыны құюды және технологиялық құралдарды дамытуды қажет етеді. Онсыз жаңартылатын энергия көздерін дамыту қиын. Дамыған елдермен салыстырғанда инновацияға сұраныстың төмен болуы Қазақстандағы инновациялық процестің дамуын тежейді.

Сонымен, ғылыми және өндірістік кооперацияны жандандыру және баламалы энергетика саласын дамыту үшін мыналар қажет:

- сала ішінде ынтымақтастық механизмін әзірлеу және ғылыми ұйымдар мен ғалымдар арасында тығыз ынтымақтастық пен бірыңғай ақпараттық жүйені құру;

- ғылыми инновациялар мен өндірістерді одан әрі дамытуға ықпал ететін өзара инвестициялық практиканы кеңейту үшін жағдайлар жасау;

- материалтану, технология, физика-технология, конструкция және жоба проблемалары саласында жан-жақты зерттеулер жүргізу керек, демек, көптеген ғылыми және инженерлік топтар мен өнеркәсіп өндірушілері бірлесіп және өзара әрекеттесіп энергетиканы дамыту қажет;

- кедендік және салықтық әкімшілендірудің тиімділігін арттыру, субсидиялау механизмдерін жетілдіру, прототиптерді құрған кезде тәжірибелік-эксплуатациялық операцияларды жүргізу бөлігінде техникалық реттеу жүйе-сін дамыту керек;

- электроэнергетикада бірыңғай техникалық саясат тұжырымдамасын әзірлеу, бұл ұсыныс бұрын шетелдік қондырғыларды сатып алуға және Қазақстан жағдайында пайдалануға талпыныстар болғандығымен түсіндіріледі;

- энергияны дамытудың стратегиялық мәселелерін шешуге арналған жаңа жабдықтар мен технологияларды тиімді құруға және енгізуге негізінен балама болатын ұйымдық және технологиялық инфрақұрылым құру;

- инвестициялық жобалар аясында баламалы энергия көздеріне жоғары технологиялық жабдықты жасау және енгізу процесіне интеграцияланған көзқарасты қамтамасыз ету үшін энергетиканың инженерлік орталықтарының желісін құру және дамыту;

- баламалы энергетика саласында технологиялық алаң құру;

- инновациялық әзірлемелерді енгізумен, ресурстарды және энергияны үнемдеудейтін технологиялармен, энергетикалық машинажасау кәсіпорындардың техникалық және технологиялық қайта жабдықтандырумен байланысты жобаларды іске асыруды ынталандыру;

- перспективі мол инновациялық жабдықты жасау үшін бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу (тәжірибелік станцияларды құру бойынша бірлескен жобалар);

- өткізгіштігі жоғары технологияны қолданатын электр құрылғыларын өндіру және енгізу;
- жаңартылатын энергия технологияларын бірлесіп дамыту;
- алдыңғы қатарлы жабдықтарды шығару және енгізу;
- 600-620 °С температурасында 30 МПа бу параметрен қалыптастыратын, көмірмен жұмыс істейтін бу қондырғыларын өнеркәсіпте қолдану;
- 700-720 °С температурасында 35 МПа бу параметрлерін қалыптастыратын, көмірмен жұмыс істейтін электрблוקтарды енгізу;
- табиғи газды пайдаланған кезде тиімділігі 65-70% болатын, газ турбиналары мен жоғары температуралы отын камералары бар қуаттылығы төмен демонстрациялық гибриді қондырғысын енгізу,;
- газ турбиналары мен жоғары температуралы отын ұяшықтары бар гибриді қондырғылардың өнеркәсіптік түрін игеру (табиғи газбен жұмыс істегенде пайдалы әсер коэффициенті 70-75%, ал көмірмен жұмыс істегенде - 60-65%);
- CO<sub>2</sub>-ны өз циклдерінен шығарудың әртүрлі технологияларын қолданатын электр қондырғыларының өнеркәсіптік түрін енгізу.

Ұсынылған бастамаларды іске асыру альтернативті энергетика саласындағы Қазақстан Республикасының ғылымын әлемдік ғылыммен қатар дамуға мүмкіндік береді.

**«Ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыштық технологиялар, жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер» басымдығы**

***Физика (нанотехнологиялар) саласындағы зерттеулер***

**1. Қазақстан ғалымдарының 2016-2019 жж. аралығында физика саласындағы (нанотехнология) жетістіктеріне талдау және шолу жасау**

Нанотехнология айқын пәнаралық сипатқа ие, сондықтан дүниежүзіндегі физика саласындағы (нанотехнология) жасалып жатқан жұмыстар, ғылымның кең тармақтарын қамтиды. Физикалық зерттеулерлермен ғана шектелмей, сонымен қатар материалтану, химия, биология, медицина және т.б. салалардағы жұмыстарды өзіне қамтиды. Дүниежүзіндегі нанотехнология саласы бойынша жүргізіліп жатқан зерттеулер айтарлықтай көп және бұл қысқаша шолуда барлығын қамту мүмкін емес. Әрине, Қазақстандық зерттеушілерімен, физика саласында (нанотехнология) жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстардың көлемін шет елдегі ауқымды ғылыми зерттеулердің көлемімен салыстыру қиын. Дегенімен, 2016-2019 жж. аралығында шет елдің ғылыми журналдарында Қазақстандық ғалымдардың айтарлықтай көлемді мақалалары жарыққа шықты. Берілген жұмыста қазақ ғалымдарының әр түрлі мемлекеттегі әріптестерімен бірігіп шығарған мақалалары мен ғылыми жұмыстарына қысқаша шолу жасалады. Шолуға тек қазақ ғалымдарының мақалалары, олардың шет ел азаматтарымен авторлықтағы мақалалары және тек шет елдегі рейтингі бар ғылыми журналдарындағы мақалалар енгізілген.



Осы шолудың басында нанотехнология саласындағы жұмыстарды, сондай-ақ теориялық физика саласындағы іргелі зерттеулерді қамтитын қолданбалы емес зерттеулерге қысқаша тоқталып өткен жөн. Мұнда Classical and Quantum Gravity журналында жарияланған [1] шолуды көрсетуге болады. Бұл жұмыс Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеттің профессоры Р.Мырзақұловтың жетекшілігімен жасалған. Бұл жұмыста жаңа физикалық өрістерді ендіруге, жалпы салыстырмалы теориясын модификациялауға мүмкіндік жасау үшін, миметикалық гравитация шеңберінде статикалық сфералық-симметриялық шешімдеріне талдау жасау болып табылады. Осыған байланысты ҚазҰУ зерттеушілерінің жалпы салыстырмалы теория мен бейсызық вакуумды электродинамикасына арналған, іргелі теориялық физика саласындағы жұмыстарын көрсетуге болады [2-4].

Нанотехнология тақырыбына жақын жұмыстарды қарастырайық. Заманауи микроэлектроника жыл сайын өлшемі бойынша кіші электрондық элементтерден, жылдам жұмыс істейтін процессорларды жасауда көш бастап келеді. Микроэлектрониканың технологиялық процестері иондық имплантация әдісіне жүзеге асырылмайды. Мысалы, кіші өлшемді транзисторларды жасау үшін имплантациялаушы иондардың энергиясын төмендету және орташа, төмен энергиялы иондарды қолдану қажет ( $E_0 = 1\div 30$  кэВ). Сонымен қатар, шашырау, тозаңдату және беткі қабатты имплантация тәрізді технологиялық эффектілердің рөлі жоғарылайды. Төмен энергиялы иондар имплантациясы конструкциялы және инструменталды материалдардың беткі қабатын модификациялау үшін кең қолданысқа ие. Және де төмен энергиялы иондардың нысананың беткі бөлігінде шашырауын, беткі қабатқа талдау жасауға қажетті құрал ретінде қолдануға болады. Осындай төмен энергиялы иондардың имплантация эффектілері мен оларды компьютерлік модельдеудің эксперименталды зерттеулері (КБТУ) кітаптың тарауындағы шолу мақаласында көрсетілген [5].

Шолу мақаласы [6] АҚШ, Англия, Германия, Ресейдегі және т.б. ғалымдар кітабының бір тарауы болып табылады. Бұл мақала, күнделікті өмір мен техникадан конструкциялы материалдар мен табиғи талшықтарды, ағаш, металдарды біртіндеп ығыстырып шығарып жатқан, полимер және композит тәрізді материалдарға арналған. Дегенімен, әр түрлі датчиктерді және сенсорларды жасауда әзірге, мысалы, дәстүрлі материалдар-металдық терморалардағы металдар, әр түрлі жартылай өткізгіштер қолданылады. Қазіргі таңда полимерлерді температуралық датчиктер ретінде және рН-ты өлшеуіш ретінде, иондық күшті, ылғалдылықты, сәулені, электрлік және магниттік өрістерді өлшеу үшін пайдалану бірте – бірте дамып келе жатыр. Бұл өзекті сұраққа сыртқы әсерге сезімтал полимерлі материалдарды сипаттап көрсеткен шолу мақаласы арнаған [6] (ҚазҰЗУУ).

Дәрі-дәрмектерді жеткізу және осы саладағы соңғы жасалған жұмыстар мен зерттеулерге шолу жасау үшін, ядро-қабық нанокұрылымдарды жасау мәселелеріне батыс Еуропа елдерінің, Қытайдың бірқатар ғалымдарының, сондай-ақ Қазақстан авторларының ұжымдық монографиясы (НУ) арналған [7].

Қазіргі медицинада қолданылатын жаңа және дәстүрлі емес әдістерді жасау мәселесі қарқынды қолға алынуда. Атап айтқанда, [8] монографиясы микроағзалар мен ісіктерден пайда болған дәріге қарсы күреске арналған. Беттік-белсенді заттардың, ақуыздардың, полимерлердің және олардың сұйық шекарадағы қоспаларының адсорбциялық қабаттарының сандық сипаттамасы үшін, тензиометрия әдісімен сұйықтықтардың бөліну шекараларының сипаттамасын анықтауға арналған “Profile Analysis Tensiometry for Studies of Liquid Interfacial Dynamics” атты ұжымдық монографияға Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің қызметкерлері ат салысты (ҚазҰТЗУ).

З.А. Мансұровтың редакциясымен жазылған монография [9] (жану мәселесі институты) наноқұрылымды көміртек құрамды материалдарды жасауға арналған. Олар бірегей физикалық-химиялық қасиеттерге ие және кең спектрдегі қолданысқа ие: су мен басқа сұйықтықтарды тазалауға арналған адсорбенттер ретінде, сұйық және газтәріздес ортадан бағалы заттарды алу және мұнайды қайта өңдеу үшін, тамақ өнеркәсібінде, медицинада сорбциялық жүйелерде қолданылады.

Іргелі аспектілер және гидрофобты полиамфолиттерді қолдану бойынша жан-жақты шолу [10], ҚазҰТЗУ қызметкері мен Германия (Joachim Koetz) және АҚШ (Nurxat Nuraje) ғалымдарымен бірлескен авторлық мақалада жарияланды. Шолу, құрамында қышқыл мен негізгі және гидрофобты топтары бар, ерітінділерде ақуыздардың, амфотерлік полипептиттердің және полинуклеотидтердің әрекетін жасайтын бірегей макромолекулалардың қасиеттеріне арналған. Гидрофобты полиамфолиттер наноөлшемді мицеллалар, везикулдар, пластиналы агрегаттар, дендримерлер, фракталды құрылымдар, кластерлер және басқа да жоғары қалыптастырылған құрылымдарда өздігінен жинау қабілетін көрсетеді. Шолуда полиамфолиттердің соңғы зерттеулерінің нәтижелері және оларды мұнай алудың жоғары коэффициентімен агент ретінде қолдану мысалдары, қату температурасының депрессоры және балауыз ингибиторы, репродуктивті медицинаның клиникалық практикасында гидрофобты полиамфолиттермен тірі жасушаларды криоконсервациялауды қоса алғанда, биомедициналық және ауылшаруашылықта қолданылуы сипатталған.

## **2. Ғылымдағы әлемдік үрдістерге шолу және талдау жасау, отандық ғалымдардың шетелдік ғалымдармен байланысының мысалдары**

Көптеген жылдар бойы ғылымдағы елеулі әлемдік үрдіс пен зерттеулердің қызықты тақырыбы - сарқылмайтын энергетика болып табылады. Бұл тақырыпқа қызығушылық, әлемдік экологиялық проблемалармен, климаттың жылынуымен және минералдық энергия ресурстарының таусылуымен қатар өсуде. Бұрынғы жасалған әзірлемелерге қарағанда бұл әзірleme әлдеқайда тиімді, күн батареялары да осы трендке негізделген және үлкен қолданбалы мәнге ие.

## **Күн элементтері**

Соңғы жылдары наноөлшемді кванттық нүктелерді пайдалана отырып, күн элементтерін және басқа да құрылғылы құрылымдарды зерттеу мен дайындауға үлкен көңіл бөлінуде. Кванттық нүктелер, яғни осы материалдағы электрон толқын ұзындығына жақын мөлшердегі бөлшектер, материалдың көлемді аналогтарынан мүлдем өзгеше, бірегей физикалық және химиялық қасиеттерге ие. Бөлшектердің өлшемінің өзгеруімен қасиеттердің өзгеруі, кванттық локализация эффектісінің салдарынан болады. Бөлшектердің өлшемінің кішіреюімен, жаңа физикалық құбылыстар байқалады. Кванттық нүктелер микроэлектроникада, оптика мен оптоэлектроникада перспективті материалдар болып табылады. Мысалы, бүгінде дүкендерде кванттық нүктелер негізіндегі керемет контрасты және тірі суреті бар теледидарлар пайда болды. Сондай-ақ кванттық нүктелер ерте диагностика жүргізу үшін, емдеу үшін де, басқа да көптеген салаларда да перспективті болып табылады.

*Қазақстанның және жоғары дамыған шет елдердің жетекші ғылыми мектептерінің жетістіктерін және даму үрдістерін талдау*

Соңғы жарияланымдарды талдау балалардың денсаулығы мен репродуктивтік денсаулықты сақтау, экологияның қоғамдық денсаулыққа әсерін зерттеу және эпидемиологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, жұқпалы

аурулардың таралу проблемаларын шешу, регенеративті медицина мен жасушалық технологияларды дамыту, онкологиялық ауруларды емдеудің жаңа технологияларын жасау сияқты салаларда Қазақстандағы ғылыми мектептердің бар екендігін көрсетеді. аурулар, хирургиялық ауруларды емдеуде жаңа технологияларды дамыту (жалпы хирургия, травматология және ортопедия, нейрохирургия, урология, кардиохирургия, көз аурулары және урология), денсаулық сақтау мен денсаулық сақтауды ұйымдастыру (денсаулық сақтау мен экономика, салауатты өмір салты, аурулардың медициналық және әлеуметтік аспектілері) және т.б. – маңызды соматикалық аурулар, жаңа препараттардың клиникалық және клиникалық зерттеулерін жасау және жүргізу.

*Ғылыми жетістіктерді шолю және талдау туралы қорытындылар мен ұсынымдар*

1. Медицина саласында зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы дараланған және профилактикалық медицина салаларына инвестицияларды дамыту бойынша айтарлықтай шаралар қабылдау қажет. Ол үшін сіз мыналарды қамтамасыз етуіңіз керек:

– дербестендірілген медицинаны дамытудың ұлттық бағдарламасын іске асыру және іске асыру;

– биотехнологияларды дамыту және коммерцияландыру үшін Қазақстан Республикасы халқының салауатты және өнімді ұзақ өмір сүруіне мүмкіндік беретін трансляциялық алаң құру. Бұл үшін GMP (Good Manufacturing Practice) өндірісінің стандарттарына сәйкес келетін ген және клеткалық терапия үшін өндірістік инфрақұрылымды, биопанктің, клиникалық зерттеулерді жүргізу орталықтарының, геномдық зерттеулердің инфрақұрылымын, денсаулық сақтау жүйесінің ақпараттық инфрақұрылымын және деректерді талдау инфрақұрылымын құру қажет.

2. Осы салаларға инвестиция салумен қатар, Қазақстан жас мамандарды талантты тарту және ғылыми ұйымдарда сақтау стратегиясын әзірлеуі қажет.

3. Халықаралық фармацевтикалық және биотехнологиялық компаниялардың инвестициялары үшін тартымды ел болу үшін Қазақстанға салықтық немесе басқа қаржылық ынталандыруды енгізу қажет.

Биомедициналық зерттеулер нарығын дамыту үшін негіз болуға тиіс:

– мотивациялық механизмдерді енгізу (фармацевтикалық компаниялар мен мемлекеттің арасындағы келісім - Қазақстан Республикасының аумағында клиникалық зерттеулерде 10%-ке дейінгі кірістерді инвестициялау, клиникалық зерттеулерге инвестициялайтын компаниялар үшін салық жүктемесін төмендету);

– клиникалық зерттеулер мен кеңейтілген терапевтік дәрілік препараттарды (Advanced Therapy Medicinal Products - АТМР) пайдалану үшін құқықтық негізді құру;

– клиникалық зерттеулер тізілімін құру;

– Ұлттық есірткі сараптау орталығының сарапшылар әлеуетін күшейту, биоэтика жөніндегі комиссия.

**«Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) басымдығы**

### ***Педагогика саласындағы зерттеулер***

*1. Білім берудің дамуының жаһандық үрдістері – XXI ғасырдың стратегиялық басымдылығы ретінде*

Қазіргі кезде ғалымдар «көпполярлы әлемнің қалыптасуы, экологиялық дағдарыс, қоғамның жаһандануы, жаңа ақпараттық, технологиялық және гуманитарлық революциялар және т.б.» сияқты жақын болашаққа білім беруді дамытудың жаңа стратегиясын болжауға мүмкіндік беретін факторларды анықтады. [1]. Педагогика ғылымының контекстінде дүние жүзіндегі білім беруді әрі қарай дамыту үшін негізгі - әлеуметтік маңызды факторлар қаралды.

*Қоғамның жаңа даму кезеңінің басталуы.* Бұл жағдайда білім беру жүйесі туындаған қауіп-қатерлерге адекватты жауап беруі тиіс: қоғамның электрондық, жаңа ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ету, адамдарға басқа да сұранысқа ие құзыреттіліктерді беру.

*Инновациялық экономиканы дамыту.* Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда көшбасшылық қасиеттер, өзіндік ойлау, шығармашылық ізденістер мен түйсіктер берілген жаңа үлгідегі (intellectual employees) қызметкерлерге шешуші рөл беріледі. Демек, білім беру және педагогика ғылымы білім алушылардың ақпараттық революция объектілеріне тән емес сапаларын қалыптастырудың инновациялық технологияларын іздеуге бағытталуы қажет.

*Гуманитарлық төңкеріс.* «Білім экономикасы» адамның ізгілігі мен адамгершілігіне қарама-қайшы әсер етеді, оның рухани тоқырауына, қоғамда оқшаулануына және өмірдің мәні ретінде консюмеризмді қалыптастыруға әкелді. Сондықтан қазіргі қоғамға табиғаттың, адамның және қоғам дамуының іргелі заңдарына адекватты, сәйкес келетін жаңа дүниетанымдық парадигма қажет. Осылайша, аталған факторлар білім беру саласындағы педагогикалық зерттеулердің өзекті бағыттарының векторын анықтады.

***1.2 Білім берудің әлемдік жүйесінің даму трендтері мен негізгі бағыттарына шолу жасау және талдау***

#### ***1.2.1 Білім беруді ізгілендіру.***

Қазіргі өркениеттің өмір сүруі мен әрі қарай дамуы адаммен, оның ақыл-ойымен, интеллектісімен, адамгершілігімен, руханилығымен, яғни жанданған интеллектпен анықталады [2]. Алайда, жұмыстарды талдау көрсеткендей, «толықтай білім беруді ізгілендіруге арналған зерттеулер жоқ».

Қазіргі уақытта білім берудің барлық деңгейлерін гуманизациялауды анықтайтын негізгі қағидаларды зерттеу жалғасуда: білім берудің жаңа философиясының қағидалары негізінде қазіргі заманғы білім беру үдерісінің полисубъектілік мәні.

#### ***1.2.2 Білім беруді ізгілендіру***

Білім беруді гуманитарияландыру тұлғаның аксиологиялық, құндылық-бағдарлы және құндылық – мағыналық мәселелерін шешуге бағдарланған

және «гуманитарлы мәдениет» феноменімен байланысты. Бұл тұрғыда гуманитарлы мәдениет ХХІ ғасырдың сұраныстарына деген жаһандық социумның аса адекватты жауабы болып табылады. себебі ол қазіргі білім берудің гуманистік әлеуетінің базалық негізін қалайды [3].

Шетелдік жоғары мектепте гуманитаризация негізінен жалпы мәдени құрамдасты күшейту, гуманитарлық емес оқу пәндерінің мүмкіндіктерін анықтау арқылы жүзеге асырылады, жоғары білімді маманның құқықтық, моральды, психологиялық мәдениетін арттыру міндеті қойылады.

Қазақстанда білім беруді гуманитаризациялау қоғамдық сананы жаңғыртумен және оны білім беру үдерісінде басқаша түсіндірілу өзгешелігімен байланысты зерттеледі [4];

### ***1.2.3 Үздіксіз білім беру.***

Адамның өмір бойы үздіксіз білім алуы қоғамның ұтқырлығын, әрбір тұлғаның болжанатын өзгерістерге дайындығын, өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді [5, 6]. Үздіксіз білім беру және өмір бойы оқыту идеясы әлемнің көптеген елдерінің білім беру саясатының негізгі идеологиялық және ұйымдастырушылық-практикалық бағдарларына айналды (M.Elfert, K. D.Regmi, T.Бентли, С.Брукфилд, В. В.Афанасьев, Е. О. Бабич, С. М.Куницына).

Жалпыға ортақ үздіксіз білім беру, өмір бойы білім алу - ресейлік және қазақстандық білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты. Осы мақсатты жүзеге асырудың формалары мен әдістерінің осы елдерге тән өзіндік этноәлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері болады [5, 12]. Үздіксіз білім беру аясында педагогика ғылымында халықтың әртүрлі топтарына қызмет көрсетуге қабілетті оқытудың өзара байланысты нысандарының желісін негіздеу және әзірлеу; үздіксіз білім беруді іс жүзінде іске асыру үшін білім беру сапасын қамтамасыз ету, ақпараттық технологиялардың (онлайн, СМАРТ, СТЕМ және т.б.) мүмкіндіктерін кеңейту сияқты проблемаларды зерттеу алда тұр.

### ***1.2.4 Жаһандану жағдайында білім беруді халықаралықтандыру***

Халықаралықтандыру жоғары білім берудің зерттеу, білім беру және әкімшілік функцияларына халықаралық құрамдасты ендіру үдерісі ретінде [7] саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени және академиялық сипаттағы факторлармен байланысты.

Халықаралықтандырудың мазмұны, формалары, тарихи аспектісі S.Slaughter C., Vincton, W. Hoffa, A. Yonezawa сияқты ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің пәні болды, оларда дүниежүзінің әртүрлі мемлекеттеріне тән халықаралықтандыру модельдерінің ерекшеліктерін көрсетілген [8].

### ***1.2.5 Білім беруді цифрландыру.***

Педагогикалық аянда тағы бір ұғым – «білім беруді цифрландыру» пайда болды, ал онымен бірге өзінің білім траекториясын дербес қалыптастыратын, оқуды, жұмысты және тұлғалық дамуды біріктіретін білім алушылардың жаңа түрі пайда болды [9]. Цифрландыру тұрғысында неғұрлым дамыған елдерде инновация және даму орталықтарында қазірдің өзінде

балабақшалар мен мектептерде бағдарламалау курстары оқытылады, барлық жерде мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сандық сауаттылығын арттыруға арналған стартаптар пайда болады [10].

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде және кәсіби даярлауда сандық технологияларды қолдану мәселелері құрастырылып келеді, мамандардың базалық құзыреттілігін тиімді қалыптастыру шарттары анықталады (Е. Ы.Бидайбеков, С.Н.Конева, Д.М. Жусубалиева) цифрландырудың білім беру процесінің тиімділігін арттыруға әсері анықталады (Ш. Т. Таубаева) [11]. Жүргізілген зерттеулер іргелі болып табылмайды, бірақ оларда білім беру жүйесін оның барлық деңгейлерінде цифрландыруды әрі қарай зерттеу үшін бағдарлар берілген.

## **II. Педагогика ғылымының әлемдегі және Қазақстандағы ғылыми мектептердегі жетістіктеріне шолу және талдау**

### ***2.1 Мектепке дейінгі педагогика.***

Жаһандану, ақпараттық революция ғалымдардың мектепке дейінгі білім беру (МДБ) жүйесіне деген көзқарастарын, мектепке дейінгі жастың құндылықтары мен баланың қоғамдық қатынастар жүйесіндегі алатын орнын айтарлықтай өзгертті, бұл МДБ-де тұжырымдамаларды, жаңа технологияларды әрі қарай құрастырудың негізіне айналды.

Оқушылардың жоғары білім беру нәтижелері мектепке дейінгі білім берудің жоғары сапасымен түсіндіріледі. Бұл мектепке дейінгі тәрбиенің жаңа стандарттары мен бағдарламаларын қабылдауда көрінетін мемлекеттің балалардың ерте дамуына деген ерекше назар аударуымен негізделген. Қытайда мектепке дейінгі білім беруді дамыту үрдісі бар – тек пәндік әлемде ғана емес, сонымен қатар қоршаған әлемде оның әртүрлі жағдайларына бейімделе отырып, өмір сүруге қабілетті жаңа ғасырдың балалары үшін қолайлы жағдай жағына қарай даму үрдісі байқалады [12, 232]. Мектепке дейінгі білім берудің шетелдік жүйесінің Қазақстанда елдің дамуының ұлттық-мәдени өзгешілігін ескере отырып табысты қолдануға болатын құнды ғылыми-практикалық капиталы бар екенін атап өткен жөн.

ҚР мектепке дейінгі білім беруде гуманистік парадигманы жүзеге асыру, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының педагогикалық өзара әрекеттестігі, өзара әрекеттестік сапасын басқару, «тең құқылы» қарым-қатынаста тиімді формалары мен әдістерін іздеу мәселелерін өзектендіреді (Р.К. Бекмағамбетова, Н.В.Мирза, А.Б. Елкеева, А.Е. Манкеш, А.Д. Сыздықбаева).

Қазақстанда 2016 жылдан бастап барлық МДМ-де мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жанарту үдерісі жүріп жатыр. Бұл ретте мектепке дейінгі білім беруде бірінші орынға мектепке дейінгі жастағы баланы оқуға, жазуға, санауға, шет тіліне және т.б. оқыту ғана емес, сонымен қатар мектепте оқытуға функционалдық дайындығын, әлеуметтік жетілу ұсынылады. Зерттеулер дәл осы салаларда жүргізіледі (Н.В.Бутенко, Л.Э.Левина, Е.К.Ривина, Л.Г. Касьянова) [13;14].



Қазақстанда қарастырылып отырған кезеңде зерттеулер векторы келесі мәселелерді зерттеуге бағытталған:

– мектепке дейінгі білім берудің ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздері (Б. Б. Баймыратова, А. Меңжанова, М. С. Сетімбекова, М. Т. Тұрыскелдина, А. Әмірова, Қ. Меңдаяқова, Ә. Т. Искакова, А. Х. Казетова, У. Т. Теленова, Г. З. Таубаева, К. М. Метербаева, М. К. Ибраева және т. б.);

– қосымша білім беру аясында Ресеймен бірлескен мектепке дейінгі жастағы балалардың интеллектуалды дамуының бағдарламалары құрастырылды: балалардың интеллектуалды дамуының психологиялық-педагогикалық құралдарының бірі ретінде ментальдық арифметика мүмкіндіктері [15].

## ***2.2 Бастауыш білім беру педагогикасы.***

Қазіргі таңда әртүрлі елдердегі бастауыш білім беру жүйесі балаларды тұлғалық-бағдарланған оқытуға, іс-әрекеттің алуан түрлі саласындағы құзыреттілікпен анықталатын сапаға, өмір бойы оқуға деген тұрақты мотивацияға, кәсіби-тұлғалық өсуге бағдарланған [16].

Педагогикалық зерттеулерде оқыту нәтижелерінің проблемасы маңызды орын алады, атап айтқанда, негізгі нәтиже ретінде оқушылардың пәнаралық құзыретін бағалау, оның негізі бастауыш мектепте қаланады және олардың осы сатыда қалыптасу деңгейіне кейінгі білім берудің сапасы мен тиімділігі байланысты [16].

Бастауыш білім берудің әлемдік педагогикасында оқытудың жаңа тұжырымдамалары құрастырылады, әртүрлі дидактикалық идеялар оқу үдерісіне енгізіледі: Питсбург университетінде (АҚШ) құрылған «*Жеке белгіленген оқыту*», американдық биолог және педагог Дж. Швабтың [17,10] «*Зерттеулерге шақыру*» атты зерттеу типінің моделі. Ресейде оқушыны танымдық іс-әрекет субъектісі ретінде жүйелі дамытуды дидактикалық қамтамасыз ету, олардың метаұғымдар мен метабіліктерді меңгеру [18].

Бастауыш білім беру педагогикасы саласында бүгінгі таңда мынадай мәселелерді зерттеу өзекті: Қазақстанда бастауыш білім берудің қазіргі заманғы моделін құрастыру, жаңартылған тетіктерді іздеу, бастауыш мектепке жаңа енгізілімдерді енгізу шарттары және т. б.

Осылайша, Қазақстандағы бастауыш мектеп 2016-2018 жж. қарастырылатын кезеңде прогрессивті халықаралық стандарттарды ескере отырып, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайға сәйкес дамыды. Оның әрі дамуы жалпы педагогика ғылымындағы, атап айтқанда бастауыш білім беру педагогикасындағы жетістіктерімен байланысты.

## ***2.3 Мектеп педагогикасы.***

ҚР-да білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында орта білім беруді жаңғыртудың негізгі аспектілері көрсетілген. Орта білім берудің жаңартылған мазмұнының интеграцияланған білім беру бағдарламасы, «Мәңгілік ел» құндылықтары негізінде оқытуды тәрбиелеумен интеграциялауды, оқушыларды академиялық даярлауды және олардың дербестігін жүйелі-әрекеттік тұғыр, пәнаралық интеграция және практикалық-бағдарланған тұғыр негізінде дамытуды қамтамасыз етеді.

Көптеген елдер өздерінің стандарттары мен бағдарламаларын жүйелі түрде жетілдіріп келеді (Финляндия, Молдова, Қырғыз Республикасы). Мысалы, Финляндиядағы ұлттық куррикулумның Жаңа шеңберінің ерекшелігі (2016 ж.) – «феномендерге негізделген оқыту» - «пәндерден» пәнаралық тақырыптарға көшу.

2016-2018жж. қарастырылатын кезеңде Қазақстанда жаңартылған мазмұнды енгізу, білім беру сапасын арттыруға, оқу үдерісін дараландыру мен оның вариативтілігіне, оқу уақытын тиімді қолдануға және оқушылардың репродуктивті іс-әрекетінің үлесін төмендетуге бағытталған оқыту технологияларын іріктеумен байланысты. Осыған сәйкес қазақстандық мектеп мұғалімдері инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар спектрін қолданады: әртүрлі деңгейлік, жобалау, зерттеу, коллаборативті оқыту, ақпараттық-коммуникациялық және денсаулық сақтау технологиялары, инновациялық бағалау жүйесі ретінде критериалды бағалау технологиясы.

Білім беруді әрі қарай дамытуды ғалымдар оқу үдерісін технологиялық қамтамасыз етумен байланыстырады. Бұл электронды мектепті құру, дарынды балаларды анықтау және қолдау, инклюзивті білім беру, оқытудың STEM және SMART элементтерін қолдану, білім беру үдерісін жетілдіруде педагогика ғылымының мүмкіндіктерін жүзеге асыруға бағытталған геймификация мәселелері. Ғалымдар қазіргі заманғы оқыту модельдерін, технологияларын жобалау мен практикаға алмастырудың, дидактикалық негіздемелерін және пәнаралық зерттеулерді талап ететінін атап өтті (Р.Б. Бектенова, А.Е. Берік-ханова, О.Б. Даутова, О.Н.Крылова).

#### ***2.4 Жоғары мектеп педагогикасы.***

XXI ғасырдың басталуы жоғары мектептің жаңа сипаттамаларымен, даму үрдістерімен атап өтіледі: әлеуметтік бірлікті нығайту және біріктіруде жоғары оқу орындарының ролін арттыру; білім беру мекемелері үлгілерінің алуан түрлілігі; ғылыми зерттеулердің, бизнестің және практикалық даярлықтың үйлесімі; халықаралық және әлеуметтік серіктестік.

Жоғары мектепті, сонымен бірге жоғары білім алудың ақпараттық формаларымен қамтамасыз етілетін бұқаралық сипаттайды.

Халықаралықтандыру, гуманизациялау, гуманизациялау үдерістерінің жоғары мектепте көрініс табуының өзіндік ерекшеліктері бар. Еуропалық жоғары оқу орындары өзінің негізгі міндеттері ретінде, студенттерді жаһанданған әлемдегі өмірге даярлауды, шетелдік студенттер санын арттыруды, олардың халықаралық беделін арттыруды, сонымен бірге, ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің сапасын арттыруды атайды [19]. Әсіресе, бұл үдеріс мамандарды инженерлік-техникалық даярлауда, «инженерлік ойлаудың технократиялық типін сақтау және қазіргі заманғы әлеуметтік инженерлік міндеттердің гуманистік сипаты» арасындағы қарама-қайшылықта көрініс табады [20].

Соңғы 10 жылдықта көптеген дамыған елдерде STEM-science, technology, engineering and mathematics пәндері тобына басымдылық беріледі.[21].

Қазіргі заманғы университеттің дамуын ғалымдар оның сандық өзгеруімен байланыстырады, ол өз кезегінде: оқытушының дәстүрлі ролін өзгер-

туін; жоғары оқу орындары оқытушыларының цифрландырумен байланысты жаңа өзгеше құзыреттіліктерді меңгерудің қажеттілігін; оқыту құрылымының және білім беру үдерісін ұйымдастырудың іргелі өзгерістерін талап етеді.

#### **2.4.1 Кәсіптік білім беру.**

Болып жатқан процестердің әркелкілігі жағдайында ғылым мен білім беру тәжірибесінің өзара әрекеттестігі механизмдерін талдау, ТжКБ және жоғары кәсіптік білім беру жүйесі түлектерінің әлсіз практикалық даярлығын көрсетеді. Ғалымдар мен практиктер мәселені тиімді шешуді дуальды оқытумен байланыстырады, олар дуальды оқытуды «тек педагогикалық балама ретінде ғана емес, сонымен қатар нарықтық экономика жағдайына табысты бейімделген, әр түрлі елдердің кәсіптік педагогикасының дамуына тікелей және жанама ықпал еткен білім беру феномені» ретінде қарастырады» [22, 47].

Еуропадағы кәсіптік білім беру мен оқытудың классикалық модельдерінің арасында Германияда дуальді оқытудың моделі ерекше ғылыми-практикалық қызығушылық тудырады, мұнда «кәсіптік білім берудің және оқытудың дуальды жүйесі жалпы білім беру мен оқыту жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды» [23].

Қазақстанда дуальді оқыту 2012 жылдан бастап, ең алдымен техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне (ТжКБ) енгізіле бастады. Соңғы уақытта дуальді оқыту әлеуеті жоғары мектеп мамандарын кәсіби даярлауда зерттеледі. Қазақстанда ғалымдар тобы болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдіру мәселесін теориялық және практикалық даярлауды күшейту арқылы зерттейді (А. Жолдасбеков, И.С. Сманов, Н.Рахметова, А.Тастанбекова, У.М.Абдигапбарова, К.У.Кунакова, А.Т.Чакликова және т.б.) [23, 24, 25].

#### **2.4.2 Педагогикалық білім беру.**

Зерттеушілердің жұмыстарын талдау, әрбір елде педагогикалық білім беруді реформалаудың өзіндік ерекшеліктері мен өзгешілігінің болатынын көрсетеді. Мысалы, АҚШ-тың педагогикалық білім беруде зерттеушілер келесі жаңғырту бағыттарын атап көрсетеді: біліктіліктен негізгі түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыруға тірек жасау; кәсіби-педагогикалық даярлау мазмұнының базалық компонентін іздеу; практикалық даярлықты күшейту; оқу бағдарламаларының мазмұнын іріктеу мен құруда интеграцияланған тәсілді пайдалану; психологиялық-педагогикалық циклдағы пәндерді гуманизациялау және әлеуметтендіру (А.Н. Джуринский, В.А. Капранова, Е.А. Сурудина) [17].

Еуропалық елдерде педагогикалық кадрларды даярлау негізінен классикалық университеттерде шоғырланған. Сонымен қатар, кәсіби даярлауда көптеген елдерге тән жаңғыртудың жалпы аспектілері бар [17, 128].

Әлемнің жетекші елдерінде міндетті түрде жоғары болуы қажет бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілік деңгейіне ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, Оңтүстік Кореяда педагогикалық мамандықтарға қабылданған талапкерлердің 5%-ы, Финляндияда 10%-ы, Сингапурда 30%-ы мектептердің үздік түлектері болып табылады [26].

Ресей мен Қазақстан ғалымдарының зерттеулерінде мұғалімді даярлауда құзыреттілік тәсілі басым болады: Э. Ф. Зеер, И. С. Якиманская, С. Е. Шишов [27, 28], Н. Рахметова, Ж.Сандибаева, Д.Калабаева [29]. Халықаралық және республикалық гранттық зерттеулер аясында жүргізілетін зерттеулер перспективті болып табылады: бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім беру парадигмасының мәселелері (К.К. Жампеисова, Ш.Ж. Колумбаева), дуальді білім беру мәселесі (К.Ж. Бұзаубақова, У.М. Әбдіғаппарова және т.б.), педагогикалық білім беру жүйесіне цифрландырудың әсері (Т.О. Балықбаев, Е.Ы. Бидайбеков, Г. Каликова).

### **2.5 Арнайы (түзету) педагогикасы.**

Шет елдерде (Германия, Ұлыбритания, Дания, Италия, Швеция және Америка Құрама Штаттары) инклюзия идеясын жүзеге асыру тәжірибесі, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді құрастыру, әлемнің басқа елдерінің білім беру жүйесіндегі инклюзивті тәжірибелерге позитивті әсер етеді.

Қазақстанда коррекциялық (арнайы) педагогика саласындағы зерттеулердің теориялық және практикалық нәтижелері бар (Ж.И. Намазбаева, Р.А. Сүлейменова, Р.К. Айтжанова, А.А. Байтұрсынов, З.А. Мовкебаева, А.К. Оралбекова, Е.А. Екжанова, А.К. Жалмұхамедова). Мысалы, ерекше қажеттілігі бар балаларды қалыпты жалпы білім беретін мектептерге енгізу арқылы инклюзивті білім беруді жүзеге асыру стратегиясы, ИБ-ді жүзеге асыру үшін ғылыми-әдістемелік, ендіруші базамен қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, елімізде инклюзивті білім беруді дамытуда ғылыми ұғынуды, әдіснамалық, әдістемелік қамтамасыз етуді және практикалық іске асыруды талап ететін проблемалар мен кедергілер әлі де аз емес. Олар: жоспарланған “кедергісіз мектеп” құру; педагогтар мен ата-аналар қоғамдас-тығының инклюзивті білім беру принциптерін қабылдауы; инклюзивті білім беруді енгізудің ең мүмкіндігін қамтамасыз етуде маңызды ресурс ретінде болашақ және тәжірибелі педагогтарды дайындау; оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқулықтар мен ОӘК бейімдеу; ИБ-дің кешенді педагогикалық технологияларын әзірлеу, оның барлық сатыларында білім берудің инклюзивтік моделін іске асыру.

### **2.6 Этнопедагогика.**

Ғалымдардың пікірінше, этномәдени проблемаларды елемеу адамзат қоғамы үшін жағымсыз салдарға әкеледі. Сондықтан, бүгінгі таңда ұлттық өзіндік сананы, мәдениетті, ұлттық дәстүрлерді мінез-құлық және руханилық тәжірибесімен бірлікте жаңғырту бойынша халық педагогикасының тәрбиелік әлеуетіне арналған этнопедагогикалық зерттеулер ерекше өзекті болып саналады (Г.Н.Волков, И.Т. Огородников, Е.Л.Христова, А.Ш. Гашимов, Я.И. Ханбиков, Г.Н. Филонов, А.Э. Измайлов, Г.С. Виноградов) [30,30,31].

Қазақстанда қарастырылған кезеңде ғалымдар этнопедагогиканың алуан түрлі аспектілерін құрастыруды жалғастырды:

- қазақ этнопедагогикасының әдіснамасы, теориясы және тәжірибесі (Қ.Б. Жарықбаев, А.Қалыбекова);
- халық педагогикасы құралдары арқылы тәрбие мәселесі (С.Қ. Қалиев, С.А. Ұзақбаева, Р.К. Дүйсембинова, Ш.М.Мухтарова, Т.А. Левченко);

- отбасылық этнопедагогика мәселелері (К. Сейсембаев, Ж. Сәкенов);
- эномәдени білім беру мәселелері (Ж.Ж. Наурызбай, Б.А. Жетпісбаева, Ш.И. Жанұзақова, К.Р. Қажимова, Ж.Т. Саймбетова);
- болашақ мұғалімдерді қазақ халық педагогикасын қолдануға даярлау мәселелері (Ж. Хасанова, Б.Ж. Мұқанова, К. Болеев және т.б.);

Этникалық психология саласындағы зерттеулер жандандырылды. Сонымен қатар, ғалымдар этнопедагогтар мен этнопсихологтардың бірігуінің қажеттілігіне қарамастан, ынтымақтастықпен жұмыс істемейтінін айтады [33].

Қазақ этнопедагогикасында жаңа бағыт – «Мәңгілік Ел» құндылықтары мен этнопедагогика, философия, тарих, мәдениеттану, психология идеяларын интеграциялау негізінде «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасының міндеттері контекстінде ұлттық тәрбиенің ерекшеліктерін зерттеу бағыты құрастырылды (Абай атындағы ҚазҰПУ).

### **2.7 Салыстырмалы педагогика (педагогикалық компаративистика)**

Дүниежүзінде білім берудің артушы рөлі, педагогикалық компаративистикаға деген ғылыми-практикалық қызығушылықты күшейтті. Дәстүрлі тұғырлармен қатар (амбивалентті, кешенді, гуманистік, тарихи, мәдениеттанушылық, этнопсихологиялық, аксиологиялық, өркениеттік) жаһандандудың көпфакторлы мәселелерін шешу үшін пәнаралық тұғыр және білім беру феномендерін салыстыруға мүмкіндік беретін, ойлау типтері мен мәдени бағдарлардың аясында қалыптасқан кроссұлттық талдау қолданылады [34].

Бүгінгі таңда жоғары білімді гуманитаризация, халықаралықтандыру, цифрландыру аясында педагогикалық компаративистиканың жаңа нысандары анықталады, олар салыстырмалы педагогиканың алдына қайта тұжырымдамалау мәселесін қояды [34].

Қазақстанда салыстырмалы педагогиканың қалыптасуы 90-жылдары басталды және А.Қ. Құсайыновтың «Германия мен Қазақстанда білім беруді дамыту (салыстырмалы-педагогикалық сипаттама)» (1996 ж.) жұмысымен байланысты болды. Одан әрі қарай Қазақстанның педагогикалық компаративистикасы Германия, АҚШ, Финляндия, Қытай және т. б. (А.Қ. Құсайынов, Г.К. Нұрғалиева, К.С. Мусин, З. Кенесарина, М. Т. Есеева, Р.К. Тұрысжанова, А.Қалиева, Г.Т. Қуандықова, Г.Т. Асылбекова, А.К. Диқанбаева, М.Н.Ермаханов, А.А. Ерімбетова, У.О. Сәбденова және т. б) мұғалімдерді кәсіби даярлауды және білім беруді басқаруды, білім беру тәжірибесін зерделеу бойынша зерттеулермен толықтырылды [28; 35; 36].

Белгілі компаративист Р.Коуэн ХХІ ғасырдағы педагогикалық компаративистиканың жаңа ойлау дәуіріне, өз пәнін замануи түсіндіру, жаңа интерпретациялық тұжырымдамаларды құрастыру, зерттеу шеңберін және контекстерін анықтау дәуіріне өтті [34]. Демек, Қазақстанның педагог-компаративистерінің алдында жаңа ғылыми ізденістердің кең спектрі ашылады.

### **2.8 Білім алушыларды тәрбиелеу теориясы мен тәжірибесі.**

Әр елдегі тәрбие мәселелерінің, жалпы әлемдік үрдістермен қатар, өзіндік міндеттері мен басымдылықтары ескеріліп қарастырылады. Жапонияның

қазіргі білім беру саясатының басымдылығы ретінде, адамгершілік тәрбиені, ұлттық өзіндік сананың сақталуын, «мінсіз жапондықты» тәрбиелеу алынады [37].

Әлемдік қоғамдастықта отбасы адам тұлғасын қалыптастыратын және дамытатын негізгі «тәрбие институты» болып қала береді. Тәрбие теориясы мен тәжірибесінде әр түрлі халықтардың отбасылық тәрбиесінің құнды тәжірибесі жинақталған. Зерттеушілер қарым-қатынасты, отбасылық қарым-қатынас жүйесін, отбасы моделін, отбасындағы балаларды тәрбиелеудің түрлері мен жағдайларын және т. б. зерттеді [38].

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің барлық деңгейлерінде балалар мен жастарды тәрбиелеудің тұтас жүйесі құрылған. Еліміздің білім беру жүйесінің басым бағыты ретінде тәрбие мазмұнының негізін жалпы-адамзаттық құндылықтар мен Мәңгілік Ел ұлттық құндылықтарының үйлесімді бірлігі құрайды. Бүгінгі таңда өскелең ұрпақты тәрбиелеу мазмұнын жаңарту қоғамдық сананы жаңғыртудың алты бағыты бойынша жүріп жатыр: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білім табынуы, Қазақстанның революциялық дамуы емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

“Өзін-өзі тану” адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы аясында ғылыми-практикалық және әдістемелік әзірлемелер жалғасуда. Өзін-өзі тану қазіргі білім беру жүйесіндегі жетіспейтін буынды толықтырады, адамның өздерімен және әлемімен үйлесімділікте өмір сүруіне мүмкіндік беретін өзекті адамгершілік-рухани құндылықтар мен жеке қасиеттерді дамытуға ықпал етеді, оқушыларды адамгершілік, адам сүйгіштік және қайырымдылық рухында тәрбиелеуге ықпал етеді.

Білім берудің тәрбие компонентін күшейту бірінші Президент Н.А.Назарбаевтың бастамашылығы “Рухани жаңғыру” бағдарламасын енгізумен байланысты. “Туған жер”, “Қазақстанның Сакралды географиясы”, “Жаһандық әлемдегі қазіргі қазақстандық мәдениет”, “Қазақстанның 100 жаңа тұлғалары”, “Жаңа адамгершілік білім” сияқты ғылыми білімнің түрлі салаларындағы бағдарлама жобаларының ғылыми нәтижелерін енгізу тәрбие мазмұнын байытуға ықпал етеді. Бұл тұрғыда “Ұлы даланың жеті қыры” атты бағдарламалық мақала оның жалғасы болып табылады және тәрбие үдерісін рухани контентпен, қазақ халқының мәдениетін терең танып-білуге, оның ұлттық мәдени-генетикалық кодын сақтауға мүмкіндік береді.

Сондықтан бүгінгі күні педагогикалық ғылымның алдында ("тәрбиенің теориясы мен практикасы") келесі міндеттері тұр: тәрбиенің жаңартылған әдіснамалық базасын ұғыну; тұлғаны қалыптастыруда отбасының және басқа да әлеуметтік субъектілердің ықпалдасуы, өзара әрекетісі; еліміздің жас ұрпағының негізгі, жалпы мәдени, пәндік құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін жаңа технологияларымен тәрбие практикаларының әдістемелерін іздеу және енгізу; «ақпараттық тәрбиелі адамды қалыптастыру», «жас адамға ақпараттық әлемде бағдарлануға көмек беру», ... тек оған адамгершілік гуманистік ұстанымдар мен құндылықтарды дарыту арқылы,

ақпараттық ағындарды қабылдау үшін сенімді сүзгілер ретінде қызмет етеді» (С.А.Головань) [39]. Тәрбие, тұлғаны қалыптастыру міндеттерін шешу әлеуметтік-гуманитарлық білімнің басқа салаларымен интегративтік, пәнаралық көзқарасты талап етеді.

### **2.9 Қазақстанның педагогикалық ғылыми мектептері.**

Ғылыми мектептердің болуы - ғылымның жай-күйі мен дамуының маңызды сипаттамаларының бірі. Қазақстанда педагогикалық зерттеулер негізінен жоғары оқу орындарында, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында жүзеге асырылады және республикада қалыптасқан экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайларды ескере отырып, ұлттық білім беру жүйесін құрастыруға бағытталған.

Қазіргі заманғы педагогика ғылымының жетістіктерін талдау, қазіргі кезде Қазақстанның белгілі ғалымдары негізін қалаған жекелеген ғылыми мектептер бар: атап айтқанда, Р.Г. Лемберг, А.С. Ситдыков, С.М. Мусин, Г.М. Храпченко, К.Б. Жарықбаев, С.К. Қалиев, К.К. Құнантаева, Г.А. Уманов және т.б.

Қазақстанның педагогика ғылымында профессор Н.Д.Хмельдің ғылыми мектебі ерекше орын алады, аталған мектеп біртұтас педагогикалық процесс тұжырымдамасын мұғалімді кәсіби даярлау және іс-әрекет нысаны ретінде дамытады және жүзеге асырады. Тұжырымдама оның өкілдеріне біртұтас педагогикалық процесті (БПП) жүзеге асыру технологиясын құру және дамыту бойынша жүйелі зерттеулер жүргізуге мүмкіндік берді (Н.Н. Трегубова, Н.Н. Хан, К.С. Успанов, С.Т. Каргин, А.А. Калюжный, М.Н. Сарыбеков, С.Смаилов, А.А. Молдажанова, Ш.Ж. Колумбаева, Н.Подобед, Г.Т.Оразбаева және т.б.). БПП теориясының инновациялылығы қазіргі таңда ғылыми білім-ді технологиялық тәсілдерге қайта құруды қамтамасыз етуде, жаңа өмінді немесе әлеуметтік қатынастарды құруда көрініс табады, сондықтан оның еліміздің білім беру жүйесін жаңғыртудағы маңыздылығы артады. Қазіргі таңда Н.Д.Хмельдің ғылыми мектебінің базасында жоғары педагогикалық білім берудің теориясы мен тәжірибесінде жаңа бағыт - қоғамның рухани жаңғыру сатысында бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім берудің ғылыми негіздерін қалыптастыру бағыты пайда болды (К.К.Жампеисова, Н.Н.Хан, Ш.Ж.Колумбаева).

Кәсіби педагогиканың бірыңғай теориялық-әдіснамалық тұжырымдамасын ҚР ҰҒА академигі А.П. Сейтешевтің ғылыми мектебі ұсынады. Аталған мектепте мамандарды қалыптастыру теорияларын, принциптерін құрастыру мәселелері мен кәсіби білім беру саласындағы педагогикалық технологияларды құрастыру мәселелері зерттеледі (В.В. Егоров, Ы.Наби, Б.Әбдікәрімов).

Оқу-тәрбие үдерісін пәнаралық байланыстар негізі, жаһандық білім беру кеңістігінде ғылым мен практиканың интеграциясы ретінде ізгілендіру және гуманитаризациялау, білім берудегі экологиялық мәселелерді п.ғ.д., профессор А.А. Бейсенбаеваның ғылыми мектебінің өкілдері дамытып келеді: Р.К. Төлеубекова, А.Н. Көшербаева, Г.К. Ділімбетова, М.А. Абсатова, Г.К.Шолпанқұлова, К.Ш.Бәкірова, А.А.Саипов.

П.ғ.д., профессор С.А. Ұзақбаева – Қазақстанның заманауи педагогикасындағы этнопедагогикалық бағыттың жетекшісі.

П.ғ.д., профессор Г.К.Нұрғалиеваның ғылыми мектебінің зерттеу қызығушылықтарының саласы – тұлғаны құндылықты бағдарлаудың әдіснамасы және әдістемесі, кәсіби білім беру, ақпараттандыру, e-learning және оқытуды цифрландыру мәселелері.

Қазіргі заманғы ғылыми мектептер бүгінгі таңда ұлттық жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен қатар өңірлік ЖОО-да қалыптасады. Мысалы, профессор Н. Э.Пфейфердің ғылыми мектебінің қалыптасуын атауға болады, онда ЖОО-ның педагогтары мен студенттерінің кәсіби-педагогикалық әлеуетінің теориялық және әдіснамалық негіздері зерттеледі (К. К. Жұмадірова, Л. Ю. Гущина, А. А. Кудышева, Е. И. Бурдина).

Қазақстанның педагогика ғылымында қалыптасқан ғылыми мектептермен қатар педагогиканың әдіснамалық мәселелері және мұғалімнің зерттеу мәдениеті саласында профессор Ш.Т. Таубаеваның, профессор А.Қ. Құсайыновтың салыстырмалы педагогикасы, профессор З.А. Мовкебаеваның түзету педагогикасы және инклюзивті білім беру саласындағы ғылыми мектептері құрылады.

### **III. Педагогика ғылымының перспективті бағыттары**

#### ***3.1 Арт-педагогика.***

Адамның қалыптасуының қуатты құралы ретінде өнер, психотерапия және психологиялық – педагогикалық білім синтезін ұсынатын, кез келген жастағы адамды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, қолдау міндеттерін экологиялық, адам тәрізді шешу үшін әр түрлі педагогикалық міндеттерді шешуге ықпал ететін педагогикадағы жаңа бағыт-арт-педагогиканың пайда болуына әсер етті (Н.Ю.Сергеева, Р.А.Верховодцева, Т.К.Донская).

Артпедагогика дербес ғылым ретінде қалыптасудың бастапқы жолында келеді, бұл оның мәні мен әдіснамасын түсіндірудің әртүрлі тәсілдерінің болуымен анықталады. Ғалымдар мен педагог-практиктер өнер құралдарын тарту арқылы тиімді шешуге болатын педагогикалық міндеттерді ажыратып көрсетеді.

Артпедагогика білім алушылардың әртүрлі жас топтарымен, дарынды балалардан бастан девиантты, мүмкіндігі шектеулі және дені сау адамдармен нәтижелі жұмыс істеуге мүмкіндік береді; білім берудің барлық түрлерінде дерлік қолданыс табады. Артпедагогика технологиялары білім беру жүйесінің барлық пәндік салаларына интеграциялануы мүмкін.

Қазақстанда тәрбие үдерісінде өнердің әлеуетін қолдану туралы ауқымды практикалық материал жинақталған. Алайда, интегративті ғылыми-педагогикалық бағыт ретінде арт-педагогика енді ғана өзінің қалыптасуын бастап келеді (Б.А. Әлмұхамбетов, Ж.Шайғөзова, М. Сұлтанова) [40]. Мысалы, арт-педагогиканың және арт-терапияның жасөспірімдер мен жастардың суицидальды үрдістерінің ерте алдын алу мәселелерін шешудегі мүмкіндіктері зерттелді (G.A.Kassen, Z.B.Madaliyeva, A.B.Mukasheva); арт-педагогика-



каның көркемдік циклдағы пәндерді оқытуда түйінді құзыреттіліктерді қалыптастырудың рөлі (М.Ж.Таңірбергенова, А.С. Сманова, С.А. Аманжолова, К.О. Жеделов); арт-педагогиканың студент жастарды тәрбиелеудегі мүмкіндіктері, мұғалімді шығармашылық көркемдік-бейнелеу іс-әрекетке кәсіби даярлау мәселелері зерттелді (А.Н.Сбитнева, Ж.О. Небесбаева) [41].

Осылайша, артпедагогика педагогиканың ғылыми саласы және Қазақстанның білім беру жүйесінің ғылыми-практикалық бағыты ретінде, қалыптасудың бастапқы кезеңінде тұр және оны оқу үдерісіне ендіру білім беруді гуманизациялау және гуманитаризациялау жолдарын көрсетеді.

### **3.2 Медиа-педагогика.**

Қазіргі заманғы «медиаұрпақты» ақпараттық кеңістіктегі өмірге даярлау, медиалық білім беруді ұйымдастыруды талап етеді. ЮНЕСКО медиабілім беруді мәдени-педагогикалық дамудың басым саласы ретінде анықтады және Болон процесі арқылы ендірілетін медиасауаттылық пен медиабілімнің стандарттарын құрастырды.

Соңғы жылдары Қазақстанда медиабілім беру проблемасына, әлемдік медиабілім көшбасшыларының тәжірибесін зерттеуге деген қызығушылық айтарлықтай артты. Сондықтан ақпараттық ағындардың үздіксіз өсу жағдайында шығармашылық, дербес және сыни ойлайтын тұлғаны дамытудың тиімді құралы ретінде медиабілімге деген педагогтардың қатынасын қалыптастырудың қажеттілігі пайда болды. Қазақстанда медиасын және медиабілімнің әдіснамалық, теориялық және практикалық негіздері құрастырыуда. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің базасында медиасын мектебі құрылып қалыптасуда, оның құрамында Л. С. Ахметова, А.В. Веревкин, Т.Ю. Лифанова сияқты зерттеушілер бар [42,43,44]; С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-де медиабілім беру іс-әрекетін ғалым-педагогтар Н.А. Завалко, С.Г. Бондарева медиабілім берудің қашықтықтан оқыту формасын құрастырып жүргізеді. Е.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де зерттеулерді П.Б. Сейітқазы жүргізеді.

### **3.3 Педагогикалық өлшем.**

Білім беру сапасын арттыру, оның жай-күйін, перспективаларын бағалау проблемасын ғылыми негізделген өлшемсіз шешу мүмкін емес.

Қазіргі уақытта педагогикалық өлшемдер саласында Нидерланды, АҚШ, Жапония, Израиль, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия сияқты елдер көш бастап келеді, алайда олардың модельдері мен өлшем жүйелері айрықшаланнады. Аталған елдерде тесттердің классикалық теориясы дамыған, ІРТ енгізілген және оның негізінде оқушылардың ауқымды санын тестілеу тәжірибесі құрылған, білім беру сапасын мониторингілеу үшін ақпаратты үнемі жинақтау жүргізіледі; жалпылаушы-бағалау-талдау іс-әрекеті-эвалюация қалыптасқан [45]. Қазіргі уақытта педагогикалық өлшемдердің дамуы компьютерлердің және компьютерлік технологиялардың өлшеуді даярлаудағы, жүргізудегі және оның нәтижелерін өңдеудегі мүмкіндіктерін зерттеумен; Орталықтарды құрумен және әртүрлі елдерде салыстырмалы зерттеулерді таратумен, өлшем шкалаларын құрастырумен байланысты (мектепке дейінгі білім беруді бағалау жүйесі Шкала ECERS-R) [46].

Ресей ғалымдары педагогикалық өлшемдерді дамытудың негізгі бағыттарын анықтады, бұл келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: оқытудың сапасын басқарудағы өлшемдердің тұжырымдамалық-әдіснамалық негізде-месі; қоғамның талаптарына, оқушылардың тұлғалық нәтижелеріне сәйкес оқыту сапасының өлшенетін көрсеткіштерінің аса адекватты жүйесін негіздеу; педагогикалық өлшемдер саласында этика және педагогикалық өлшем-дер тілін жақсарту [47].

Педагогикалық өлшемдер мәселесі Ұлттық тестілеу орталығының практикалық іс-әрекетінің пәні болып табылады. Республикада Қазтест, «Назарбаев Зияткерлік мектептері», педагогикалық өлшемдер Орталығы жұмыс істейді, ҚазМемҚызПУ-де педагогика ғылымдарының магистрлерін даярлау жүзеге асырылады.

Педагогикалық өлшемдерді, білім беру сапасын бағалау жүйесін одан әрі дамыту үшін елімізде келесі міндеттерді шешу қажет: білім беру сапасын мониторингілеу жүйесін жетілдіру, әрбір сыныптағы оқушылардың жетістіктерін анықтау, педагогикалық өлшемдер жүйесін құру, тестология ғылымын дамыту және «педагогикалық квалиметрия» мамандығын ашу арқылы осы салада мамандардың даярлау [26]. Осылайша, Республикада білім беру сапасын дамыту педагогикалық өлшемдер құралдарымен қамтамасыз етіледі, алайда бұл процесс терең ғылыми негіздеуді талап етеді.

#### **IV. Тұжырымдар және ұсыныстар**

Әлемдегі білім берудің негізгі трендтеріне шолу жасау және талдау, педагогика ғылымының жетекші бағыттары мен даму перспективаларын айқындауға мүмкіндік берді. Қазақстандық педагогиканы ізгілендіру аясында біртұтас жүйе ретінде білім берудің барлық деңгейлерінде оны ізгілендірудің ғылыми негіздерін құрастыру міндеттері шешілді: қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында «Мәңгілік Ел» құндылықтары негізінде тұлғаның гуманитарлы мәдениетін қалыптастыруға әкелетін мақсаттар, мазмұн, құралдар, формалары, әдістер, модельдер, технологиялар.

Алайда білім мен ғылым арасында айырмашылық бар. Педагогикалық зерттеулердің ғылыми нәтижелері білім беру тәжірибесіне толыққанды ендірілмейді, бұл қазіргі заманғы білім беру трендтеріне сәйкес Қазақстанның педагогика ғылымын дамытудың қажеттілігін өзектілейді.

Инновациялық экономика жағдайында бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған білім берудің мақсаттары мен міндеттерін ғылыми айқындау, негіздеу қажет.

Жаңа ұрпақты бұлжымайтын императив ретінде жалпыадамзаттық құндылықтар рухында тәрбиелеу қажет. Жеке тұлғаның әлеуетті мүмкіндіктерін, қабілеттерін дамыту, қоғамдық тәрбиелеуден өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға, рухани – адамгершілік, оның ішінде “Өзін-өзі тану” адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы шеңберінде-білім беру жүйесі мен тәрбие жүйесінің басымдылығы, олардың мағына құраушы тірегі ретінде этикалық доминанта болуы тиіс.

ҚР-да өскелең ұрпақты тәрбиелеу мазмұнын жаңарту тәрбиенің әдіснамалық базасын ұғынуды және осыған сәйкес “Рухани жаңғыру” бағдарламасын, “Ұлы даланың жеті қыры” бағдарламалық мақаласын, “Мәңгілік Ел” құндылықтарын есепке ала отырып, тәрбие үдерісінің барлық компоненттерін жаңарту мен түзетуді талап етеді. Ол үшін интегративті, пәнаралық тәсіл негізінде тәрбиелеу, тұлғаны қалыптастыру мәселелері бойынша педагогикалық зерттеулерді өзектендіру қажет.

Осылайша, педагогикалық ізденістер үздіксіз сипатта болуы және интеграцияланған пәнаралық тәсіл негізінде жаңартылған әдістеме ескеріле отырып жүргізілуі тиіс. Қазақстанның педагогикалық ғылымының жоғарыда көрсетілген барлық бағыттарын дамыту білім беруді жаңғыртудың басым міндеттерін шешуге ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамдық сананың рухани жаңаруы кезеңінде қоғамды жаңғыртуға ықпал етуі тиіс.

**«Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі» басымдығы**

*Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы зерттеулер.*

*Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жетістіктерді шолу және талдау*

Аграрлық ғылым саласы елдің экономикалық және әлеуметтік қайта құрулары үшін негіз болып табылады. Аграрлық саладағы ғылыми әлеует елдің әлемдік қоғамдастықтағы орнын, сыртқы нарықтағы бәсекелестік күрестегі даму перспективаларын айқындайды.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін одан әрі дамыту, оның ішінде агрохимиялық секторды дамыту күрделі (NPK-тыңайтқыштар), калий тыңайтқыштарын және өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіру жөніндегі басым бағыттарды іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Химиялық кластерді одан әрі дамыту шеңберінде кейіннен азықтық фосфаттар өндірумен экстракциялық фосфор қышқылын өндіру, метанол және аммиак негізінде химиялық өнім өндіру жөніндегі жобалар іске асырылуда.

Жамбыл облысында “Еврохим-Тыңайтқыш” ЖШС кешенді минералды тыңайтқыштар және Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында “БатысКалий” ЖШС калий тыңайтқыштарын өндіру бойынша жобалар іске асырылуда.

Қазақстанда “Гуминт” жаңа инновациялық құралы әзірленді. Құрамы қандай да бір макроэлементтердің үлесін арттыру есебінен реттелетін икемді формуласы бар композициялық тыңайтқыш. Ол суды байланыстырып, оны құрғақшылық кезеңінде өсімдіктерге бере алады. Өнертабыс авторлары органикалық синтез және көмір химиясы Институтының профессор Фазылов С. бастаған ғалымдары.

## **1. Қазақстандық ғылымның жетістіктерін шолу және талдау (ғылыми және ғылыми-техникалық саланың маңызды нәтижелері, енгізілген әзірлемелер).**

Қазақстанда алғаш рет ботаника және фитоинтродукция институтының базасында Қазақстанның табиғи флорасы өсімдіктерінің тұқымдық банкі құрылды. Ең құнды жеміс өсімдіктерінің питомнигі салынған. Қазақстан флорасының деректер базасы қалыптастырылды, Қазақстанның жоғары өсімдіктерінің 617 түрі үшін паспорттар әзірленді, оларға авторлық куәлік алынды (2015 жылғы 17 қыркүйектегі № 1814 ҚР Әділет министрлігі берген құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік). Қазақстан өсімдіктерінің сирек және эндемиялық түрлерінің флорасы (1, 2), сондай-ақ шаруашылыққа пайдалану үшін перспективалы түрлері (3) белсенді зерттеледі.

Микробиология және вирусология институты Қызылорда облысының мұнай өндіру аймағында бұзылған экожүйелеріне кешенді экологиялық баға берді. Бірнеше ғылыми ұжым мұнаймен ластанған топырақты қайта құнарландыру және биоремедиация әдістерімен қалпына келтіру тәсілдерін әзірлейді.

Мұнай тотықтыратын бактериялардың жаңа ассоциациялары негізінде топырақты мұнайдан тазарту үшін био-препараттарды өндіру бойынша Технологиялық нұсқаулықтар әзірленді. Әзірленген микробты препараттарды қолдану негізінде Қазақстан Арал өңірінің тұздалған топырақтарының құнарлылығын қалпына келтіру жүргізілді. Ауыл шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау үшін биопрепараттардың технологиясы әзірленді және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісі ұйымдастырылды (4). Әр түрлі кластағы ферменттер өндірісі үшін микроорганизмдер зерттеледі (5).

Қазақстан Республикасы үшін өзекті бірқатар вирустық инфекциялардың (адам тұмауының, шошқа мен құстардың вирустары, құстардың парамиксовирусы, Батыс Нил безгегінің вирусы, Конго-Қырым гемор-рагиялық қызбасының вирусы) таралуы, өзгергіштігі және берілу жолдары зерттелді және оларды диагностикалау, алдын алу және емдеу үшін тиімді биопрепараттар әзірленді. Іргелі зерттеулердің негізі ретінде өсімдіктердің, жануарлардың, микроорганизмдердің, вирустардың және бірегей генетикалық банктердің коллекциялық қорларын сақтау және дамыту қамтамасыз етілді.

Республикалық микроорганизмдер коллекциясында алғаш рет “микроорганизмдер атласы” шығарылды, ол бейінді коллекцияларда, ғылыми және білім беру мақсаттарында жұмыс істеу үшін қолданылады. Өнеркәсіптік микроорганизмдердің электрондық каталогы әзірленді, ол РКМ Web-сайтында (<URL>) орналастырылған. <http://www.rcm.kz/ru/kollektsiya/elektronnyj-katalog>).

Адам және жануарлар физиологиясы саласында қоршаған ортаның түрлі факторларының қалыпты және патология кезіндегі әсері кезінде адам және жануарлар ағзасының негізгі жүйелерінің функцияларының физиологиялық-биохимиялық ерекшеліктері анықталды. Денсаулық деңгейін арттыруға және өмір сүру ұзақтығын арттыруға ықпал ететін түзету және алдын алу тәсілдері

әзірленді. Қазақстанның экологиялық жағдайы бойынша әр түрлі аймақтарда тұратын халықтың әртүрлі жастағы топтарының денсаулық жағдайына физиологиялық-биохимиялық зерттеулер жүргізілді және анықталған бұзушылықтарды түзету әдістері әзірленді (17). Ана-бала интегралды жүйесінің гормоналдық мәртебесі зерттелді және жасушалық иммунитеттің жағдайы анықталды, қалқанша безінің дисфункциясы бар жүкті әйелдердің эритроциттер мембраналарының резистенттілігі зерттелді. Эксперименталды гипертиреоз кезінде егеуқұйрықтардың сүт безінің секреторлық жасушаларының және эритроциттер мембраналарының жағдайына *in vivo* жағдайында өсімдік препараттарының протекторлық қасиеттері зерттелді. Жіті және созылмалы панкреатиттің дамуы аясында лимфа жүйесінің қызметінің жаңа деректері алынды, лимфа тамырларының көліктік қызметінің жағдайы, брыжеечная лимфа түйіндерінің жиырылу белсенділігі, лимфа және сулы-тұзды гомеостаздың жасушалық және биохимиялық құрамы туралы.

Бірінші рет температуралық сигналдар кезінде соматовисцералдық өзара іс-қимыл тетіктері орнатылды, бұл адамның жұмыс қабілетін арттыратын, қозғалыс функциясы бұзылған науқастарда бұлшық ет тонусын төмендететін температуралық тітіркендіргіштерді реттеу жүйесін әзірлеуге мүмкіндік берді. Алғаш рет табиғи радиациялық фонның  $\gamma$ -сәулеленуінің жас тәуелділігі анықталды, бұл қартаю үдерістеріндегі төмен-қарқынды  $\gamma$ -сәулеленудің елеулі рөлі туралы болжауға мүмкіндік берді. Адам және жануарлар физиологиясы мен биохимиясы мәселелері зерттеледі(7).

Молекулярлық биология және биохимия институтында. М.А. Айтхожина әлеуметтік маңызы бар жүрек-қан тамырлары, аутоиммунды (шашыраңқы склероз) және онкологиялық (сүт безі обыры) аурулардың дамуына қатысатын Гендердің белсенділігін реттеу механизмдерінің құрылымдық-функционалдық ұйымдарының ерекшеліктері, экспрессиясы, ерекшеліктері анықталды. Қазақстанның негізгі этникалық топтарында осы ауруларға бейімділік және қауіп топтары сипатталған (8).

Альфа-фетопротеиннің онкофетальды ақуызының иммуносупрессорлық функциясы егжей-тегжейлі зерттелген. Альфа-фетопротеин ісікке қарсы иммунитетті тежейтін миелоидты супрессорлық жасушаларды белсендіреді, осылайша тәжірибелік жағдайларда ісіктің өсуін күшейтеді (9).

Дәнді дақылдардың ерте өсуі кезеңінде суб клеткалық локализация және амилаздың латенттік формаларын активтендірудің биохимиялық механизмдері орнатылған. А-амилаза белсенділігінің фитогормональді, қант-метаболизмді және кальцийлі реттелуінің ерекшеліктері және оның ұрықтағы изоформы және алейрондық қабаттағы (10) ерекшеліктері анықталды.

Картоп пен бидайдың фузариумды жұқтыруына төзімді белоктық маркерлері анықталды. Өнімділік нысандарын өндіру үшін жасушалық технологияларды жетілдіру үшін, тұздың антиоксидантты маркерлері және картоптың құрғақшылыққа төзімділігі белгіленді. Тұз және құрғақ тұрақтылық белгісі бар картоп культуралары пайда болды, олар жаңа перспективалық жолдарды құру үшін қолданылатын болады.

– сыртқы факторлардың әсеріне біліктілік сынақтарын жүргізу үшін ұшыру қызметтерін жеткізушінің талаптарына сәйкес KazSciSat-1 спутнигінің SQM-моделі (құрылымдық-біліктілік моделі);

– сынақ жабдығының жұмыс беттеріне аппаратты монтаждауға арналған интерфейсті адаптерлерді, сондай-ақ электрлік жанасуларға арналған кабельдік желілерді қамтитын KazSciSat-1 спутнигін сыртқы факторлардың әсеріне сынау үшін жерүсті қосалқы механикалық және электр жабдығы.

Ғарыштық факторлардың әсерін модельдейтін KazSciSat-1 спутнигінің жылу вакуум және вибрациялық сынақтары жүргізілді. KazSciSat-1 спутнигі Falcon-9 ұшыру аппаратын іске қосу үшін біріктірілді, KazSciSat-1 ұшыру 2018 жылдың 4 желтоқсанында сәтті аяқталды. Ғылыми мақсаттағы ғарыш жүйесін тәжірибелік пайдалануға дайындау және ғылыми мақсаттағы ғарыш жүйесін пайдалануға енгізу бойынша жұмыстар орындалды.

2019 жылғы 1 қаңтар мен 31 наурыз аралығында орбитада KazSciSat-1 спутнигін штаттық пайдалану жүргізілді. KazSciSat-1-мен 440 астам байланыс сеансы жүргізілді, орбитада эксперименталды өңдеу бойынша талаптар расталды, аймақтағы Жердің магниттік өрісінің 1200-ден астам өлшемі алынды.

2. Спутниктік навигация технологияларын пайдалануға негізделген ААШШ (автожолдардағы авариялар мен апаттар кезіндегі шұғыл шақырулар) мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру бойынша ТКЖ-ні орындау барысында.

ТКЖ орындау нәтижелері бойынша жобалық және конструкторлық құжаттама әзірленді, пайдалы модельге патент алынды [60]. Сынау және тәжірибелік пайдалану нәтижелері бойынша ААШШ жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді.

3. Кедендік жүктердің транзиттік тасымалдарының мониторингі бойынша ААШШ жүйесін дамыту бойынша ТКЖ-ын орындау барысында ААШШ жүйесіне борттық терминалдардан үздіксіз келіп түсетін транзиттік кеден жүктерінің қозғалысы туралы деректерді өңдеу орталығын бағдарламалық-математикалық қамтамасыз ету; кеден жүктерін транзиттік тасымалдауды мониторингілеудің ресейлік ұқсас жүйесімен интеграциялаудың алгоритмдік және бағдарламалық қамта-масыз етілуі әзірленді.

4. Спутниктік навигация технологияларын пайдалануға негізделген шартты сотталғандарға электрондық бақылау құралдары (ЭБК) жүйесін құру бойынша ТКЖ-ын орындау барысында мыналар жүзеге асырылды:



– әртүрлі байланыс арналары арқылы навигациялық деректерді беру технологиясы;

– 2017 жылы ҚР ИМ қылмыстық-түзеу жүйесі комитетінде пилоттық жоба шеңберінде сәтті тест сынағынан өткен электрондық білезіктердің тәжірибелік үлгілері.

Жобаны орындау нәтижелері бойынша жобалық және конструкторлық құжаттама әзірленді, ЭБҚ пайдалы моделіне патент, сондай-ақ ЭБҚ бағдарламалық қамтамасыз етуге авторлық куәлік алынды [61, 62].

Ғарыш техникасын құру бойынша тәжірибелік-конструкторлық және жобалық жұмыстарды «Ғалам» ЖШС қазақстан-француз бірлескен кәсіпорны жүргізеді. «Ғалам» ЖШС құрамына ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросы (ҒТ АКТБ) кіреді, оның инженерлері мен конструкторлары 2009-2014 жылдары «ҚР ЖҚЗ ғарыш жүйесін құру» жобасын іске асыру барысында Еуропаның жетекші ғарыш кәсіпорындарында практикалық тағылымдамадан өтті.

2015-2018 жылдары «Ғалам» ЖШС-нің мемлекеттік тапсырмасын орындау шеңберінде KazSTSat технологиялық спутнигінен және жерүсті кешенінен тұратын технологиялық мақсаттағы ғарыш жүйесін құру және спут-никті жобалау, құрастыру және сынау технологияларын өңдеу, «Ғалам» ЖШС әзірлеген технологиялық жүктеме үшін ұшу тарихын алу мақсатында жоба орындалды.

Аталған жоба «Ғалам» ЖШС SSTL (Ұлыбритания) компаниясымен бірлесіп іске асырды. Жоба аясындағы жұмыстарды 20 қазақстандық және 15 британдық мамандардың қатысуымен біріктірілген команда орындады. Қазақстандық мамандар спутникті және жерүсті сегментін жобалаудың, жасаудың, құрастырудың және сынаудың барлық кезеңдеріне, сондай-ақ іске қосу компанияларына қатысты. Қазақстандық мамандар технологиялық пайдалы жүктеме жасауға толық жауап берді.

Жобаны орындау барысында отандық спутниктерді өндіру үшін аса маңызды бес қазақстандық технология әзірленді: төмен орбиталық ғарыш жүйелерін жүйелі жобалау, борттық компьютер, оптикалық пайдалы жүктеме, күн датчигі, жерүсті кешені. Әзірленген қазақстандық технологияларға зияткерлік меншік құқығы алынды, платформаны әзірлеу бойынша бірлескен жұмыстардың нәтижелеріне тең құқықтар алынды.

Орбитадағы спутниктік сынақтаржобалау кезінде әзірленген модельдердің телеметриямен алынған ақпаратпен корреляциясын көрсетті. Бұл нәтижеге спутниктің күрделі және дәл модельдерін әзірлеу есебінен қол жеткізілді. Жүйелік модельдеу нәтижелері бойынша келесі итерация үшін міндеттер анықталды. Мұндай тәсіл ғарыш аппаратының өнімділігін ұлғайтумен қатар салмағын 40%-ға төмендетуге мүмкіндік берді.

Спутниктің ұшуы 2018 жылдың 4 желтоқсанында жүзеге асырылды. Ол ұшу-ғарыштық сынақтардан сәтті өтіп, пайдалануға берілді.

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға (БНҚ) және ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруға (ГҚ) өткізілген конкурстардың нәтижелерін талдау конкурстарды өткізу тетіктерін пысықтау мен жетілдіруді қажет ететінін көрсетеді. Атап айтқанда, 2014 жылғы 28 мамырдағы жоғары ғылыми-техникалық комиссия отырысына ҚР БҒМ дайындаған материалдарында БНҚ бойынша шешім қабылдаудың ағымдағы тәжірибесінде стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді айқындау, сондай-ақ конкурсты өткізу тетіктері жоқ екендігі дұрыс атап өтілді.

#### 4. ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІНІҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

*(жоғары оқу орындарындағы, автономды білім беру ұйымдарындағы және ғылыми ұйымдардың ғылыми әлеуетінің деңгейін, сапалық құрамын анықтап, отандық ғылыми кадрларды даярлаудың сапасын, шетелдік ғалымдарды тарту, ғылыми зертханалардың жабдықтарын ғылыми зерттеулерге арналған заманауи жабдықтармен жабдықтаудың сапалық құрамының жағдайын талдау.*

Мемлекеттік статистика саласындағы ғылыми-техникалық зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелерді статистикалық зерттеу үшін екі кіріс көрсеткіштер пайдаланылады: ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын қызметкерлер саны және ҒЗЖ шығыны.

Сонымен қатар статистикалық байқаудың қорытындысы бойынша ағымдағы жылы ғылыми жұмыстардың орындалуына қатысқан ұйымдар санының көрсеткіші қалыптасып, ұйымдар желісін құрады.

Бұл көрсеткіштер бойынша деректер өңірлер, экономика секторлары, ұйымдардың түрлері мен нысандары тұрғысында ұсынылуы мүмкін.

Қызметкерлер туралы мәліметте, аталған топтардан басқа, санаты бойынша, жасына, ғылым саласына, азаматтығына байланысты ұсынылады.

**Ғылыми ұйымдар желісі.** Мемлекеттік статистика көрсеткіштері бойынша 2018 жылы Қазақстан Республикасында **384 ұйым** ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2 бірлікке кеміген. Ғылыми ұйымдар санының төмендеуі Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда сияқты ірі аймақтармен қатарар, Нұр-Сұлтан және Шымкет қалаларында орын алған.

Ал, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарын мен Алматы қаласында ұйымдар саны артқан.

Алматы қаласы Қазақстан Республикасының бастығылыми орталығы болып қала берді. 2018 жылы Алматы қаласындағы ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысатын ұйымдар саны 135 көрестіп, елдегі барлық ғылыми ұйымдардың үштен бірін құраған (4.1-кесте).

4.1-кесте. ҒЗТКЖ айналысатын ұйымдардың (кәсіпорындардың) саны

*бірлік*

	2014	2015	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	392	390	383	386	384
Ақмола облысы	11	11	9	11	11
Ақтөбе облысы	14	14	14	16	16
Алматы облысы	13	11	10	11	9
Атырау облысы	9	10	11	10	10
Шығыс Қазақстан	30	30	35	34	35
Жамбыл облысы	11	11	11	11	9
Батыс Қазақстан	9	7	8	8	10
Қарағанды облысы	31	32	33	29	28
Қостанай облысы	13	14	13	14	12

Қызылорда облысы	6	8	10	8	7
Маңғыстау облысы	7	5	7	6	6
Павлодар облысы	11	9	10	11	14
Солтүстік Қазақстан	3	4	5	5	5
Түркістан облысы	5	4	6	6	6
Нұр-Сұлтан қ.	59	53	55	62	60
Алматы қ.	148	152	133	131	135
Шымкент қ.	12	15	13	13	11

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.

2018 жылы ҒЗТКЖ-ға тарылған ұйымдар санының артуы кәсіпкерлік секторында байқалады (4.2-кесте).

4.2-кесте. Қызмет саласы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдар саны

	<i>бірлік</i>				
	2014	2015	2016	2017	2018
<b>барлығы</b>	<b>392</b>	<b>390</b>	<b>383</b>	<b>386</b>	<b>384</b>
Соның ішінде					
Мемлекеттік сектор	101	94	100	101	103
Жоғары және кәсіби білім беру секторы	105	103	103	99	95
кәсіпкерлік сектор	149	154	149	146	149
Коммерциялық емес сектор	37	39	31	40	37

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.

**Соңғы төрт жылда мемлекеттік сектор ұйымдарының саны тұрақты түрде өсті. 2018 жылы осы салада 103 ұйым ғылыми зерттеулер жүргізді.**

Ал жоғары кәсіптік білім беру секторында және коммерциялық емес төмендеу байқалды. Сонымен қатар, университет секторы ұйымдары санының төмендеуі 2018 жылы ғылыммен айналысатын жоғары оқу орындарының есебінен орын алды (4.3-кесте). Бұл салада ғылыми зерттеу ұйымдарының саны 2017 жылғы көрсеткішке түсіп, 89 бірлікті құрады. ҒЗҰ саны да 33 бірлікке азайды.

4.3-кесте. Типтері бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдар саны

	<i>бірлік</i>				
	2014	2015	2016	2017	2018
<b>Барлығы</b>	<b>392</b>	<b>390</b>	<b>383</b>	<b>386</b>	<b>384</b>
Оның ішінде:					
ЖОО	89	90	93	89	89
ҒЗИ	245	237	225	230	197
Басқа ұйымдар	58	63	65	67	98

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.

**Меншік нысандағы** ғылыми ұйымдардың желісін бағалау кезінде мемлекеттік ұйымдардағы жеке және шетелдік ұйымдар санының артуы байқалады (4.4-кесте).

4.4-кесте. Меншік құқығы бойынша ұйымдар

	2014	2015	2016	2017	2018
<b>Барлығы</b>	<b>392</b>	<b>390</b>	<b>383</b>	<b>386</b>	<b>384</b>
Мемлекеттік	112	106	102	104	96
Жеке меншік	270	276	272	269	275
Шетелдік	10	8	9	13	13

*ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.*

**Қызметкерлер әлеуеті.** Ғылыми зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды орындауға тартылған жұмысшылар саны бойынша республика тек экономикалық дамыған елдерден ғана емес, сондай ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылатын Беларусьтан да артта қалып отыр (4.5-кесте).

4.5-кесте. ҒЗТКЖ жұмыстарын орындауға тартылған қызметкерлердің саны толық жұмыс күні эквивалентінде

*адам*

ҒЗТКЖ және ІЖӨшығындарының ең үлкен үлесі тар ЕЛДЕР	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Австрия	65088	66186	69842	71396	74897	77880
Бельгия	67005	67899	72794	77520	79109	84046
Дания	57734	57744	58361	59532	62869	62911
Финляндия	54047	52972	52130	50367	47429	48999
Германия	591261	588615	605252	640516	657894	681552
Израиль	77143	..	..	..	...	...
Жапония	851132	865523	895285	875005	872340	890749
Корея Республикасы	395990	401444	430868	442027	447408	471201
Швеция	81272	80957	83473	83551	90690	89268
Америка құрама штаттары	65088	66186	69842	71396	73643	...
<b>ЕАЭО*</b>						
Армения	5598	5230	5627	5044	4881	4822
Беларусь	30437	28937	27208	26153	25942	26483
Қазақстан	20404	23712	25793	24735	22985	22081
Қырғыстан	..	..	4242	4557	4496	4300
Ресей Федерациясы	727263	727029	732274	738857	722291	707887

Ақпарат көзі: ЮНЕСКО статистика институтының деректер базасы  
/http://data.uis.unesco.org/

2018 жылы ғылыми қызметкерлер саны 297 адамға артып, 22 378 құрады.

Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Қостанай, Түркістан облыстарында және Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында ғылыми зерттеу мамандарының саны 0,2 ден 37% ға өсті.

Сонымен қатар тоғыс облыста бұл көрсеткіш 0,3-27% төмендеп, Шымкент қаласы ( 27,2%-ға), Жамбыл (25,7%-ға) және Павлодар облысы (18,5%-ға) сияқты өңірлерге әсер етті (4.6-кесте).

4.6-кесте. Ғылыми зерттеулермен айналысатын қызметкерлер саны

	2014	2015	2016	2017	2018
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>25 793</b>	<b>24 735</b>	<b>22 985</b>	<b>22 081</b>	<b>22 378</b>
Ақмола облысы	1054	802	652	678	739
Ақтөбе облысы	356	335	323	362	351
Алматы облысы	901	1049	983	968	970
Атырау облысы	398	462	400	474	466
Шығыс Қазақстан облысы	2377	2303	2205	2325	2 295
Жамбыл облысы	368	318	327	377	280
Батыс Қазақстан облысы	425	540	756	323	442
Қарағанды облысы	1631	1708	1458	1360	1349
Қостанай облысы	565	574	556	569	590
Қызылорда облысы	253	236	228	229	222
Маңғыстау облысы	583	648	700	696	694
Павлодар облысы	809	716	693	654	533
Солтүстік Қазақстан облысы	229	182	135	93	90
Түркістан облысы	132	141	157	174	202
Нұр-Сұлтан қ.	3391	3001	2939	3062	3081
Алматы қ.	11094	10505	9542	8821	9407
Шымкент қ.	1227	1215	931	916	667

*ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.*

Ғылыми қызметкерлердің жалпы санынан – **17,5 мың мамандар – зерттеушілер**, ғылыми зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды ҒЗТКЖ-ны жүзеге асыруға тартылған қызметкерлерінің саны өткен жылмен салыстырғанда 1,5% өсті (4.7-кесте).

## 4.7-кесте. Зерттеуші мамандардың саны

адам

	2014	2015	2016	2017	2018
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>18 930</b>	<b>18 454</b>	<b>17 421</b>	<b>17 205</b>	<b>17 454</b>
Ақмола облысы	597	522	422	427	451
Ақтөбе облысы	230	252	258	286	290
Алматы облысы	603	776	685	688	706
Атырау облысы	281	318	295	340	417
Шығыс Қазақстан облысы	1663	1583	1529	1642	1672
Жамбыл облысы	195	253	238	252	233
Батыс Қазақстан облысы	249	361	595	282	404
Қарағанды облысы	1070	1216	1067	1058	1075
Қостанай облысы	419	462	441	432	407
Қызылорда облысы	136	138	142	136	128
Маңғыстау облысы	467	524	596	579	583
Павлодар облысы	697	510	625	509	478
Солтүстік Қазақстан облысы	150	110	81	64	68
Түркістан облысы	–	–	–	–	182
<b>Нұр-Сұлтан қ.</b>	<b>2733</b>	<b>2399</b>	<b>2378</b>	<b>2545</b>	<b>2342</b>
Алматы қ.	8210	7796	7069	6969	7394
Шымкент қ.	–	–	–	–	624
<i>Анықтама:</i> Оңтүстік Қазақстан	1230	1234	1000	996	–

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.

Зерттеушілер саны жағынан көшбасшы Алматы қаласы (оның үлесі 2018 жылы 42,4%-ды құрады). Жалпы Алматы және Нұр-Сұлтан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Алматы облыстары қалаларды жеке тұлғалар саналатын зерттеушілер санының төрттен үш бөлігін құрайды.

Еңбек ресурстарын зерттеу мен дамытуға тартуды сипаттайтын индикатор бұл экономикада жұмыс істейтін 10 мың адам ҒЗЖ айналысатындығын айқындайды. Жалпы республикада 2018 жылы 10 мың адам бұл көрсеткіш 25,7 құрады. Республикалық орташа деңгей Алматы қаласы мен Нұр-Сұлтан қаласында және Шығыс Қазақстан облыстарында асып түсті.

Бұл көрсеткіш басқа барлық өңірлерде орташа республикалық деңгейден төмен болды. Бұл ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге еңбек ресурстары тартылуының ең төменгі деңгейін көрсететін факт болды (4.8-кесте).

Адам ресурстарын есептеген кезде, зерттеумен және дамытумен айналысатын адамдардың бір мезгілде бірнеше жобаға қатысатын адамдар да, жұмыс уақытының бір бөлігін ғана арнаған адамдар болуы мүмкін (мысалы, күндізгі жұмысшылар, кеңесшілер, университет мұғалімдері және т.б.) сондықтан олардың сандарынесепке ала отырып, тек жеке тұлғалар есептеледі.

Халықаралық тәжірибеде қателіктерден аулақ болу үшін зерттеуге қатысушылардың *толық уақыты баламалы* көрсеткіші пайдаланылады.

4.8-кесте. 2018 жылы ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысатын қызметкерлер саны жалпы экономикада *10 адамға шаққанда*

Аймақтар	ҒЗЖ айналысатын адамдар, адам	Зерттеуші манандар, адам	Экономикадағы жалпы жұмыспен қамтығу, мың адам*	ҒЗЖ қызметкерлер саны жалпы экономикада <i>10 адамға шаққанда</i>	Зерттеуші манандаржалпы экономикада <i>10 адамға шаққанда</i>
Қазақстан Республикасы	22 378	17 454	8694,989	25,7	20,1
Ақмола облысы	739	451	408,7	18,1	11,0
Ақтөбе облысы	351	290	417,6	8,4	6,9
Алматы облысы	970	706	994,5	9,8	7,1
Атырау облысы	466	417	304,0	15,3	13,7
Шығыс Қазақстан облысы	2295	1672	679,0	33,8	24,6
Жамбыл облысы	280	233	507,0	5,5	4,6
Батыс Қазақстан Облысы	442	404	321,0	13,8	12,6
Қарағанды облысы	1349	1075	654,0	20,6	16,4
Қостанай облысы	590	407	488,2	12,1	8,3
Қызылорда облысы	222	128	332,9	6,7	3,8
Маңғыстау облысы	694	583	304,7	22,8	19,1
Павлодар облысы	533	478	393,3	13,6	12,2
Солтүстік Қазақстан облысы	90	68	296,2	3,0	2,3
Түркістан облысы	202	182	789,0	2,6	2,3
Нұр Сұлтан қаласы	3081	2342	507,5	60,7	46,1
Алматы қаласы	9407	7394	911,9	103,2	81,1
Шымкент қаласы	667	624	385,4	17,3	16,2

*ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.*

\*Деректер іріктелген зерттеулер нәтижелеріне негізделген.

*Анықтама.* Толық жұмыспен қамтылу балама (ЭПЗ) – қызметкердің ҒЗТКЖ жұмыстарын орындауға кеткен нақты уақыткөрсеткіші адам ресурстарын пайдаланудың тиімділігін көрсететін көрсеткіш болып табылады.

*Мынадай маңызды фактке назар аудару қажет.* Соңғы жылдардағы 0,70 ЭПЗ жұмыс уақытының тек 70% ҒЗЖ на жұмсайды. ЭПЗ қызметкерлердің санын қайта есептеу кезінде 17,5 адамнан 12 мыңға жуық адам ғылыми зерттеу жұмыстарымен және тәжірибелік жұмыстар жүргізді.

Аймақтық тұрғыда ЭПЗ көрсеткіші келесіндей көрінеді: 17 аймақтың 10 да ЭПЗ көрсеткіші республикалық орташа деңгейден төмен. Ең төменгі ЭПЗ Шымкент қаласында (0,36), Түркістан және Қостанай облыстарында (0,46 дан) (4.9-кесте).



4.9-кесте. 2018 жылғы толық жұмыспен қамтылу эквиваленті

	Толық жұмыспен қамтылу эквиваленті
<b>Қазақстан Республикасы</b>	0,7
Ақмола облысы	0,83
Ақтөбе облысы	0,57
Алматы облысы	0,73
Атырау облысы	0,91
Шығыс Қазақстан облысы	0,53
Жамбыл облысы	0,92
Батыс Қазақстан облысы	0,69
Қарағанды облысы	0,61
Қостанай облысы	0,46
Қызылорда облысы	0,62
Маңғыстау облысы	0,98
Павлодар облысы	0,52
Солтүстік Қазақстан облысы	0,57
Түркістан облысы	0,46
Нұр Сұлтан қаласы	0,8
Алматы қаласы	0,8
Шымкент қаласы	0,36

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.

2018 жылы Республика *ғалымдарының жалақысы* орташа есеппен 130 мың теңгені құрады. Атырау және Маңғыстау облыстарында оның мөлшері 3-3,5 есе жоғары болды (4.10-кесте).

4.10-кесте. 2018 жылы зерттеулер мен әзірлемелерді жүзеге асыратын қызметкерлердің орташа айлық жалақысы *мың теңге*

	Орташа айлық жалақы,
<b>Қазақстан Республикасы</b>	129,7
Ақмола облысы	53,8
Ақтөбе облысы	84,7
Алматы облысы	55,6
Атырау облысы	415,8
Шығыс Қазақстан облысы	117,6
Жамбыл облысы	122,6
Батыс Қазақстан облысы	42,6
Қарағанды облысы	135,6
Қостанай облысы	50
Қызылорда облысы	70,5
Маңғыстау облысы	494,8
Павлодар облысы	22,5
Солтүстік Қазақстан облысы	119,1
Түркістан облысы	87,6
Нұр-Сұлтан қаласы	160,6
Алматы қаласы	118,7
Шымкент қаласы	57,9

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің есепті мәліметі бойынша.

**Еңбек қозғалысының күші,** ұйым қызметкерлерінің санын және құрамын өзгерту немесе қайта бөу процесі оның қызметіне теріс әсер етіп, ғылыми техникалық әзірлемелер сапасын төмендетеді, сондықтан инновациялық тартымдылық орындалатын жұмыстарды коммерцияландыру қажетігі. Ұтқырлықтың жоғары көрсеткіштері ғылымның кадр әлеуетіндегі тұрақсыздықты көрсетеді.

Бұл көрсеткішті айқындау үшін барлық айналымдағы соманы және барлық кезеңде жұмыстан шығарылған барлық соманы кезең ішінде орташа есеппен қызметкерлер санына қатынасы ретінде есептейтін еңбек айналымының индикаторын қарастыру қажет (4.11-кесте).

4.11-кесте. 2018 жылы ғылыми зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды орындаушы зерттеушілердің қозғалысы

	Жыл басында қолжетімді	Барлығы қабылданған	Барлығы	Оның ішінде			Жылдың аяғында қолжетімді есеп	Біліктілік коэффициенті, %
				Өз еркімен	Қысқартылғандар	Басқа да себептермен		
<b>Зерттеуші мамандар</b>	17 124	3985	3655	2006	501	1148	17 454	44,2
Ішінде әйел адамдар	9087	1862	1732	981	240	511	9217	39,3
Академиялық және дәрежелері бар	11 379	2460	2075	1015	265	795	11 764	39,2
Доктор профилю	364	88	116	x	x	x	336	58,3
Ішінде әйел адамдар	154	38	34	x	-	x	158	46,2
Доктор философии (PhD)	627	348	119	x	x	x	856	63,0
Ішінде әйел адамдар	331	159	57	x	x	x	433	56,5
Ғылым докторлары	1838	306	404	183	75	146	1740	39,7
Ішінде әйел адамдар	675	89	130	78	15	37	634	33,5
Ғылым кандидаттары	4501	669	810	368	x	x	4360	33,4
Ішінде әйел адамдар	2460	356	374	191	x	x	2442	29,8
магистрлер	4049	1049	626	371	65	190	4472	39,3
Ішінде әйел адамдар	2491	616	355	207	46	102	2752	37,0

*ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.*

2018 жылы ғылыми қызметкерлердің айналымдық коэффициенті 44,2% ды құрады, бұл өткен жылғы деңгейден 1,4% төмен. Жұмыс орындарын таңдауда әйел адамдардың тұрақтылығының жоғары екендігін атап өткен жөн: олардың мобилдік коэффициенті өткен жылғы деңгейде қалды және 39,3% құрады.

Ең сұранысқа ие тұлғалар философия докторы PhD дәрежесі бар азаматтар. 2018 жылы мамандардың осы тобындағы коэффициент көрсеткіші тиісінше 58,3% және 63,0% құрады. Бұл топтағы әйелдердің мобилділігі тұтастай алғанда да, ерлердің мобилділігіне қатысты да азайып кандидаттар арасында ең аз қозғалыс байқалады.

Статистикаға сүйенсек, еңбек қозғалысының негізгі себебі 2018 жылы өз еркімен қызметкерлерді жұмыстан босату 2 006 адам.

Шартты қысқартуға байланысты 501 қызметкерлердің келісім шарттары бұзылған, олардың 240 әйелдер.

Қызметкерлердің жалпы еңбек қозғалысында олардың жоғары біліктілік деңгейінің төмендеуіне байланысты жылдам кетудің көрсеткіші байқалады. 2018 жылы ең жоғарғы ғылыми біліктілікке сай 265 жұмыс орны қысқартылды.

1148 адамға атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемінің төмендеуі, ұйымның экономикалық жағдайы немесе зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерді жұмыстан босатудың негізі болып табылатын басқа да көрсеткіштер себеп болады. 2017 жылы басқа себептер бойынша 998 адам жұмыстан босатылған.

Өткен жылдардағыдай зейнеткерлердің ең көп саны ғылым кандидаты дәрежесі (2017 жылы – 753 адам), одан кейін «магистр» дәрежесі бар қызметкерлер – 626 адам (2017 жылы – 737 адам) және академиялық дәрежесі «Ғылым докторы» - 404 адам (2017 жылы – 349 адам).

Сөзсіз, жас ерекшелігі контингенті елдегі кадрлық ресурстарының жағдайында үлкен рөл атқарады. 4.12-кестеден көріп отырғанымыздай, зейнеткерлікке шыққанға дейінгі және зейнеткерлікке шыққандағы мамандардың үлесі 2018 жылы 55 жастан кейінгі төрттен бірі болса, шамамен 40% ғана жастар құраған.

4.12-кесте. Зерттеу жұмыстары мен әзірлемелерде жасы бойынша жұмыс жасайтын қызметкерлердің санын бөлу

Жыл	Барлығы	Соның ішінде жасы											
		25 жасқа дейін		25-34 жас		35-44 жас		45-54 жас		55-64 жас		65 жастан жоғары	
		чел.	%	чел.	%	чел.	%	чел.	%	чел.	%	чел.	%
2014	25793	2912	11,3	6535	25,3	5175	20,1	4734	18,4	4267	16,5	2170	8,4
2015	24735	2636	10,7	6372	25,8	5257	21,3	4546	18,4	3889	15,7	2035	8,2
2016	22985	2211	9,6	5956	25,9	5099	22,2	4233	18,4	3592	15,6	1894	8,2
2017	22081	1909	8,6	5824	26,4	4937	22,4	3871	17,5	3469	15,7	2071	9,4
2018	22378	1672	7,5	6076	27,2	4988	22,3	3927	17,5	3580	16,0	2135	9,5

*ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.*

Жоғары ғылыми біліктілік құрамының қызметкерлері 4360 ғылым кандидаты және 1740 ғылым докторы, олардың ішінде 1820 және 1288 тиісінше 54 жастан асқан.

Сонымен қатар жоғарыда аталған ғалымдарды ауыстыруды жүзеге асыратын PhD докторы мен докторлар санының 55 жасқа жетіп, 942 адамды құрайды. Яғни, ғылыми қызметкерлердің жас ерекшелік құрылымы мен динамикасы бар болғандықтан, жоғары ғылыми біліктілігі бар мамандарды табиғи себептермен зейнеткерлікке шыққан адамдардың орнын ауыстыру болмаған. Ең жоғарғы ғылыми біліктілік құрамының көпшілігі өмірге ұрпақ әкелуге қабілетті жастағы әйел адамдар болып табылады (4.13-кесте).

4.13-кесте. 2018 жылы Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді жүзеге асыратын қызметкерлердің санына бөлу

адам

	Бар-лығы	Оның ішінде					
		25жасқа дейін	25-34 жас	35-44 жас	45-54 жас	55-64 жас	65 жастан жоғары
<b>Жылдың аяғында ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысатын қызметкерлер санының есебі, барлығы</b>	22 378	1672	6076	4988	3927	3580	2135
Оның ішінде зерттеуші мамандар	17 454	992	4924	4004	2961	2761	1812
Оның ішінде әйелдер	9217	502	2582	2379	1744	1399	611
Оның ішінде ғылыми академиялық дәрежесі барлар	11 764	347	3084	2855	2023	1978	1477
докторпо профилю	336	–	х	91	65	104	73
Оның ішінде әйелдер	158	–	х	62	43	31	21
Философия докторы (PhD)	856	–	320	393	73	47	х
Оның ішінде әйелдер	433	–	156	205	37	19	х
Ғылым докторы	1740	–	х	112	327	614	674
Оның ішінде әйелдер	634	–	х	51	169	264	149
Ғылым кандидаты	4360	–	57	1199	1284	1122	698
Оның ішінде әйелдер	2442	–	37	744	815	586	260
магистр	4472	347	2691	1060	274	91	х
Оның ішінде әйелдер	2752	205	1590	703	60	53	х

*ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.*

Оңтайлы сәт ретінде 2018 жылы ғылыми мамандардың саны 249 адамға көбейгенін атап өтуге болады. Сонымен қатар жоғары кәсіби білім беру саласында зерттеулермен және әзірлемелерді жүзеге асыратын қызметкерлер саны 395 адамға, кәсіпкерлік секторы 82 адамға азайды (4.14-кесте).

4.14-кесте. Қызметкерлердің санатары бойынша қызмет ету зерттеу жұмыстарымен айналысуына қарай қызметкерлер санын бөлу

адам

	2014	2015	2016	2017	2018
<b>Барлығы</b>	<b>25 793</b>	<b>24 735</b>	<b>22 985</b>	<b>22 081</b>	<b>22 378</b>
зерттеушілер	18 930	18 454	17 421	17 205	17 454
техниктер	3 882	3 692	3 326	2 797	2 836
басқа	2 981	2 589	2 238	2 079	2 088
<b>Соның ішінде қызмет ету секторы</b>					
<i>Мемлекеттік сектор</i>	<i>7 608</i>	<i>7 157</i>	<i>7 643</i>	<i>7 574</i>	<i>7 998</i>
зерттеушілер	5 366	5 046	5 157	5 294	5 579
техниктер	1 315	1 237	1 494	1 312	1 328
басқа	927	874	992	968	1 091

<i>Жоғары кәсіби білім беру секторы</i>	10 961	10 623	9 791	9 203	8 808
зерттеушілер	8 859	8 763	8 352	8 063	7 571
техниктер	1 137	1 134	869	630	773
басқа	965	726	570	510	464
<i>Кәсіпкерлік сектор</i>	5 786	5 258	4 222	3 934	3 852
зерттеушілер	3 585	3 415	2 895	2 810	2 987
техниктер	1 241	1 045	774	668	523
басқа	960	798	553	456	342
<i>Коммерциялық емес сектор</i>	1 438	1 697	1 329	1 370	1 720
зерттеушілер	1 120	1 230	1 017	1 038	1 317
техниктер	189	276	189	187	212
басқа	129	191	123	145	191

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.

Ғылым саласындағы зерттеушілер санының көбеюі негізінен, жаратылыстану ғылымдары (298 адамға) және әлеуметтік ғылымдары (451 адамға) саласындағы ғалымдар санының өсуімен байланысты болды. Ал ғылымның басқа салаларында айтарлықтай азаю болады, атап айтсақ, инженерлік технологиялық салада 254 адам, гуманитарлық ғылымдар бойынша 136 адам, ауыл шаруашылығы 95 және медицина ғылымы 15 адамға кеміген (4.15-кесте).

4.15-кесте. 2018 жыл бойынша ғылым салаларына зерттеуші мамандардың орналасуы адам

	Барлығы	Ғылым салаларына бойынша					
		жаратылыстану ғылымдары	инженерлік технология	медицина ғылымы	ауыл шаруашылығы ғылымы	әлеуметтік ғылымдар	гуманитарлық ғылымдар
<b>2017 ж.</b>							
<b>Зерттеуші мамандар</b>	17 205	4983	5039	1051	1942	1440	2750
Оның ішінде дәрежесі бар							
докторлар	354	117	77	47	22	38	53
доктор философии PhD	589	224	114	31	38	88	94
Ғылым докторы	1818	577	383	182	196	151	329
Ғылым кандидаты	4541	1221	979	327	587	526	901
магистр	3988	1236	1004	202	412	375	759
<b>2018 ж.</b>							
<b>Зерттеуші мамандар</b>	17 454	5281	4785	1036	1847	1891	2614
Оның ішінде дәрежесі бар							
докторлар	336	141	57	x	x	40	x
доктор философии PhD	856	318	169	x	x	139	x
Ғылым докторы	1740	566	287	172	x	176	x
Ғылым кандидаты	4360	1189	829	289	555	634	864
магистр	4472	1391	1037	219	489	507	829

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.

2018 жылы зерттеуші мамандардың 30 және 27% бен ең көп үлесі тиісінше жаратылыстану ғылымдары мен инженерлік технологиялар саласына тиесі болды. Ал, ең аз мамандар тартылған ғылым саласы 6% көрсеткішпен медицина ғылымы болды.

Ғылыми зерттеу жұмыстарының белсенділігі мен сапасын бағалайтын әлемдегі үздік университеттердің (QS WorldUniversityRankings) халықаралық рейтингінде білім беру мен ғылым саласындағы жетістіктердің критеріі ретінде маманның халақаралықтанған тұлғасы алдыңғы шепке шықты.

4.16-кесте. Зерттеуші мамандардың азаматтығы бойынша орналастыру

	Жыл	Барлығы, адам	Оның ішінде:			ТМД елдері мамандарының жалпы қызметкерлер санындағы үлесі, %	Алыс шетелден келген қызметкерлердің жалпы үлес салмағы, %
			Қазақстан	ТМД аумағы	Алыс шет ел		
Зерттеуші мамандар	2014	18930	18 763	140	27	0,7	0,14
	2015	18 454	18 173	236	45	1,3	0,24
	2016	17 421	17 144	240	37	1,4	0,21
	2017	17 205	16 999	165	41	1,0	0,21
	2018	17 454	17 201	199	54	1,1	0,3
Профил докторы	2014	596	595	1	–	0,2	-
	2015	549	542	2	5	0,4	0,91
	2016	493	479	7	7	1,4	1,42
	2017	354	350	4	–	1,1	1,42
	2018	336	х	х	–	...	...
Философия докторы PhD	2014	330	314	1	15	0,3	4,55
	2015	431	404	8	19	1,9	4,41
	2016	456	432	11	13	2,4	2,85
	2017	589	558	9	22	1,5	2,85
	2018	856	817	7	32	0,8	3,7
Ғылым докторы	2014	2006	1957	46	3	2,3	0,15
	2015	1821	1746	71	4	3,9	0,22
	2016	1828	1759	63	6	3,4	0,33
	2017	1818	1769	38	11	2,1	0,33
	2018	1740	1680	55	5	3,2	0,3
Ғылым кандидаты	2014	5254	5219	32	3	0,6	0,06
	2015	5119	5057	59	3	1,2	0,06
	2016	4726	4664	56	6	1,2	0,13
	2017	4541	4495	42	4	0,9	0,13
	2018	4360	4303	54	3	1,2	0,1
Магистр	2014	3018	3009	4	5	0,1	0,17
	2015	3709	3685	19	5	0,5	0,13
	2016	3773	3757	13	3	0,3	0,08
	2017	3988	3971	13	4	0,3	0,08
	2018	4472	Х	х	12	...	0,3

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.

Республика ғылымындағы қызметкерлер санының мониторингі бойынша 2018 жылдың соңындағы көрсеткіште жалпы саны 253 шетелдің ғылымдар жұмыс жасаған, оның 199-сі ТМД аумағынан келсе, 54 алыс шетелдіктер болған. Жалпы олардың саны бүгінде 47 адамға өскен (4.16-кесте).

ТМД елдерінен негізінен доктор және ғылым кандидаттығы біліктіліктері бар 55 және 54 жұмыс істеп, тиісінше өткен жылмен салыстырғанда олардың саны 17 және 12 артқандығын байқауға болады.

Алыс шетелдерден елімізге негізінен философия докторлары PhD жиі келеді. 2018 жылы Қазақстан ғылымына алыс шетелдерден жалпы саны 54 зерттеуші келсе, оның 32 философия докторы PhD дәрежесі бар қызметкерлер. PhD дәрежесі бар ғалымдар саны жалпы үлес санының 3,7% құрап отыр.

Қазақстан білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндеттерінің бірі біліктілігі жоғары ғылыми кадрларды даярлау, ғалымдар мен мамандардың біліктілігін арттыру болып табылады. Ал бұл міндет өз кезегінде әр түрлі себептермен үлес салмағы азайған ғылыми педагогикалық кадрлардың қатарын толықтырып, оларды қайта даярлаудың маңыздылығын алдыңғы шепке шығарып отыр.

Ғылыми және ғылыми педагогикалық кадрларды даярлау жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура мен докторантурада ғана қамтамасыз етіледі.

2018–2019 оқу жылы магистранттарды даярлайтын білім беру ұйымдарының саны – 113, докторанттарды даярлайтын – 76, ал резидентура тыңдаушыларын даярлайтын – 18 білім беру ұйымдары болды (4.17-кесте).

4.17-кесте. Ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бар білім беру ұйымдарының саны

	2014/2015 оқу жылы	2015/2016 оқу жылы	2016/2017 оқу жылы	2017-2018 оқу жылы	2018- 2019оқу жылы
<b>Даярлық өткізетін ұйымдар саны:</b>					
магистранттар	118	106	105	107	113
докторанттар	54	56	63	70	76
Резидентура тыңдаушылар	...	17	16	17	18

*ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.*

2018-2019 оқу жылы магистранттардың жалпы саны 38594 адамды құрап, өткен жылмен салыстырғанда 4 мың адамға өскен. Олардың арасында мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен 21 756 білім алушы (немесе 56,4%), ал 15 785-сі (41%) ақылы білім алу қызметін пайдаланған. Магистратураны бітірушілер саны 19 233 адамды құраған, оның ішінде 18 879 адам немесе бітірушілердің 98,2% магистрлік диссертацияларын қорғаған (4.18-кесте).

4.18-кесте. Магистранттардың оқуға қабылдануы мен бітіріп шығуы

адам

	2014	2015	2016	2017	2018
Магистранттар саны (жыл соңында), барлығы	32 527	29 882	32 893	34 609	38 594
Қабылданған магистранттар, барлығы	16 941	15 261	19 074	18 829	21 714
Оның ішінде:					
ЖОО белгіленген жылы бітірген	12 410	11 608	15 018	15 169	11 582
Бітіруші магистранттар барлығы	15 880	15 816	16 445	18 268	19 233
Жалпы түлектер ішінен диссертация қорғағандар	14 653	14 869	16 344	18 210	18 789

Кесте ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша құрастырылды.

Магистратура бағдарламасы бойынша білім алушылардың көпшілігі техникалық ғылымдар және технология (28,0%), білім беру (20%), әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (19%), құқық (9%) салалары бойынша білім алған және бұл құрам соңғы 5 жылда өзгеріссіз қалып отыр (4.19-кесте).

2018-2019 оқу жылының басында 5 609 докторант тіркелген, оның 3625 (64,6%) – әйел адамдар. Қабылданғандардың саны 2766 адам болса, 721 – бітіруші, оның 25,7% диссертация қорғаған. Диссертация қорғаушылардың көпшілігі (104 адам) әйел адамдар болған (4.20-кесте).

4.19-кесте. Ғылым салалары бойынша даярланатын магистранттар саны

адам

	2014	2015	2016	2017	2018
Жалпы магистранттар саны, барлығы	32 527*	29882*	32 893*	34 609*	38594*
Оның ішінде жекелеген ғылым салалары бойынша					
Білім беру	5133	4834	5664	6318	7798
Гуманитарлық ғылымдар	2350	2232	2142	2168	2155
құқық	3150	3131	3553	3493	3329
Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес	7985	7357	7696	7182	7261
Жаратылыстану ғылымдары	2122	1939	1890	2060	2469
Техникалық ғылымдар және технология	6450	7189	8693	9679	10 798
Ауылшаруашылығы ғылымдары	846	829	741	857	1110
Қызмет көрсету	879	644	551	575	684
Өнер			423	538	798
Әскери және қауіпсіздік			11	x	181
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)			642	619	705
ветеринария			211	232	253

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері

\*Назарбаев Университетінің студенттерінің мамандық бойынша жіктелуі, жылдық есеп.



4.20-кесте. Докторанттардың жалпы саны мен бітірушілер саны

адам

	2014	2015	2016	2017	2018
Докторанттар саны (жыл соңында)	2063	2288	2710	3603	5609
Оның ішінде:					
профилді докторанттар	101	122	93	113	264
докторанттар (PhD)	1962	2166	2617	3490	5345
Қабылданған докторанттар – барлығы	729	794	1086	1671	2766
Оның ішінде:					
профилді докторанттар	–	32	25	51	96
докторанттар (PhD)	729	762	1061	1620	2670
Бітіруші докторанттар – барлығы	503	533	619	721	721
Барлық түлектерден тек диссертация қорғағандар	125	175	117	249	185

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.

4.21-кесте. 2018 жылы докторанттарды қабылдау мен бітіруін мамандықтар бойынша бөлу\*

адам

	Ағымдағы жылы қабылданған докторанттар	Докторанттар саны, барлығы	Оның ішінде әйелдер	Есепті жылы бітіріп шыққан докторанттар саны, барлығы	Диссертация қорғағандар		Диссертация қорғаған түлектердің саны, %
					барлығы	оның ішінде әйелдер	
Барлығы	2766	5609	3625	721	185	104	25,7
Білім беру	449	792	605	87	7	6	8,0
Гуманитарлық	250	591	373	72	5	3	6,9
Құқық	108	336	167	34	1	1	2,9
Өнер	33	77	48	16	5	3	31,3
Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес	365	863	575	80	27	20	33,8
Жаратылыстану	338	603	400	69	9	3	13,0
Техникалық ғылымдар және технология	777	1 438	869	203	95	46	46,8
Ауыл шаруашылығы	131	231	136	38	1	–	2,6
Қызмет көрсету	27	67	42	12	2	–	16,7
Әскери және қауіпсіздік	10	17	10	1	–	–	0,0
Денсаулық сақтау және әлеуметтік сақтандыру (медицина)	191	377	260	91	26	15	28,6
Ветеринария	47	88	60	12	1	1	8,3

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері

\* Назарбаев Университетнің студенттерінің мамандық бойынша жіктелуі, жылдық есеп.

Өткен оқу жылы аяқталғанша 179 адам оқудан шығарылған. Жалпы білім алушылар арасында 31 докторант белгіленген мерзімнен артық даярлықтан өткен.

Профилді бағыт бойынша докторанттар саны 264 адам болса, философия докторы (PhD) саны 5 345 құраған.

Білім алушылардың ең көп үлесі техникалық ғылымдар және технология – 25,6%, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес – 15,4%, білім беру – 14,1% сияқты мамандықтарға бөлінді (4.21-кесте).

Деректер көрсеткендей, *бірде – бір мамандық бойынша барлық бітіруші түлектер диссертациясын толығымен қорғамаған.*

Орташа республикалық деңгейден асатын қорғаушылардың саны техникалық ғылымдар мен технологиялар бойынша – 46,8%, өнер – 31,3%, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) – 28,6% .

Құқық (заң), ауыл шаруашылығы ғылымдары, ветеринария салалары бойынша бітіріп шыққан докторлардың тек 1 адамнан ғана диссертация қорғаған, ал әскери және қауіпсіздік саласында бірде бір бітіруші диссертациясын қорғамаған.

Резидентура тыңдаушыларының жалпы саны 4 377 адамды құрап, оның 2 831-сі немесе 64,7% – әйел адамдар. Есепті жылы қабылданған резидентура тыңдаушыларының саны 1 978 адам. Ал бітірушілер саны 1300 адам.

Статистикаға сүйенсек, жоғары оқу орындарына бір білім алушыдан біліктілігі жоғары ғылыми педагогикалық кадр даярлап шығару үшін жылына 603 теңге жұмсалады. Егер докторанттар мемлекеттік бюджет есебінен білім алып жатыр деп қарастырсақ, бір докторантты даярлап шығару үшін 1,8 млн. теңге жұмсалады (4.22-кесте).

4.22-кесте. Кадр даярлап шығару шығындары

Көрсеткіштер	2017-2018 оқу жылы			
	Бакалавриат	Магистратура	Докторантура	барлығы
Жоғары ЖОО оқушылар	496 209	34 609	3603	534 421
Жыл сайынғы ЖОО мен ЖОО-дан кейінгі білім беру мекемелерінде оқушыларға жұмсалатын шығын, мың. теңге*	x	X	x	322 201 246
Бір адамға жұмсалатын орташа шығынның орташа көрсеткіші, мың. теңге	x	x	x	603

*ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері*

\*Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметі, 2017/ ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері/ Серия 24/ Әлеуметтік сала].

2018 жылы Республиканың ғылыми мекемелері мен ұйымдарына «ғылыми қызметке кадрлар даярлауға бағытталған жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім алушы» – PhD докторлардың бар болғаны 25-і жұмысқа барып

орналасқан, осыған қарағанда 2018 жылы ғылыми кадрларды даярлауға бөлінген 1 259 млн. теңге қаражаттың тиімсіз жұмсалғаны байқалады.

Республикадаы кадрлық резерв дайындаудан басқа, кадрларды қайта даярлау біліктілігін арттыру жүйесі жұмыс істейді.

Мәслен, 2017 жылы ғылыми зерттеулермен және әзірлемелермен айналысатын ұйымдар жұмыс берушінің есебінен жалпы 2511 адам, оының ішінде 118 адам жоғары оқу орнынан кейінгі білім, ал 1836 адам жоғары білім алды. Осылайша өткен жылмен салыстырғанда жұмыс берушінің есебінен білім алған қызметкерлер саны 13% азайған (4.23-кесте).

4.23-кесте. ҒЗТКЖ-ға жұмыстарын іске асырумен айналысатын ұйымдардың қызметкерлерін оқыту және біліктілігін арттыру

адам

	2013	2014	2015	2016	2017
Жұмыс берушінің есебінен оқытылған қызметкерлер саны (есеп беру жылы үшін) абрлығы, адам	1892	2382	2514	2913	2511
<i>Соның ішінде оқыту деңгейін қоса алғанда:</i>					
техникалық, кәсіби және жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру	258	455	642	538	399
Жоғары білім беру	1522	1733	1653	1940	1836
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру	42	79	213	259	118
Біліктілікті көтеруге бағытталған, барлығы адам	1328	2192	2333	2257	2281
<i>Соның ішінде оқыту деңгейін қоса алғанда:</i>					
техникалық, кәсіби және жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру	117	367	514	373	312
Жоғары білім беру	1128	1558	1617	1526	1770
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру	18	68	194	197	78
Біліктілікті көтеруге бағытталған, барлығы адам	498	157	31	552	111
<i>Соның ішінде оқыту деңгейін қоса алғанда:</i>					
техникалық, кәсіби және жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру	127	66	4	102	36
Жоғары білім беру	344	77	22	254	55
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру	21	9	5	60	–
Біліктілікті көтеруге бағытталған, барлығы адам	66	32	146	95	109
<i>Соның ішінде оқыту деңгейін қоса алғанда:</i>					
техникалық, кәсіби және жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру	14	18	123	63	51
Жоғары білім беру	50	7	11	30	11
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру	–	2	12	2	40

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.

Өткен жылмен салыстырғанда біліктілігін арттыруға жолданған қызметкерлер саны 1,1% артып, 2281 адамды құрады. Жоғарғы білімнен басқа білім берудің барлық деңгейлерінде біліктілігін арттырушы қызметкерлер саны азайғаны байқалды.

Кәсіби даярлықтан барлығы 111 адам өтті. Бұл көрсеткіш 2016 жылмен салыстырғанда 5 есеге төмендеген. Ал бұл өз кезегінде білім берудің барлық деңгейлерінде кәсіптік даярлықтан өткен қызметкерлер санының азаюына алып келді. Ал 2017 жылы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандардың ешбірі кәсіби біліктілік арттырудан өтпеді.

Тиісінше кәсіби біліктілік арттырудан өткен қызметкерлер саны небәрі 14 адамға ғана артты. Сонымен қатар, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кәсіби біліктілік арттырудан өткен мамандар саны 20 бірлікке артса, ал жоғары білімі бар мамандар саны 3 есеге азайған.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 2015 жыл 23 қарашадағы № 414-V ЗРК (ст. 180, п.2) сәйкес Қазақстан аумағында қызмет ететін қызметкерлер мен жұмыс берушілер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптар міндетті болып табылады.

Ғылыми зерттеулер жүргізген кезде еңбек ету саласына байланысты жазатайым жағдайға әкеп соғатын қауіпті жағдайлар орын алуы мүмкін. Жазатайым оқиғаларды тіркеу динамикасы олардың санының арта түскендігін көрсетеді. Бесжылдық кезеңде жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны 2013 жылы 1 адамнан 2017 жылы 8 адамға дейін өскен. Бұл өз кезегенде жұмыс беруші ұйымдарда ҒЗТКЖ қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбейтіндігін көрсетіп отыр (4.24 кесте).

4.24-кесте. Жазатайым жағдайлардан зардап шеккендер саны

	<i>адам</i>				
Зерттеумен және дамуымен айналысатын ұйымдарда еңбек жағдайлары, адамдар (соның ішінде өлімге әкеліп соқтырған) бойынша жазатайым жағдайлардан зардап шеккендердің саны	2013	2014	2015	2016	2017
Жұмыстағы еңбек барысында жазатайым оқиғалардан зардап шегушілердің саны (соның ішінде өлім жағдайына душар еткен), ұйымға адамдар	1	6	7	5	8
Ұйымдарда ҒЗТКЖ-мен айлысып жұмыстағы еңбек жағдаймен байланысы жазатайым оқиға душар болып өлім жағдайына тап болғандардың саны, 1000 адамаға шаққанда	0,042	0,233	0,283	0,218	0,362
<i>АНЫҚТАМА: Ұйымдарда ҒЗТКЖ-мен айлысып жұмыстағы еңбек жағдаймен байланысы жазатайым оқиға душар болып өлім жағдайына тап болғандардың саны, 1000 адамға шаққандағы экономикалық көрсеткіші «Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет»</i>	<i>0,303</i>	<i>0,179</i>	<i>0,169</i>	<i>0,134</i>	<i>0,189</i>

*ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері.*

Сондай-ақ, зардап шеккендердің саны ғана өсіп қойған жоқ, мұндай жағдайлардың 1 000 адамға шаққандағы кездесу жиілігі тағайындалғандан нормадан, яғни көрсеткіштен асып кетіп отыр.

### **Қорытынды:**

2018 жылғы ҒЗТКЖ саласында қызмет атқаратын мамандар санының мардымсыз өсімі жалпы еліміздің ғылыми әлеуетін дамыту тенденцияларына айтарлықтай ықпал ете алмады.

Жалпы динамикалық өсім саны мемлекеттік және коммерциялық емес сектордағы ғылым, яғни ғылыми және кәсіби қауымдастықтар, қайырымдылық қорлары және қоғамдық ұйымдарда байқалды.

Басқа секторларда бұл көсеткіштердің айтарлықтай төмендеуі байқалады.

Еңбек ресурстарының қозғалысын ескере отырып 25-34 жас аралығындағы жастар санының ұлғаюымен 25 жасқа дейінгі топта табиғи толықтырылу жоқ екендігін атап өту керек. Сонымен қатар жасы 55 жастан асқан кадрлар өсімі байқалып, ғылыми қызметкерлер санының қартаюын көрсетеді.

НИОКР еңбекті қорғау белгілі дәрежеде жолға қойылмаған, соның әсерінен жазатайым жағдайлардан зардап шегушілер саны артқан.

Соның әсерінен қызметкерлердің ұтқырлық коэффициентінің төмендеп, кадрлар даярлау санының артуы байқалады.

Сонымен қатар ғылыми қызметкерлердің сапалық құрылымының өзгеруі яғни жас ғылым кандидаттары, жас ғалымдар орнын магистранттар мен философия докторы PhD санатынан толықтыру үрдісі байқалады.

### **Дереккөздері:**

1. Научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы в Республике Казахстан за 2014-2018гг./ Комитет по статистике МНЭ РК/ Серия 15/ Социальная сфера–Нур-Султан.

2. О финансово-хозяйственной деятельности организаций образования Республики Казахстан, 2017/ Комитет по статистике МНЭ РК/ Серия 24/ Социальная сфера–Нур-Султан.

3. Движение рабочей силы и использование календарного фонда времени наемными работниками в Республике Казахстан/Комитет по статистике МНЭ РК/Статистика труда и занятости, Стат. бюлл.(выборка по организациям, выполнявшим НИОКР, № исх: 36-8-22/7703 от: 08.08.2018)–Нур-Султан.

4. О травматизме, связанном с трудовой деятельностью, и профессиональных заболеваний в Республике Казахстан ((выборка по организациям, выполнявшим НИОКР, № исх: 36-8-22/7703 от: 08.08.2018) / Комитет по статистике МНЭ РК/ Серия 13/ Социальная сфера–Нур-Султан.

**5. ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ӘЗІРЛЕМЕЛЕРДІҢ  
ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛУЫН ТАЛДАУ**  
(*мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылады,  
ғылымды қаржыладыруға жеке секторды тарту*)

Статистикаға сәйкес, 2018 жылы ҒЗТКЖ-на ЖІӨ-нен бөлінетін шығындар 0,12% құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда (0,13%) төмен көрсеткіш.

ЖІӨ қатынасына сәйкес 2018 жылы тауар өндірісі мен қызмет көрсету өндірісі сәйкесінше 38,7% және 54,4% құраған (5.1 сурет).


Бұл схемадан көріп отырғанымыздай ІЖӨ негізінен, экономиканың өңдеуші секторы тауарларының өзіндік құнын және қызмет көрсету құнымен қоса ҒЗТКЖ 0,13% көрсеткен кәсіби, ғылыми-техникалық қызметті қоса алғанда ІЖӨ немесе оның ғылыми қарқындылығының үлесін көрсетеді.

Ғылымға бөлінетін инвестицияны көбейтуге мүдделі әлемнің көптеген елдерінде ЖІӨ-нің 3%-дан асатын елдерде технологиялық прогресс тиісінше алдыңғы қатарда. Бүгінгі таңда технологиялық қарқыны жағынан жетекші елдерде ЖІӨ-нің 2,7-4,3% көлемін сақтайды, ал осы елдердің ЖІӨ Қазақстанмен салыстырғанда бірнеше есе жоғары екендігін ескерген жөн (5.1-кесте).

5.1-кесте. ЖІӨ-ге % шаққанда ғылыми-зерттеулерге және тәжірибелік-даму жұмыстарына жұмсалатын ішкі шығындар

Елдер	2013	2014	2015	2016	2017
<b>ЖІӨ/нің ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын жоғарғы шығындар</b>					
Австрия	2,95	3,09	3,05	3,15	3,16
Бельгия	2,33	2,39	2,47	2,56	2,61
Дания	2,97	2,91	3,07	3,17	3,10
Финляндия	3,29	3,17	2,90	2,75	2,76
Германия	2,82	2,87	2,92	2,93	3,04
Израиль	4,08	4,20	4,28	4,42	4,58
Япония	3,31	3,40	3,28	3,14	3,20
Корея Республикасы	4,15	4,29	4,22	4,23	4,55
Швеция	3,31	3,15	3,27	3,25	3,31
Америка Құрама Штаттары	2,72	2,73	2,73	2,77	2,80
<b>ЕАЭО</b>					
Армения	0,22	0,24	0,25	0,23	0,23
Беларусь	0,65	0,51	0,5	0,5	0,59
Қазақстан	0,17	0,17	0,17	0,14	0,13
Қырғызстан	0,15	0,13	0,12	0,12	0,11
Ресей Федерациясы	1,03	1,07	1,1	1,1	1,11

Дереккөзі: ЮНЕСКО статистика институтының мәліметі /<http://data.uis.unesco.org/>



ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметі.

5.1-сурет. 2018 жылға арналған жалпы ішкі өнім құрылымы

Бұдан басқа ЖІӨ білімге жұмсаудың маңыздылығы жоғары. 1% немесе одан аз көрсеткіш елдің ғылыми-технологиялық қауіпсіздігінің шегі болып саналады [1].

ЖІӨ білімінің қарқындылығын арттыру мүмкіндігінің механизмін түсіну үшін жалпы ішкі шығындар құрылымын зерттеу мен дамытуға талдау жүргізе білу қажет.

Әдістемеге сәйкес ғылыми өнім көлемін сипаттайтын көрсеткіш, яғни ЖІӨ-ге кіретін зерттеулер мен әзірлемелер оның өндіріс құнына тең. Бұл шығыстардың құрамдас бөліктері шығындардың мынадай түрлері болып табылады:

- еңбекке төленетін;
- қызметтерді сатып алу;
- негізгі қаржы көзі;
- басқа да ағымдық шығындар (5.2-кесте).

5.2-кесте. Ішкі сектордағы ҒЗТКЖ шығындары

Көрсеткіштер	Кезең	Барлығы	Мемлекеттік сектор	Жоғары кәсіби білім беру секторы	млн. теңге	
					Кәсіпкерлік сектор	Коммерциялық емес сектор
ҒЗТКЖ жұмсалатын ішкі шығындар	2014	66 347,6	21 695,6	14 706,5	24 337,6	5607,9
	2015	69 302,9	20 325,8	13 485,0	27 790,8	7701,3
	2016	66 600,1	18 640,4	11 532,1	28 872,7	7555,0
	2017	68 884,2	20 961,4	13 179,5	28 665,0	6078,2
	2018	72 224,6	22 091,9	11 515,1	30 998,8	7618,8
Оның ішінде						
Еңбек ақы төлеу шығындары	2014	34 968,1	11 739,3	8521,7	12 265,7	2441,4
	2015	35 730,0	11 015,8	7655,9	13 771,9	3286,4
	2016	31 889,9	10 404,8	6263,0	12 204,1	3018,0
	2017	31 564,1	10 691,7	5933,1	11 681,2	3258,1
	2018	34 823,2	11 445,2	5758,6	13 743,3	3876,1
Қызметтерді сатып алу (жеке проектiлер үшiн)	2014	6860,7	2887,1	1169,1	1988,3	816,3
	2015	7328,6	2589,0	1198,8	1949,9	1591,0
	2016	8122,7	2352,1	1468,4	2236,6	2065,6
	2017	8449,1	2962,7	1935,2	2338,1	1213,2
	2018	8916,4	3528,7	2086,5	2727,2	574,1
Негiзгi шығындар (машинаы, құрал-жабдықтар, ғиматар және т.б.)	2014	5396,7	1332,1	830,4	2679,1	555,2
	2015	5524,9	994,0	801,2	3025,9	703,8
	2016	5489,3	951,8	922,6	2440,9	1174,0
	2017	7259,7	1099,4	2175,9	3686,3	298,1
	2018	21,	1285,4	849,5	4722,4	615,4
Басқа да ағымдық шығындар (материалдық шығындар, шикiзат пен жабдықтар, жалға беру және т.б.)	2014	19 122,1	5737,1	4185,3	7404,6	1795,1
	2015	20 719,5	5727,0	3829,2	9043,2	2120,1
	2016	21 098,3	4931,6	2878,1	11 991,2	1297,4
	2017	21 611,2	6207,6	3135,3	10 959,4	1308,8
	2018	21 012,2	5832,6	2820,5	9806,0	2553,2
ҒЗТКЖ iшкi шығындары	2014	7208,0	1166,6	844,3	4755,6	441,5
	2015	17 270,0	574,4	559,5	14 922,6	1213,5
	2016	22 909,7	3235,7	562,8	18 018,8	1092,3
	2017	23848,2	2531,2	762,2	19517,6	1037,1
	2018	27482,2	2059,4	1031,5	22814,0	1577,2

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметі.



ҒЗТКЖ жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбек ақысы жыл сайынғы жалақыдан және барлық байланысты шығындардан немесе жәрдемақылардан тұрады. Әлемнің барлық дерлік елдерінде еңбек шығындары ағымдағы шығындардн көп бөлігін құрайды.

